

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 332 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 қарашада № 33703 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 388-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрі

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрінің
2023 жылғы 27 қарашадағы
№ 332 бұйрығымен
бекітілген

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 10.10.2024 № 243 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 388-бабы 1 тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 21 шілдедегі № 263 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 400 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23867 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығаруды ынталандыру қағидаларына (бұдан әрі – Ынталандыру қағидалары) сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар "Тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында өндіретін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстарының министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 689 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30484 болып тіркелген) сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) қалдықтарына қатысты жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне төлемдерді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы төлемдерді:

1) "Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өзінің банктік шотына өндірушілерден және импорттаушылардан түскен ақшаның есебінен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері

қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне ақшалай төлемдерінің мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1250 қаулысымен (бұдан әрі – Қаулы) бекітілген мөлшерлерге сәйкес және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен ақша қаражатын беру жолымен қаптаманың , автокомпоненттердің, электрондық электр жабдығының, шамдардың қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) осы Қағидаларда және Ынталандыру қағидаларында көзделген тәртіппен жеңілдік сертификатын беру арқылы ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсырғаны үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иелеріне;

3) осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жеңілдік сертификатының номиналына тең мөлшерде ақшалай өтемақы беру арқылы ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсырғаны үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иелеріне жүзеге асырады.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау фотофиксациясы – автомобиль көлігімен тасымалдау кезіндегі Түсіндірмелер, Қағидалар нормаларына сәйкес деректерді (фото) беруді жүзеге асыру процесі;

2) басты база – кәсіпкерлік субъектілерінің мәлімделген қызмет түрін орындауы үшін қажетті негізгі әкімшілік және (немесе) өндірістік ғимарат, орынжай, іргелес аумағы бар корпус. Бұл ретте егер бұл жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау жүйесінің және (немесе) қауіпсіздік техникасының нормаларына сәйкес келсе, бас базаның әкімшілік, өндірістік және басқа да ғимараттары немесе бөлмелері біріктірілуі мүмкін;

3) бекітілген аумақ (жауапты аумақ) – төлем алушы міндетті түрде қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын бір әкімшілік бірлік шегіндегі аумақ (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан);

4) бірыңғай ақпараттық жүйе – көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесі, көлік құралдары мен олардың иелері туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін және көлік құралының сәйкестендіру нөмірін, сондай – ақ көлік құралын тіркеу туралы куәлікті (бұдан әрі – КҚТК) және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (бұдан әрі – МТНБ) міндетті түрде көрсете отырып, осы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйе (бұдан әрі – БАЖ);

5) жеңілдік сертификаты – Қазақстан Республикасында өндірілген Қазақстан Республикасының аумағында экологиялық таза автомобиль көлік құралын (электр қозғалтқыштары бар Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес) немесе ӨЖАШТ сатып алуға жеңілдік алу құқығын көздейтін, ПШКҚ немесе ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсырылғанын растайтын құжат;

6) жинақтылық – ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ конструкциясындағы барлық құрамдас бөліктердің жиынтығы;

7) дайын өнім – қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) қалдықтарды кәдеге жаратуға дайындық нәтижесінде өндірілген, оған әзірленген және стандарттау жөніндегі құжат (ұлттық стандарт, ұйым стандарты) қолданылатын өнім;

8) қайта өңдеу – өнімді, материалдарды немесе заттарды одан әрі өндіруде (дайындауда) пайдалану үшін жарамды болатын пайдалы құрамдастарды, шикізатты және (немесе) материалдарды қалдықтардан алуға бағытталған механикалық, физикалық, химиялық және (немесе) биологиялық процестер;

9) қалдықтарды стационарлық қабылдау пункті – қалдықтарды қабылдау үшін белгіленген және (немесе) жабдықталған объект (құрылысжай, конструкция, орынжай);

10) кәдеге жарату – қалдықтарды қайта өңдеуден басқа өзге мақсаттарда, оның ішінде жылу немесе электр энергиясын алу, отынның әртүрлі түрлерін өндіру үшін қайталама энергетикалық ресурс ретінде, сондай-ақ жердегі немесе жер қойнауындағы қазылған кеңістіктерді (бос орындарды) салу, толтыру (төсеу, толтыру) мақсаттары үшін қайталама материалдық ресурс ретінде немесе пейзаждарды жасау немесе өзгерту кезінде инженерлік мақсаттардағы пайдалану процесі;

11) нөмірлік агрегат – өндіруші сәйкестендіру нөмірін немесе зауыттық тіркеу нөмірін басқан ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ шанағы, шассиі, рамасы;

12) оператордың төлемдерге арналған лимиті – пайдаланудан шыққан көлік құралын және пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы өзінің инвестициялық саясатында тиісті жылына көздеген сома, оның шегінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы тиісті қаржы жылында төлемдерді жүзеге асырады;

13) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы (бұдан әрі – ӨЖАШТ) – жекелеген операцияларды немесе технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру жолымен ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға

арналған, жұмыс көлемі 50 текше сантиметрден асатын іштей жану қозғалтқышының көмегімен өздігінен қозғалысқа түсетін техникалық құрал немесе ең жоғары (жиынтық) қуаты 4 кВт асатын электр қозғалтқыш(тар);

14) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – 1 ақпараттық жүйе) – пайдаланудан шыққан көлік құралын және пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін арналған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесі;

15) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – Оператор) – "Жасыл даму" акционерлік қоғамы;

16) өндіруші – Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 386-бабының 1-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өнім (тауарлар) өндіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға және олардың компоненттері;

17) өтінім – төлем алушының осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының 1 ақпараттық жүйесінде үлгілік шарт жасасуға арналған өтінімі;

18) пайдаланудан шыққан көлік құралын, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – 2 ақпараттық жүйе) – пайдаланудан шыққан көлік құралын, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін арналған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесі;

19) түзуші (қалдықтарды бастапқы түзуші) – қызметті жүзеге асыру процесінде қалдықтар түзілетін жеке немесе заңды тұлға;

20) төлем алушылар – қалдықтарды басқару саласындағы қызметтің бір немесе бірнеше түрін, атап айтқанда Оператормен 1 ақпараттық жүйесі арқылы үлгілік шарт жасасқан жинау, сұрыптауды, өңдеуді, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері;

21) толық цикл – автокомпоненттердің, электрондық және электр жабдығының, металл қаптаманың қалдықтарын жинауды, сұрыптауды, өңдеуді, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын "бір тұлғадағы" төлем алушының қызметі;

22) пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы (бұдан әрі – ПШӨЖАШТ) – бұрын Қазақстан Республикасының аумағында тіркеу есебінде тұрған, бірақ кейіннен кәдеге жарату мақсаттары үшін тіркеу есебінен алынған, пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы;

23) пайдаланудан шыққан көлік құралы (бұдан әрі – ПШКҚ) – бұрын Қазақстан Республикасының аумағында тіркеу есебінде тұрған, бірақ кейіннен кәдеге жарату мақсаттары үшін тіркеу есебінен алынған, пайдаланудан шыққан көлік құралы;

24) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім – кейіннен қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату және жеңілдік сертификатын беру үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімі;

25) ПШКҚ сәйкестендіру нөмірі – көлік құралын бірыңғай ақпараттық жүйеде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, көлік құралын өндіруші берген, дәйекті әріптік-цифрлық нышандар түрінде көрсетілген көлік құралының жеке сериялық нөмірі ;

26) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуші – Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыруға қойылатын талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлға;

27) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге дайындау – қалпына келтіруді (соққылап июді, кесуді, құрылымдық элементтердің жергілікті бұзылуын және т. б.) болдырмайтын бөлшектеу (деформация) кезеңдерін қамтитын машинаны кейіннен қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау процесі, пайдаланылған машиналық майын ағызу, дөңгелектерді бөлшектеу, аккумуляторлық батареяны бөлшектеу, дөңгелектерді шиналар мен доңғалақ дискілеріне бөлшектеу, тоқыма бөлшектері мен поролонды бөлшектеу, автомобиль әйнегін алу, қайта өңдеушінің технологиялық процесіне сәйкес басқа кезеңдер;

28) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пункті – қайта өңдеушіге меншік құқығында немесе мүліктік жалдау (жалға алу) құқығында тиесілі, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес

келетін, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинауға және қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға дайындауға арналған өндірістік база;

29) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі - өз қалауы бойынша өзіне тиесілі ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ иелену, пайдалану және оған билік ету құқығына ие жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

30) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiнiң қызметкері –қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсырылатын ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдауды, тексеруді және қайта өңдеуге дайындауды жүзеге асыруға уәкілетті қайта өңдеуші болып табылатын заңды тұлғаның қызметкері;

31) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушы – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен және шарттарда ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ орналасқан жерінен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiне дейiн тасымалдауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

32) тасымалдаушы – қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын автомобиль көлік құралының жүргізушісі;

33) ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

5. Қағидалардың күші мынадай қалдықтар мен ұйымдарға қолданылмайды:

1) "Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 қарашадағы № 448 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25100 болып тіркелген) бекітілген кәдеге жарату төлемін есептеу коэффициенті орнатылмаған немесе "0" (нөлге) тең өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарына;

2) Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын өндірушілер (импорттаушылар);

3) Кодекстің 367-бабының талаптарына және "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарға.

6. Қалдықтарды жинауды, сұрыптауды, өңдеуді және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінің қалдықтарды оператормен қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге

асыратын кәсіпкерлік субъектілерімен өзара іс-қимыл процесі, сондай-ақ өзара осы Қағидалар мен осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторының 1 ақпараттық жүйесінде жұмыс істеу үшін түсіндірмелер (бұдан әрі – Түсіндірмелер) нормаларына сәйкес оператордың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйелерде және қоса беріліп отырған құжаттамада толтырылатын мәліметтердің дұрыстығы мен өзектілігіне кәсіпкерлік субъектісі және (немесе) төлем алушы және (немесе) өтініш беруші кепілдік береді.

2-тарау. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыру

1-параграф. Қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін қойылатын жалпы талаптар

7. Қаптамалардың (шыны, қағаз және картон, полимер және аралас материалдардан жасалған қаптаманың) қалдықтарын жинауды, сұрыптауды, өңдеуді, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі 1 ақпараттық жүйесінде осы Қағидаларға бекітілген 3 немесе 5-қосымшада көзделген бір ғана үлгілік шартқа сәйкес келетін қызмет түрін таңдайды.

Автокомпоненттердің, электрондық және электр жабдығының және металл қаптаманың қалдықтарын (толық цикл) жинауды, сұрыптауды, өңдеуді, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі 1 ақпараттық жүйесінде осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген үлгі шартқа сәйкес келетін қызмет түрін таңдайды

8. Осы Қағидаларда көзделген төлемдер Кодекстің 388-бабы 1 тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу болып табылмайды және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайтадан пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қалдықтарды басқару инфрақұрылымын дамыту мақсатында төленеді

9. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі төлемдерді алу үшін тиісті үлгілік шарт жасалған күннен бастап Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізеді.

10. Тиісті қызметті растау және төлемдерді алу үшін төлем алушылар "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрық) "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) қолданыстағы Кодексі және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес дайын өнімді, пайдалы компоненттерді, шикізатты және (немесе) өнімді, материалдарды немесе заттарды олардың мақсатына, алынған өнімге қарамастан одан әрі өндіруде (дайындауда) пайдалануға жарамды өзге де материалдарды қабылдауды, беруді, өлшеуді, тасымалдауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, одан әрі пайдалануға жарамсыз қалдықтарды жоюды және өткізуді растайтын құжаттарды ресімдейді.

Бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі төлемдерді алушылар төлемдерді алу және басқа да қызметтер шеңберінде жиналатын, қайта өңделетін және кәдеге жаратылатын қалдықтардың бөлек есебін жүргізеді.

2-параграф. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлем тәртібі

11. Қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері төлем алушы мәртебесін алу үшін:

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болуға және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы;

2) банкроттық, қаржы-шаруашылық қызметті тарату және (немесе) тоқтата тұру рәсіміне жатпауы;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттар мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізілімінде болуы;

4) кемінде 1 (бір) бірліктің болуы қажет:

Қазақстан Республикасының Экология кодексіне, "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген), және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес арнайы жабдықталған қалдықтарды уақытша жинау орындары (алаң, қойма, сақтау орны, база); тұрғын және (немесе) қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және (немесе) қала маңындағы және (немесе) рекреациялық аймақтарда және (немесе) инженерлік және көлік инфрақұрылымдары аймақтарында орналасқан қалдықтарды жинау орындары (стационарлық қабылдау пункті);

жүктерді тасымалдауға арналған автомобиль көлігі;

Қазақстан Республикасының "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" заңына сәйкес берілген қолданыстағы салыстырып тексеру туралы сертификаты бар таразы жабдығы.

12. Қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі пайдаланбайды:

1) қалдықтарды жинау және уақытша жинау орындары (алаң, сақтау орны, қойма, контейнер, фандомат), техниканы, жабдықты, қойма және өндірістік ғимараттарды, базаларды және меншік құқығында және (немесе) басқа да заңды құқықта тиесілі басқа да объектілерді:

Кодекстің 367-бабы және "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) шеңберінде қызметін жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарға;

Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын кәсіпкерлік субъектілеріне.

2) осы Қағидалардың 19, 63, 96-тармақтарына сәйкес құжаттары 1 ақпараттық жүйесінде расталған кәсіпкерлік субъектілері мәлімдеген таразы, қойма және өндірістік үй-жайларды, базаларды және басқа да өндірістік объектілерді қоспағанда, қалдықтарды жинау (стационарлық қабылдау пункті, фандомат) және уақытша жинау орындары (алаң, сақтау орны, қойма, контейнер), техника, жабдық;

3) тексеру туралы сертификаттың қолданылу мерзімі өткен таразы жабдығы.

13. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері 1 ақпараттық жүйеде тіркелу кезінде осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтінімді, кәсіпкерлік субъектісінің паспортын және сауалнаманы (қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын) мынадай құжаттарды (көшірмелерді) қоса бере отырып толтырады:

1) мемлекеттік тіркеу туралы:

заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдың (өкілдіктің) туралы анықтама;

жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама талоны;

2) Кодекстің 337-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізу туралы мәліметтер;

3) Қазақстан Республикасының Экология кодексіне, "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген), және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес келетін көрсетілген объектілерге меншік құқығы және (немесе) өзге де заңды құқығы туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндірістік объектілердің мекенжайын, координаттарын және фотосуретін (сыртынан және ішінен) көрсете отырып, уақытша қоймалау орындарының (алаң, сақтау орны, қойма, база), стационарлық қабылдау пункттерінің тізімі, сондай-ақ басқа объектілерге (контейнерлерге және басқаларға) (бар болса), олар орналасқан жерлерде стационарлық қабылдау пункттерін және (немесе) контейнерлерді орнатуға рұқсатты растайтын құжатпен қоса беріледі;

4) жүктерді тасымалдау үшін автомобиль көлігіне, сондай-ақ өзге де техника мен жабдыққа (гидравликалық пресс, сұрыптау желілері және басқалар) (бар болса) меншік құқығы және (немесе) өзге де заңды құқығы туралы растайтын құжаттар;

5) "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген қолданыстағы салыстырып тексеру туралы сертификаты бар таразы жабдығына меншік құқығы және (немесе) өзге де заңды пайдалану туралы растайтын құжаттарды;

б) жеке және (немесе) заңды тұлғалармен қалдықтарды әкетуге арналған шарттар (бар болса).

14. Оператор құжаттар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының болуын;

2) осы Қағидаларға сәйкес өтінімді дұрыс толтырылуын;

3) ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларға сәйкестігі;

4) өтінімде көрсетілген мәліметтердің қоса берілген құжаттардағы мәліметтерге сәйкестігін;

5) қоса берілген құжаттардың оқылуын қарастырады.

15. Операторға өтінімнің келіп түскен күні кәсіпкерлік субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңба арқылы өтінімнің 1 ақпараттық жүйесінде қол қойған күні болып табылады.

16. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) олар оқылмаған жағдайда оператор өтінім келіп түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған және (немесе) оқылмайтын құжаттарды көрсете отырып, өтінімді қабылдамайды.

17. Оператордың 1 ақпараттық жүйеде өтінімді қабылдамауы үшін:

1) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес келмеуі;

2) шығудың нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі айқындаған 1-ақпараттық жүйедегі өтінімдегі және (немесе) құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) кәсіпкерлік субъектісінің оператордың уәкілетті өкілінің бару нәтижелері бойынша есепке қол қоюдан бас тартуы;

4) 1 ақпараттық жүйеде кәсіпкерлік субъектісінің қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі өндірістік объектісіне рұқсатта оператордың уәкілетті өкілінің растамасының болмауы;

5) кәсіпкерлік субъектісінің өндірістік объектісіне оператордың уәкілетті өкілін өндірістік объектіге келгеннен кейін өндірістік объектіге жіберуде растаудың болмауы;

6) осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде қосылу туралы өтінішті дұрыс толтырмау және (немесе) оған қол қоймау;

7) осы Қағидалардың 19, 63, 96-тармақтарына сәйкес құжаттары 1 ақпараттық жүйесінде расталған кәсіпкерлік субъектілері мәлімдеген таразы, қойма және өндірістік ғимараттар, базалар және басқа да өндірістік объектілерді қоспағанда ақпараттық жүйеде 1 уақытша сақтау орындарының (алаң, қойма, қойма, база), қалдықтарды жинау орындарының (стационарлық қабылдау пункті), жабдықтардың тізімін ұсыну негіз болып табылады.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамау анықталған ескертулер жойылған жағдайда кәсіпкерлік субъектісінің өтінімді қайта беруіне кедергі болмайды.

Осы Қағидалардың 17-тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оператор өтінімді қабылдамаған кезде, өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей қайта береді, қайта өтінімді қарау мерзімі қайтадан есептеледі.

19. Оператор ұсынылған құжаттардың сәйкестігін мақұлдаған жағдайда, оператор 1 ақпараттық жүйесінде орналастырылған мәліметтерге, құжаттарға және осы Қағидаларда белгіленген басқа да нормаларға кәсіпкерлік субъектісі қызметінің сәйкестігін немесе сәйкестігін анықтау мақсатында қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі өндірістік объектілерге бара отырып, кәсіпкерлік субъектісіне бару күні туралы 1 ақпараттық жүйесінде хабарлайды.

Оператордың уәкілетті өкілінің кәсіпкерлік субъектісіне қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі өндірістік объектілерге баруы осы Қағидалардың 11, 12 және 13-тармақтарында белгіленген нормаларға сәйкестігін растаған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

20. Оператордан келу кезеңін көрсете отырып, шығуды жүзеге асыру туралы хабарлама келіп түскен кезде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік субъектісі оператордан хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау бойынша өндірістік объектілерге жіберуді растайды. 1 ақпараттық жүйесінде оператордан хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде операторды өндірістік объектіге жіберуде кәсіпкерлік субъектісінен растау болмаған жағдайда, оператор өтінімді 1 ақпараттық жүйесінде қабылдамайды.

21. Кәсіпкерлік субъектісі оператордың уәкілетті өкілін өндірістік объектіге келген кезде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі өндірістік объектіге жіберуден бас тартқан және ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер өтінімге, шығу нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі белгілеген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде қабылдамайды.

22. Оператордың уәкілетті өкілінің шығу нәтижелері бойынша өндірістік объектіге шығу жүзеге асырылған күні Түсіндірмелерге 7-қосымшада көзделген белгіленген нысанға сәйкес оператордың уәкілетті өкілі және қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау бойынша кәсіпкерлік субъектісі қол қоятын есеп жасалады. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік субъектілері есепке қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оператормен 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамайды.

23. Ұсынылған құжаттар қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі өндірістік объектіге барған кезде белгіленген мәлімделген қызмет түріне сәйкес келген

кезде оператор қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі өндірістік объектіге барған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кәсіпкерлік субъектісінің өтінімін 1 ақпараттық жүйесіндегі мақұлдайды.

24. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға 1 ақпараттық жүйесінде мақұлданғаннан кейін сәйкес белгіленген нысан бойынша кәсіпкерлік субъектісі толтыратын және қол қоятын қосылу туралы өтінішті электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастыру күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қосылу туралы өтініш қалыптастырылады. Қосылу туралы өтініш белгіленген мерзімде дұрыс толтырылмаған және қол қойылмаған жағдайда, өтінім қабылданбайды.

25. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша үлгілік шарт кәсіпкерлік субъектісі қол қойған өтінішті оператор 1 ақпараттық жүйесінде келіскеннен кейін жасалған болып есептеледі. Оператордың өтінішті қарау 1 (бір) жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Үлгілік шарт жасалғаннан кейін кәсіпкерлік субъектісі қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы мәртебесіне ие болады. Үлгілік шарттың қолданылу кезеңінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы төлемдерді алу шеңберінде барлық іс-қимылдарды тек қана осы Қағидалар мен Түсіндірмелерге 1 ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

26. Ақпараттық жүйеде қалдықтарды жинау туралы мәліметтерді көрсетуді әрбір операция үшін Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы қорлардың кіріс ордерін ресімдей отырып, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі операция жасалған кезден бастап 1 (бір) күн ішінде жүзеге асырады және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған:

1) 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзушілерден;

2) үлгілік шарт, оның ішінде сауалнамалық деректерге енгізілетін өзгерістер жасасуға өтінім беру кезінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушының сауалнамалық деректерінде көрсетілген жинау орындарынан (стационарлық қабылдау пункттері және (немесе) контейнерлер) қалдық түзушілерден.

27. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдер Кодекстің 367-бабына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде белгіленген қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарынан, қоқыс сұрыптау кешендерінен (объектілерінен) және орындардан немесе контейнерлерден алушыға төленбейді.

28. 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзушілерден қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның әкімшілік шекаралары шегінде болған және қалдық түзушілердің қалдықтарды беруге арналған өтінімі бойынша қалдық түзуші мынадай нормаларды сақтаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) жинақталған қалдықтарды қаптама қалдықтарының әрбір түрі (шыны, қағаз және картон, полимер, аралас материалдардан) бойынша бөлек тазартуды және сұрыптауды жүзеге асыру;

2) қалдықтарды беруге өтінім беру үшін қаптама қалдықтарының ең аз массасы:

жеке тұлғалар үшін - қаптама қалдықтарының әрбір түрі үшін кемінде 10 (он) килограмм;

заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін – қаптама қалдықтарының әрбір түрі үшін кемінде 30 (отыз) килограмм;

3) қаптама қалдықтары таза және құрғақ, құрамында сұйықтық, тамақ қалдықтары, мата, фольга, мультифорлар жоқ, сондай-ақ парафинделмеген, битумдалмаған, майланбаған, гуммирленбеген, металдандырылмаған, химиялық заттармен сіңдірілмеген, зығырланбаған, сынбаған және күйдірілмеген;

4) тіршілік әрекетінің нәтижесінде немесе оның коммерциялық және (немесе) шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында (дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде) түзілген және Кодекстің 348-бабына сәйкес қалдықтарды басқару жөніндегі қызметті және (немесе) қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарында жүзеге асыратын бөгде кәсіпкерлік субъектілерінен кез келген негіздер бойынша сатып алынбаған қалдықтар.

29. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлем алушы қалдық түзушіні өзі таңдайды. Қалдық түзушінің қалдықтары осы Қағидалардың 28-тармағының нормаларына сәйкес келмеген жағдайда, жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы қалдықтарды әкетуден бас тартады, ал қалдық түзуші жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушының талабы бойынша қалдық түзушіге баруды жүзеге асыру кезіндегі қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушыға көлік шығындарын өтейді. Қалдықтарды беру мәселелері бойынша жинағаны, сұрыптағаны және тасымалдағаны үшін қалдық түзуші мен төлем алушы арасындағы өзара қарым-қатынасты, тиеу, түсіру, қабаттарға көтеру және түсіру шарттарын, өлшеу тәртібі мен төлем шарттарын, сондай-ақ көлік шығындарын өтеу тәртібін қалдық түзушімен және қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушымен дербес реттеледі.

30. Қалдық түзуші - жеке тұлға қалдықтарды беру кезінде қысқа мәтіндік хабарлама (бұдан әрі – SMS) арқылы берілетін 1 ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасында кодтарды енгізу арқылы құжаттарға қол қояды, қалдық түзуші - заңды тұлға немесе қалдықтарды беру кезінде жеке кәсіпкер, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

31. Қалдықтарды жинау орындарынан (стационарлық қабылдау пункттерінен және (немесе) контейнерлерден) жинауды қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) Түсіндірмелерге 1-қосымшаға сәйкес 1 ақпараттық жүйесінде көлік парағы жазылады;

2) жиналған қалдықтар тексерілген таразы жабдығында өлшенеді;

3) өлшеу нәтижелері бойынша 1 ақпараттық жүйесінде Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес қорлардың кіріс ордері толтырылады;

4) қорлардың кіріс ордері электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылады.

32. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлем алушы қалдықтарды жинау, сұрыптау шамасына қарай қалдықтарды қайта пайдалануға дайындауға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға өткізу үшін, кейіннен Түсіндірмелерге 2-қосымшаға сәйкес қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық үшін төлем алушымен қалдықтарды жеткізу шартын жасасу үшін 1 ақпараттық жүйеде 1 (бір) тонна қалдықтың бағасын көрсете отырып, жиналған және сұрыпталған қалдықтарды сату туралы хабарландыруды орналастырады. Хабарландырудың қолданылу мерзімі 1 ақпараттық жүйесінде орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн.

Егер көрсетілген мерзім өткеннен кейін қалдықтар өткізілмесе, хабарландыру 1 ақпараттық жүйесінің мұрағатына көшіріледі. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушыда олар болған кезде ғана қалдықтарға арналған хабарландырулар орналастырылады.

Қажет болған жағдайда хабарландырулар қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық үшін төлем алушымен Түсіндірмелерге 2-қосымшаға сәйкес қалдықтарды жеткізу шарты жасалғанға дейін кері қайтарылады және түзетіледі.

33. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушылар көрсетілген бағамен қалдықтарды сатып алуға келісе отырып, хабарландыруға пікір қалдырады не өз бағасын ұсынады, сондай-ақ қалдықтарды жеткізу мекенжайын көрсетеді.

34. Баға келісілгеннен кейін 1 ақпараттық жүйесінде Түсіндірмелерге 2-қосымшаға сәйкес қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау үшін төлемдерді алушы мен қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы арасында электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы тараптардың қол қоюы арқылы қалдықтарды жеткізу шарты жасалады.

35. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушымен Түсіндірмелерге 2-қосымшаға сәйкес қалдықтарды жеткізу шартына қол қойылғаннан

кейін қалдықтарды жинау және уақытша жинақтау орындарынан қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) қайта пайдалануға дайындау жөніндегі өндірістік объектілерге Түсіндірмелерге сәйкес тасымалданады.

36. Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі өндірістік объектілерге тасымалдауды Қазақстан Республикасы Экология кодексі, "Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген) және осы Қағидалардың нормаларына сәйкес қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау үшін төлемдерді алушы дербес ұйымдастырады.

Қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау үшін төлем алушы, тасымалдаушыны 1 ақпараттық жүйесінде тіркелгендердің ішінен таңдайды.

37. Тасымалдаушы 1 ақпараттық жүйесіне тіркелу үшін мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

1) "С" және (немесе) "СЕ" санатындағы және (немесе) "С1" кіші санатындағы және (немесе) "С1Е" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығын растайтын жүргізуші куәлігі;

2) жүк көлік құралын тіркеу туралы куәлік;

3) Кодекстің 337-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізу туралы мәліметтер;

4) жүргізушінің қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне хабарламаны қабылдау туралы талон алған кәсіпкерлік субъектісімен еңбек немесе азаматтық-құқықтық қатынастарын растайтын құжат;

5) жүргізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды растайтын қолданыстағы құжаттар.

38. Оператор тасымалдаушының құжаттары келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидалардың 37-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының болуын;

2) осы Қағидаларға сәйкес өтінімді дұрыс толтыру;

3) ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларға сәйкестігі;

4) өтінімде көрсетілген мәліметтердің қоса берілген құжаттардағы мәліметтерге сәйкестігі;

5) қоса берілген құжаттардың оқылымдылығы.

39. Тасымалдаушы операторының тіркеуден бас тартуы үшін осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес келмейтін құжаттар негіз болып табылады.

40. Тасымалдаушыға қалдықтарды беру кезінде тасымалдаушы 1 ақпараттық жүйесіндегі құжаттарға SMS арқылы берілетін кодтарды енгізу арқылы қол қояды.

41. Қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау үшін төлемдерді алушы және тасымалдаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоятын Түсініктемелердің 4-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша қалдықтарды өлшеу, тиеу және беру актісінің (актілерінің) 1 ақпараттық жүйесінде міндетті алдын ала өлшеп және ресімдей отырып тасымалданады.

42. Тасымалдаушы қалдықтарды тасымалдау кезінде 1 ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасын пайдаланады, Түсініктемелерге сәйкес бақылау фотофиксациясын жүргізеді, сондай-ақ спутниктік навигациялық жүйелердің деректері бойынша қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын автомобиль көлігінің қозғалысын қадағалайды.

43. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы Түсініктемелерге 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ақпараттық жүйеде 1 қалдықтарды өлшеу, түсіру және қабылдау актісін ресімдей отырып қабылдайды, оған қайта пайдалануға дайындық, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) қалдықтарды кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

44. Осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген рәсімдер жүргізілгеннен кейін қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау үшін төлемдерді алушы мен қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы арасында Түсініктемелердің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша 1 ақпараттық жүйесінде қабылдау-беру актісі ресімделеді және тараптар электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

45. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы оператордан төлемдерді алу үшін әр ай өткеннен кейін 1 (бір) рет, келесі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін 1 ақпараттық жүйеде осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес, белгіленген нысан бойынша қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдерді алушыларға, өткізілген қалдықтарға электрондық шот-фактураларды қоса бере отырып қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептерді қалыптастырады. Бұл ретте, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептерде көрсетілген қалдықтардың массасы осы Қағидалардың 44-тармағына сәйкес 1-ақпараттық жүйеде қол қойылатын қабылдау-беру актілерінен көрсетілетін қалдықтардың массасынан қалыптастырылады.

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін есепті кезеңде қалдықтарды жинау , сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті оператор қабылдауға және қарауға жатпайды.

46. Оператор қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы әрбір есепті, алушы 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерге қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 78-86-тармақтарына сәйкес, оператормен қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы әрбір есепті растауы және олар бойынша төлемдер, оператор есепті кезеңде қалдықтар өткізілген төлем алушының қалдықтарын қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарағаннан және растағаннан кейін жүзеге асырылады.

47. 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператор есепте көрсетілген қалдықтардың жалпы массасынан жиналған, тасымалданған және қайта өңдеуге берілген қалдықтардың массасын алып тастайды және оны мынадай жағдайларда бір рет пысықтауға:

1) қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлем алушыға дейін қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі бөлігінде Қағидаларда көзделген нормалар орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған кезде;

2) осы Қағидалардың 53-тармағына сәйкес нормаларға сәйкес келмеген кезеңде жиналған қалдықтар туралы мәліметтер көрсетілген кезде;

3) қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындалғаны үшін алушыға өткізілген қалдықтарға электрондық шот-фактуралар болмаған кезде жібереді.

48. Қағидаларда және Түсініктемелерге көзделген нормаларды сақтай отырып жиналған, тасымалданған және қайта өңдеуге берілген қалдықтардың көлемі расталуға жатады.

49. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы 1 ақпараттық жүйесінде оператор жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және пысықтауға тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті оператор алып тастаған қалдықтар массасын ескере отырып, жаңа есепті қалыптастырады, бұл ретте, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қалыптастыру, қол қою, қарау қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызмет осы Қағидалардың 47 және 48-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте есеп осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес қаралады.

50. Оператор қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті келесі жағдайларда растаудан бас тартады (қабылдамайды):

1) осы Қағидалардың 47-тармағында көзделген нормаларды қоспағанда, осы Қағидалар мен Түсініктемелердің нормаларын орындамау және (немесе) тиісінше орындамау;

2) оператор қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және тасымалдауға арналған төлемдерді алушы қалдықтарды өткізген қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы төлемдерді алушының есебін растамаған жағдайларда.

51. Оператор 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті растаған жағдайда оператор қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті растаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлемдер жүргізеді.

52. Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы оператор мен төлемдерді алушы арасында жасалған үлгілік шарттың қолданылу мерзімі ішінде осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келуі қажет.

53. Оператор осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген нормаларға сәйкессіздікті анықтаған жағдайда, оператор сәйкессіздік анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушының сәйкессіздігін 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде жою қажеттігі туралы хабарлайды. Егер 3 (үш) ай өткеннен кейін төлем алушы нормаларға сәйкестігін растамаса, оператор үлгілік шартты біржақты тәртіппен бұзады.

Бұл ретте, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңдегі жиналған қалдықтардың массасы 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепте көрсетілген қалдықтардың массасына енгізілмейді.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген нормаларға сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін, 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы осы Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкестігі туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мәліметтерді өзгертуге өтінім береді.

Мәліметтерді өзгертуге арналған өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде растайды немесе қабылдамайды.

54. Паспортта немесе сауалнамада көрсетілген мәліметтерде өзгерістер туындаған кезде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, олар пайда болған күннен бастап 3 (үш)

жұмыс күнінен кешіктірмей мәліметтерді өзгертуге 1 ақпараттық жүйесінде өтінім береді. Бұл ретте алдыңғы мәліметтер мұрағат ретінде сақталады және олар өзекті болған кезеңге қолданылады.

Егер туындаған өзгерістер төлем алушының осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген нормаларға сәйкес келмеуіне әкеп соқтырса, оператор осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асырады.

Егер оператор төлемдер алушымен осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген нормаларға сәйкес келмеген кезеңде жүзеге асырылғанын анықтаған жағдайда, оператор осындай төлем сомаларын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушыдан талап етеді.

Оператордың бұрын төленген сомаларды талап етуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) оператор қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушының осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген нормаларға сәйкессіздігі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде 1 ақпараттық жүйесінде орналастырады, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта, сондай-ақ мессенджерлер (интернет арқылы тіркелген пайдаланушылар арасында мәтіндік хабарларды, файлдарды және медианы жедел алмасуға арналған бағдарлама) арқылы қайтарылуға жататын соманы көрсете отырып, ақша қаражатын талап ету туралы хабарлама жібереді;

2) қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлем алушы операторға қажетті соманы күнтізбелік 10 (он) күнге дейінгі мерзімде төлейді.

3-параграф. Қалдықтарды қайтадан пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау үшін төленетін төлемдердің тәртібі

55. Қалдықтарды қайтадан пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуды дайындауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері төлем алушы мәртебесін алу үшін:

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болуға және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы;

2) банкроттық, қаржы-шаруашылық қызметті тарату және (немесе) тоқтата тұру рәсіміне жатпауы;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізілімінде болуға және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясының болуы;

4) меншік құқығында және (немесе) өзге де заңды құқығында, мәлімделген қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға даярлауды жүзеге асыруға арналған және мүмкіндік беретін қажетті жабдығы (техникасы) бар өндірістік объектінің болуы;

5) меншік құқығында және (немесе) өзге де заңды құқығында, Қазақстан Республикасының "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" заңына сәйкес берілген қолданыстағы салыстырып тексеру туралы сертификаты бар таразы жабдықтың, сондай-ақ оларды орналастыру үшін өндірістік ғимараттың және (немесе) аумақтың болуы;

6) қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі барлық процестер көрсетілген қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметке кәсіпкерлік субъектісінің бірінші басшысы (уәкілетті адам) немесе уәкілетті органы бекіткен технологиялық регламенттің болуы;

7) дайын өнімді "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарында көзделген стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес өндіру.

56. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері:

1) меншік құқығында және (немесе) басқа да заңды құқықта тиесілі техника, жабдық, қойма және өндірістік ғимараттар, аумақтар, базалар және басқа да өндірістік объектілер:

Кодекстің 367-бабының талаптарына және "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарға;

Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) тексеру туралы сертификаттың мерзімі өткен таразылық жабдық;

3) 1 ақпараттық жүйесінде осы Қағидалардың 24, 63, 96-тармақтарына сәйкес құжаттары расталған кәсіпкерлік субъектілері мәлімдеген таразы, қойма және өндірістік ғимараттарды, аумақтарды, базаларды және басқа да өндірістік объектілерді қоспағанда, техника, жабдық пайдаланбайды.

57. Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтінімді, кәсіпкерлік субъектісінің паспортын және сауалнаманы (қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын) мынадай құжаттарды (көшірмелерді) қоса бере отырып толтырады:

1) мемлекеттік тіркеу туралы:

заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдың (өкілдіктің) туралы анықтама;

жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама талоны;

2) Кодекстің 336 және 337-баптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізілімінде болуы және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясының болуы туралы мәліметтер;

3) меншік құқығы және (немесе) оған өзге де заңды құқығы туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға арналған жабдықтардың тізімі (негізгі құралдардың түгендеу тізімдемесі, өндірістік объектінің сыртқы және ішкі фотосуреті);

4) "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген қолданыстағы салыстырып тексеру туралы сертификаты бар таразы жабдығына меншік құқығы және (немесе) өзге де заңды пайдалану туралы растайтын құжаттар;

5) қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі барлық процестер көрсетілетін қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметке кәсіпкерлік субъектісінің бірінші басшысы (уәкілетті адам) немесе уәкілетті органы бекіткен технологиялық регламент, төмендегідей қосымшамен бірге:

қалдықтарды қайта пайдалану, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызмет жүзеге асырылатын өндірістік объектіні пайдалануға беру туралы құжаттар;

жобалық құжаттамаларымен бірге қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияның және (немесе) уәкілетті органнан белгіленетін қызметтің әсер ету скринингінің нәтижелері туралы қорытындының әсер етуіне қолданыстағы экологиялық рұқсат және (немесе) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация;

6) қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде өндірілетін өнімнің талаптары мен сипаттамаларын белгілейтін стандарттау жөніндегі құжат (ұлттық стандарт, ұйым стандарты).

58. Оператор құжаттар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидалардың 57-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының болуын;

2) осы Қағидаларға сәйкес өтінімді дұрыс толтырылуын;

3) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың нормаларына сәйкестігі;

4) өтінімде көрсетілген мәліметтердің қоса берілген құжаттардағы мәліметтерге сәйкестігін;

5) қоса берілген құжаттардың оқылуын қарастырады.

59. Операторға өтінімнің келіп түскен күн кәсіпкерлік субъектісінің 1 ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы өтінімге қол қойған күні болып табылады.

60. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) олар оқылмаған жағдайда оператор өтінім келіп түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған және (немесе) оқылмайтын құжаттарды көрсете отырып, өтінімді қабылдамайды.

61. Оператордың 1 ақпараттық жүйеде өтінімді қабылдамауы үшін:

1) осы Қағидалардың 58-тармағына сәйкес келмеуі;

2) шығудың нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі айқындаған 1 ақпараттық жүйедегі өтінімдегі және (немесе) құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі, оның ішінде мәлімделген қызмет түріне өтінімнің және (немесе) құжаттардың сәйкес келмеуі;

3) кәсіпкерлік субъектісінің оператордың уәкілетті өкілінің бару нәтижелері бойынша есепке қол қоюдан бас тартуы;

4) 1 ақпараттық жүйеде кәсіпкерлік субъектісінің қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға даярлау жөніндегі өндірістік объектісіне рұқсатта оператордың уәкілетті өкілінің растамасының болмауы;

5) кәсіпкерлік субъектісінің өндірістік объектісіне оператордың уәкілетті өкілін өндірістік объектіге келгеннен кейін өндірістік объектіге жіберуде растаудың болмауы;

6) осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде қосылу туралы өтінішті дұрыс толтырмау және (немесе) оған қол қоймау;

7) осы Қағидалардың нормаларына сәйкестік ретінде осы Қағидалардың 24, 63 96-тармақтарына сәйкес құжаттары расталған қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау бойынша

кәсіпкерлік субъектісі мәлімдеген таразы, қойма және өндірістік үй-жайларды, аумақтарды, базаларды және басқа да өндірістік объектілерді қоспағанда 1 ақпараттық жүйесінде техника мен жабдық туралы мәліметтерді ұсыну негіз болып табылады.

62. Осы Қағидалардың 61-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамау анықталған ескертулер жойылған жағдайда кәсіпкерлік субъектісінің өтінімді қайта беруіне кедергі болмайды.

Осы Қағидалардың 61-тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оператор өтінімді қабылдамаған кезде, өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей қайта береді, қайта өтінімді қарау мерзімі қайтадан есептеледі.

63. Оператор ұсынылған құжаттардың сәйкестігін мақұлдаған жағдайда, оператор 1 ақпараттық жүйеде кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне белгіленген мәліметтерге, құжаттарға және басқа да нормаларға сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтау мақсатында қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі өндірістік объектілерге бара отырып, 1 ақпараттық жүйесінде орналастырылған осы Қағидаларға сай кәсіпкерлік субъектісіне баратын күні туралы хабарлайды.

64. Оператордың уәкілетті өкілдерінің қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі өндірістік объектілерге барып, кәсіпкерлік субъектісіне шығуы осы Қағидалардың 55, 56 және 57-тармақтарына сәйкестігі расталған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

65. Оператордан шығуды жүзеге асыру туралы хабарлама келіп түскен кезде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі кәсіпкерлік субъектісі оператордан хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде өндірістік объектілерге қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) қалдықтарды кәдеге жарату бойынша өндірістік объектілерге жіберуді растайды. 1 ақпараттық жүйесінде оператордан хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде операторды өндірістік объектіге жіберуде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі кәсіпкерлік субъектісінен растау болмаған жағдайда, оператор 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамайды.

66. Кәсіпкерлік субъектісі өндірістік объектіге қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) қалдықтарды кәдеге жаратуға дайындау бойынша өндірістік объектіге оператордың уәкілетті өкілін жіберуден бас тартқан немесе ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер өтінімге, шығу нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі белгілеген мәліметтерге сәйкес келмесе, оператор 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамайды.

67. Оператордың уәкілетті өкілінің шығу нәтижелері бойынша өндірістік объектіге шығу жүзеге асырылған күні Түсініктемелерге 7-қосымшада көзделген белгіленген нысанға сәйкес оператордың уәкілетті өкілі және кәсіпкерлік субъектісі қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау бойынша қол қоятын есеп жасалады. Кәсіпкерлік субъектілері қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау бойынша есепке қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оператор 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамайды.

68. Өндірістік объектіге барған кезде ұсынылған құжаттар мәлімделген қызмет түріне сәйкес келген кезде оператор қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі соңғы өндірістік объектіге барған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кәсіпкерлік субъектісінің 1 ақпараттық жүйесіндегі өтінімін мақұлдайды.

69. 1 ақпараттық жүйеде мақұлданғаннан кейін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы кәсіпкерлік субъектісі толтыратын және қол қоятын, қосылу туралы өтініш қалыптастырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қосылу туралы өтініш қалыптастырылады. Қосылу туралы өтініш белгіленген мерзімде дұрыс толтырылмаған және қол қойылмаған жағдайда, өтінім қабылданбауға жатады.

70. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша үлгілік шарт кәсіпкерлік субъектісі қол қойған өтінішті оператор 1 ақпараттық жүйесінде келіскеннен кейін жасалған болып есептеледі. Оператордың өтінішті қарауы 1 (бір) жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады.

71. Үлгілік шарт жасалғаннан кейін кәсіпкерлік субъектісі қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдерді алушы мәртебесіне ие болады. Үлгілік шарттың қолданылу кезеңінде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындалғаны үшін төлем алушы осы Қағидалар мен Түсініктемелерге сәйкес төлемдерді алу шеңберінде барлық іс-әрекеттерді тек қана 1 ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

72. Қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және тасымалдауға арналған төлемдерді алушыдан сатып алу үшін қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды көрсетілген баға бойынша сатып алуға келісе отырып, хабарландыруға пікір қалдырады не қалдықтарды жеткізу мекенжайын көрсете отырып, өз бағасын ұсынады.

73. Баға келісілгеннен кейін, ақпараттық жүйеде 1. қалдықтарды жинауға, сұрыптауға, тасымалдауға арналған төлемдерді алушы мен қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындалғаны үшін

төлемдерді алушы арасында Түсініктемелерге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы Тараптардың қол қоюы арқылы 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды жеткізу шарты жасалады.

74. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушыға қалдықтарды тасымалдауды қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы қамтамасыз етеді.

75. Қалдықтарды электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылатын Түсініктемелерге 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қалдықтарды өлшеу, түсіру және қабылдау актісі 1 ақпараттық жүйесінде ресімделе отырып, Түсініктемелерге сәйкес қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлем алушы қабылдайды.

76. Осы Қағидалардың 75-тармағында көрсетілген рәсімдер жүргізілгеннен кейін қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау үшін төлемдерді алушы мен қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы арасында Түсініктемелердің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша 1 ақпараттық жүйесінде қабылдау-беру актісі ресімделеді және тараптар электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

77. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы есептен шығарылған қалдықтар туралы деректерді қайта пайдалануға дайындауға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға және дайын өнім мен ілеспе қалдықтардың 1 ақпараттық жүйесінде шығуы туралы деректерді мынадай тәртіппен толтырады:

1) қалдықтарды қайта пайдалануға дайындауға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға арналған қалдықтарды кіріске алу, есептен шығару жөніндегі операция жасалған кезден бастап бір күн ішінде қайта пайдалануға дайындауға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға есептен шығарылған қалдықтар мен қосымша компоненттер туралы Бастапқы құжаттарды бекіту туралы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қорларды есептен шығару актісін (егер технологиялық процесс қосымша компоненттерді пайдалануды көздеген жағдайда) 1 ақпараттық жүйеде ресімдейді;

2) қалдықтарды қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық нәтижесінде алынған дайын өнім, пайдалы компоненттер және ілеспе қалдықтар шыққан кезден бастап бір күн ішінде Бастапқы есепке алу нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша 1 ақпараттық жүйесінде қорлардың кіріс ордерін ресімдейді.

78. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы әрбір ай өткен

соң келесі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша және келесі құжаттарды ұсына отырып қалыптастырады:

1) қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы мен оның арасындағы электрондық шот-фактуралар;

2) электрондық шот-фактуралар бойынша:

сатылған дайын өнім;

өнімді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдалануға жарамды өткізілген пайдалы компоненттер, шикізат және (немесе) материалдар, олардың мақсатына, алынған өнімге қарамастан материалдар немесе заттар;

қайта пайдалануға одан әрі даярлау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату төлем алушының технологиялық регламентінде көзделмеген пайдалануға немесе өткізуге жарамсыз қалдықтарды жою.

3) дайын өнімнің осы Қағидалардың 57-тармағының б) тармақшасына сәйкес ұсынылған стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкестігін растайтын құжаттар (сынақ хаттамасы, сапа паспорты немесе "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарымен белгіленген ұқсас құжат);

4) қалдықтар, оның ішінде ілеспе дайын өнімдер және пайдалы компоненттер бөлігіндегі материалдық ведомость.

Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы Есеп сатылған дайын өнімнің массасына беріледі, бұл ретте шыны қаптаманың қалдықтарын қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы Есеп сатылған дайын өнімді шығару кезінде пайдаланылған қалдықтарды қайта өңдеуге есептен шығарылғандардың массасына беріледі.

Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату нәтижесінде алынған дайын өнім 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде, жинау, сұрыптау және тасымалдау және қайта пайдалануға дайындау, қалдықтарды өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлем алушылар арасында өткізілуге тиіс.

Қағидалардың осы тармағында көзделген өткізу мерзімдерін бұза отырып өткізілген дайын өнімнің массасы үшін Оператор төлемдерді жүзеге асырмайды. Бұл ретте, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушыға қоспағанда,

өткізілген өнімнің бұл массасы оператормен төлемдер жүзеге асырылмай, қалдықтарды қайта өңдеуге, пайдалануға, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепке енгізілуі тиіс.

79. Дайын өнімді өндіру үшін қалдықтарды (полимерлі, қағаз және картон қаптамаларын) қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператор төлеуге тиісті соманы есептеуді мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) шығындардың нақты деңгейін мынадай формула бойынша айқындау:

$$X = 100 - \left(\frac{m_a - K}{m_b} \right) \times 100$$

мұнда,

X

– дайын өнімді өндіру кезіндегі шығындардың пайызы;

m_a

– дайын өнімнің массасы, тоннада;

K – дайын өнімнің массасына әсер ететін қосылған компоненттер (егер компоненттер қосылмаса, көрсеткіш 0 (нөл));

m_b

- қайта өңдеуге есептен шығарылған қалдықтардың массасы, тоннада.

2) шығындардың нақты деңгейін шығындардың нормативтік деңгейімен мынадай формула бойынша салыстыру:

$$N \geq X;$$

мұнда,

N-шығын деңгейінің нормативтік көрсеткіші.

3) Егер шығындардың нақты деңгейі шығындардың нормативтік деңгейінен төмен немесе оған тең болған жағдайда, мынадай формула бойынша төлемдерді есептеу жүргізіледі:

$$B = m_c * C$$

мұнда,

B – төлемдер мөлшері;

m_c

– қайта өңдеуге есептен шығарылған қалдықтардың массасы, тоннада;

C – қаптама қалдықтарын қайта өңдеу үшін төлемдердің мөлшері.

Осы Қағидалардың 81-тармағында көзделген нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда Оператор төлемдер жүргізбейді.

80. Дайын өнімді өндіру үшін қалдықтарды (шыны қаптаманы) қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператор төлеуге берілетін соманы есептеуді мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) дайын өнімді өндіру кезінде қосылатын қалдықтар массасының пайызы:

$$y = \left(\frac{m_b}{m_a} \right) * 100$$

мұнда,

y – дайын өнімді өндіру кезінде қосылатын қалдықтар массасының пайызы;

m_a

– дайын өнімнің массасы, тоннада;

m_b

– қайта өңдеуге есептен шығарылған қалдықтардың массасы, тоннада.

2) дайын өнімді өндіру кезінде қосылатын қалдықтар массасының нақты деңгейін мынадай формула бойынша нормативтік көрсеткішпен салыстыру:

$$N \leq Y$$

мұнда,

N – дайын өнімді өндіру кезінде қосылатын қалдықтар массасының нормативтік көрсеткіші.

3) Егер нақты көрсеткіш шығындардың нормативтік деңгейінен жоғары немесе оған тең болған жағдайда, мынадай формула бойынша төлемдерді есептеу жүргізіледі:

$$B = m_b * C$$

мұнда,

B – төлемдердің мөлшері;

m_b

– сатылған дайын өнімді шығару кезінде пайдаланылған тонна қайта өңдеуге есептен шығарылған қалдықтардың массасы;

С – қаптама қалдықтарын қайта өңдеу үшін төлемдердің мөлшері.

Осы Қағидалардың 81-тармағында көзделген нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда оператор төлемдер жүргізбейді.

81. Бұл ретте нормативтік көрсеткіштер:

қағаз және (немесе) картон қаптамасының қалдықтарынан жұмыртқаға арналған қағаз түйнек қаптамасын өндіру кезінде - 23 (жиырма үш) %;

қағаз және (немесе) картон қаптамасының қалдықтарынан қағаз және картон өндіру кезінде - 3 (үш) %;

полимерлі қаптама қалдықтарынан Флекс өндіру - 23 (жиырма үш) %;

полимерлі қаптама қалдықтарынан түйіршіктер өндіру кезінде - 30 (отыз) %;

шыны қаптаманың қалдықтарынан шыны өнімдерін өндіру кезінде - 35 (отыз бес) % есептеледі.

82. Оператор қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті алушы 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерге қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп есепті кезеңде 1 (бір) рет беріледі.

1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператор оны мынадай жағдайларда пысықтауға жібереді:

1) оператор қалдықтардың массасын осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептен алып тастау. Қалдықтардың мұндай массасы қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептен алып тастауға жатады;

2) осы Қағидалардың 85-тармағына сәйкес нормаларға сәйкес емес кезеңде кіріске алынған, есептен шығарылған және қайта өңделген қалдықтар туралы мәліметтер көрсетілген кезде;

3) осы Қағидалардың 78-тармағында көзделген құжаттар болмаған кезде.

Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы оператор 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті

жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оператор алып тастаған қалдықтар массасын ескере отырып, жаңа есеп қалыптастырады.

83. Оператор келесі жағдайларда қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті растамайды (қабылдамайды):

1) қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өңдеу үшін төлемдерді алушыдан қалдықтарды қабылдауға (сатып алуға) арналған электрондық шот-фактуралардағы және қалдықтарды беру актілеріндегі деректердің сәйкессіздігі;

2) қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған дайын өнімді және ілеспе қалдықтарды қайта өңдеуге, кіріске алуға және өткізуге арналған қосымша компоненттерді (егер технологиялық процесс қосымша компоненттерді пайдалануды көздейтін болса) есептен шығару туралы растайтын құжаттардың болмауы;

3) осы Қағидалардың 78-81 тармақтарында көзделген нормалардың орындалмауы және немесе тиісінше орындалмауы;

4) осы Қағидалардың, жасалған шарттың талаптары орындалмаған және немесе тиісінше орындалмағанда.

Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп расталған жағдайда оператор осы есеп расталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлемдер жүргізеді.

84. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы қалдықтарын қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау үшін оператор мен төлем алушы арасында жасалған барлық қолданылу мерзімі ішінде осы Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға және үлгі шартқа сәйкес болу қажет.

85. Оператор осы Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға сәйкессіздікті анықтаған жағдайда, оператор сәйкессіздік анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдерді алушының сәйкессіздігін жою қажеттігі туралы хабарлайды. Егер 3 (үш) ай өткеннен кейін төлем алушы нормаларға сәйкестігін растамаса, оператор үлгілік шартты біржақты тәртіппен бұзады.

Бұл ретте, 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау үшін төлемдерді алушы осы Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңдегі қайта өңделген және (немесе) кәдеге жаратылған қалдықтардың массасы 1

ақпараттық жүйеде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепте көрсетілген қалдықтар массасына енгізілмейді.

Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушымен осы Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін, 1 ақпараттық жүйеде осы Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкестігі туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мәліметтерді өзгертуге өтінім беріледі.

Мәліметтерді өзгертуге өтінім оператормен 1 ақпараттық жүйесінде 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде растайды немесе қабылдамайды.

86. Паспортта немесе сауалнамада көрсетілген мәліметтерде өзгерістер туындаған кезде қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, олар пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей мәліметтерді өзгертуге 1 ақпараттық жүйесінде өтінім береді. Бұл ретте алдыңғы мәліметтер мұрағат ретінде сақталады және олар өзекті болған кезеңге қолданылады.

Егер туындаған өзгерістер төлем алушының осы Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеуіне әкеп соқтырса, оператор осы Қағидалардың 85 тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асырады.

Егер оператор алушыға қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдерді төлеу алушы осы Қағидалардың 55 тармағында белгіленген нормаларға сәйкес келмеген кезеңде жүзеге асырылғанын анықтаған жағдайда, оператор осындай төлем сомаларын талап етеді.

87. Оператордың бұрын төленген сомаларды талап етуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) оператор қалдықтарды қайтадан пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуды дайындау үшін төлемдерді алушының осы Қағидалардың 55-тармағында белгіленген нормаларға сәйкессіздігі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде 1 ақпараттық жүйесінде орналастырады, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта, сондай-ақ мессенджерлер (интернет арқылы тіркелген пайдаланушылар арасында мәтіндік хабарларды, файлдарды және медианы жедел алмасуға арналған бағдарлама) арқылы қайтарылуға жататын соманы көрсете отырып, ақша қаражатын талап ету туралы хабарлама жібереді;

2) қалдықтарды қайтадан пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуды дайындау үшін төлем алушы операторға қажетті соманы күнтізбелік 10 (он) күнге дейінгі мерзімде төлейді.

4-параграф. Қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, қайтадан пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдердің толық цикл бойынша тәртібі

88. Толық цикл бойынша қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері төлем алушы мәртебесін алу үшін:

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болуға және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы;

2) банкроттық, қаржы-шаруашылық қызметті тарату және (немесе) тоқтата тұру рәсіміне жатпауы;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттар мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізілімінде болуы және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясының болуы;

4) кемінде 1 (бір) бірліктің болуы:

Қазақстан Республикасының Экология кодексіне, "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген), және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес арнайы жабдықталған қалдықтарды уақытша жинау орындары (алаң, қойма, сақтау орны, база);

жүктерді тасымалдауға арналған автомобиль көлігі;

Қазақстан Республикасының "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" заңына сәйкес берілген қолданыстағы салыстырып тексеру туралы сертификаты бар таразы жабдығы;

5) меншік құқығында және (немесе) өзге де заңды құқықта қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі жабдық, техника және оларды орналастыруға арналған өндірістік ғимараттардың болуы;

6) қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі қызметке кәсіпкерлік субъектісінің бірінші басшысы (уәкілетті адам) немесе уәкілетті орган бекіткен технологиялық регламенттің болуы, онда қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге,

залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі барлық процестер көрсетіледі;

7) дайын өнімді "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарында көзделген стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес өндіру.

89. Қызметін толық цикл бойынша жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері пайдаланбайды:

1) меншік құқығына және (немесе) басқа заңды құқыққа тиесілі қалдықтарды жинау және уақытша жинау орындары (алаң, қойма, сақтау қоймасы, контейнер және өзге де сақтау объектілері), техника, жабдық, қойма және өндірістік ғимараттар, базалар және басқа да объектілер:

Кодекстің 367-бабын және "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) шеңберінде қызметін жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарға;

Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) тексеру туралы сертификаттың қолданылу мерзімі өткен таразы жабдығы;

3) осы Қағидалардың 19, 63, 96-тармақтарына сәйкес құжаттары 1 ақпараттық жүйесінде расталған кәсіпкерлік субъектілері мәлімдеген таразы, қойма және өндірістік ғимараттар, базалар және басқа да өндірістік объектілерді қоспағанда қалдықтарды жинау (стационарлық қабылдау пункті) және уақытша жинау орындары (алаң, қойма, сақтау орны, контейнер және өзге де сақтау объектілері), техника, жабдық.

90. Қызметті толық цикл бойынша жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері өтінімді 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтінімді, кәсіпкерлік субъектісінің паспортын және сауалнаманы (қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын) мынадай құжаттарды (көшірмелерді) қоса бере отырып толтырады:

1) мемлекеттік тіркеу туралы:

заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдың (өкілдіктің) туралы анықтама;

жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама талоны;

2) Кодекстің 336 және 337-баптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізілімінде болуы және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясының болуы туралы мәліметтер;

3) Қазақстан Республикасының Экология кодексіне, "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген), және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) нормаларына сәйкес келетін өндірістік объектілердің мекенжайын, координаттарын және фотосуретін (сыртынан және ішінен) көрсете отырып, көрсетілген объектілерге меншік құқығы және (немесе) басқа да заңды құқығы туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уақытша сақтау орындарының (алаң, қойма, қойма, база), қалдықтарды жинау орындарының (стационарлық қабылдау пункті) тізімі ;

4) меншік құқығы және (немесе) оған өзге де заңды құқығы туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге , залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға арналған жабдықтардың тізімі (негізгі құралдардың түгендеу тізімдемесі, өндірістік объектінің сыртқы және ішкі фотосуреті);

5) Қазақстан Республикасының "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" заңына сәйкес салыстырып тексеру туралы сертификатты қоса бере отырып, таразы жабдығына меншік құқығы және (немесе) өзге де заңды пайдалану туралы растайтын құжаттарды;

6) жеке және (немесе) заңды тұлғалармен қалдықтарды әкетуге арналған шарттар (бар болса);

7) онда қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі барлық процестер көрсетілетін қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметке, кәсіпкерлік субъектісінің бірінші басшысы (уәкілетті адам) немесе уәкілетті органы бекіткен технологиялық регламент, төмендегідей қосымшамен бірге:

қалдықтарды қайта пайдалану, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызмет жүзеге асырылатын өндірістік объектіні пайдалануға беру туралы құжаттар;

әсер етуге қолданыстағы экологиялық рұқсат және (немесе) қоршаған ортаға әсері туралы декларациялар және (немесе) жобалау құжаттамасын қоса бере отырып, уәкілетті органнан белгіленетін қызметтің әсерлерін скрининг нәтижелері туралы қорытындылар;

8) қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде өндірілетін өнімнің сипаттамалары мен нормаларын белгілейтін стандарттау құжат (ұлттық стандарт, ұйым стандарты).

91. Оператор құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидалардың 90-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының болуын;

2) осы Қағидаларға сәйкес өтінімді дұрыс толтыруын;

3) өтінімде көрсетілген мәліметтердің қоса берілген құжаттардағы мәліметтерге сәйкестігін;

4) қоса берілген құжаттардың оқылуын қарастырады.

92. Кәсіпкерлік субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңба арқылы өтінімнің 1 ақпараттық жүйесінде қол қойған күні операторға өтінімнің келіп түскен күні болып табылады.

93. Құжаттардың толық емес және (немесе) оқылмайтын топтамасы ұсынылған жағдайда, оператор өтінім келіп түскеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған және (немесе) оқылмайтын құжаттардың тізімін көрсете отырып, өтінімді қабылдамайды.

94. Операторының өтінімнен бас тартуына:

1) осы Қағидалардың 91-тармағына сәйкес келмеуі;

2) шығудың нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі айқындаған 1 ақпараттық жүйедегі өтінімдегі және (немесе) құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі, оның ішінде мәлімделген қызмет түріне өтінімнің және (немесе) құжаттардың сәйкес келмеуі;

3) кәсіпкерлік субъектісінің оператордың уәкілетті өкілінің бару нәтижелері бойынша есепке қол қоюдан бас тартуы;

4) кәсіпкерлік субъектісінің қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі және қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі өндірістік объектіге жіберілуіне 1 ақпараттық жүйесінде оператордың уәкілетті өкілінің растамасының болмауы;

5) кәсіпкерлік субъектісінің өндірістік объектіге жіберілуінде оператордың уәкілетті өкілі, оператордың уәкілетті өкілі өндірістік объектіге келгеннен кейін оператордың уәкілетті өкілі растамасының болмауы;

6) осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде қосылу туралы өтінішті дұрыс толтырмау және (немесе) оған қол қоймау;

7) осы Қағидалардың нормаларына сәйкестік ретінде осы Қағидалардың 24, 63 96-тармақтарына сәйкес құжаттары расталған жүйесінде уақытша қоймалау орындарының (алаң, қойма, сақтау қоймасы, база), қалдықтарды жинау орындарының (стационарлық қабылдау пункті) тізімін, кәсіпкерлік субъектісінің техникасы, жабдықтары, қоймалық және өндірістік ғимараттары, аумақтары, базалары және басқа да өндірістік объектілері

туралы мәліметтерді жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, дайындау бойынша кәсіпкерлік субъектісі мәлімдеген таразы, қойма және өндірістік үй-жайларды, аумақтарды, базаларды және басқа да өндірістік объектілерді қоспағанда 1 ақпараттық жүйесінде техника мен жабдық туралы мәліметтерді ұсыну негіз болып табылады.

95. Осы Қағидалардың 92 тармағында көзделген негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамау анықталған ескертулер жойылған жағдайда кәсіпкерлік субъектісінің өтінімді қайта беруіне кедергі болмайды.

Осы Қағидалардың 94 тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оператор өтінімді қабылдамаған кезде, өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді қабылдамаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей қайта береді, қайта өтінімді қарау мерзімі қайтадан есептеледі.

96. Оператор ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың нормаларына сәйкестігін мақұлдаған жағдайда, оператор 1 ақпараттық жүйесінде орналастырылған мәліметтер мен құжаттарға және осы Қағидаларда белгіленген басқа да нормаларға кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сәйкестігін немесе сәйкессіздігін анықтау мақсатында толық цикл бойынша өндірістік объектілерге барып, кәсіпкерлік субъектісіне баратын күні туралы 1 ақпараттық жүйесінде хабардар етеді.

97. Оператордың уәкілетті өкілінің кәсіпкерлік субъектісіне өндірістік объектілерге толық цикл бойынша барып шығуы оператор осы Қағидалардың 88, 89 және 90 тармақтарында белгіленген нормаларға сәйкестігін растаған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

98. Оператордан шығуды жүзеге асыру туралы хабарлама келіп түскен кезде кәсіпкерлік субъектісі толық цикл бойынша оператордан хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде өндірістік объектілерге толық цикл бойынша жіберілгенін растайды. 1 ақпараттық жүйесінде оператордан хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде операторды өндірістік объектіге жіберуде толық цикл бойынша кәсіпкерлік субъектісінен растау болмаған жағдайда, өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде қабылдамайды.

99. Кәсіпкерлік субъектісі, оператордың уәкілетті өкілі өндірістік объектіге толық цикл бойынша жіберуден бас тартқан немесе ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер өтінімге, шығу нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі белгілеген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде қабылдамайды.

100. Оператордың уәкілетті өкілінің шығу нәтижелері бойынша өндірістік объектіге шығу жүзеге асырылған күні Түсініктемелерге 7 қосымшада көзделген белгіленген нысанға сәйкес оператордың уәкілетті өкілі және кәсіпкерлік субъектісі толық цикл бойынша қол қоятын есеп жасалады. Кәсіпкерлік субъектілері есепке толық цикл бойынша қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оператор өтінімді 1 ақпараттық жүйесінде қабылдамайды.

101. Ұсынылған құжаттар толық цикл бойынша өндірістік объектіге барған кезде белгіленген мәлімделген қызмет түріне сәйкес келген кезде оператор толық цикл бойынша соңғы өндірістік объектіге барған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кәсіпкерлік субъектісінің өтінімін 1 ақпараттық жүйесінде мақұлдайды.

102. Кәсіпкерлік субъектісі 1 ақпараттық жүйесінде мақұлданғаннан кейін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша электрондық цифрлық қолтаңба арқылы толтыратын және қол қоятын қосылу туралы өтінішті қалыптастыру күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қосылу туралы өтініш қалыптастырылады. Қосылу туралы өтініш белгіленген мерзімде дұрыс толтырылмаған және қол қойылмаған жағдайда, өтінім қабылданбайды.

103. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша үлгілік шарт кәсіпкерлік субъектісі қол қойған өтінішті оператор 1 ақпараттық жүйеде келіскеннен кейін жасалған болып есептеледі. Оператор өтініштерді 1 (бір) жұмыс күні мерзімінде қарайды.

104. Үлгілік шарт жасалғаннан кейін кәсіпкерлік субъектісі қалдықтарды толық цикл бойынша жинау, сұрыптау, тасымалдау, өңдеу, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы мәртебесіне ие болады. Үлгілік шарттың қолданылу кезеңінде толық цикл бойынша төлем алушы осы Қағидалар мен Түсіндірмелер нормаларына сәйкес тек қана 1 ақпараттық жүйесі арқылы төлемдерді алу шеңберінде қызметпен және құжаттамамен байланысты барлық іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

105. 1 ақпараттық жүйеде қалдықтарды жинау туралы мәліметтерді көрсету электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған, әрбір операция үшін бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес төлемдерді алушы қорлардың кіріс ордерін ресімдей отырып, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі операция жасалған кезден бастап бір күн ішінде толық цикл бойынша жүзеге асырады:

1) 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзеушілерден.

1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзеушілерден жинау кезінде толық цикл бойынша төлем алушы 1 ақпараттық жүйесінің мобильдік қосымшасында автомобиль көлігін және тасымалдаушыны мынадай құжаттарды ұсына отырып тіркейді:

"С" және (немесе) "СЕ" санатындағы және (немесе) "С1" кіші санатындағы және (немесе) "С1Е" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығын растайтын жүргізуші куәлігі;

жүк көлік құралын тіркеу туралы куәлік;

Кодекстің 337-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізу туралы мәліметтер;

жүргізушінің қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне хабарламаны қабылдау туралы талон алған кәсіпкерлік субъектісімен еңбек немесе азаматтық-құқықтық қатынастарын растайтын құжат;

жүргізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды растайтын қолданыстағы құжаттар;

2) үлгілік шарт жасасуға өтінім беру кезінде толық цикл бойынша төлем алушының сауалнамалық деректерінде, оның ішінде сауалнамалық деректерге енгізілетін өзгерістер көрсетілген жинау орындарынан (стационарлық қабылдау пункттері және (немесе) шамдар үшін контейнерлер) қалдық түзушілерден.

Бұл ретте, жинау орындары (стационарлық қабылдау пункттері және (немесе) лампаларға арналған контейнерлер) елді мекендердің аумағында орналастырылады және қалдық түзеуші – жеке тұлғаларға қызмет көрсетуге арналған.

106. Егер қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі стационарлық қабылдау пункті мен өндірістік объектінің орналасқан жері сәйкес келген жағдайда, өндірістік объект бейнебақылау жүйесімен, оның ішінде келесі орындарды (нүктелерді) видеотүсіруді жүзеге асыратын саны кемінде 5 (бес) бірлік бейнекамералармен жабдықталады (операторға бейнебақылауға тұрақты қашықтықтан қол жеткізуді ұсына отырып):

1) қабылдау пункті – қалдықтарды қабылдаудың, сұрыптаудың және өлшеудің барлық процестері (кезеңдері) міндетті түрде бейнекамераларды шолуға түсе отырып, кемінде 2 (екі) бейнекамера;

2) қалдықтарды сақтау жүзеге асырылатын аумақтар және (немесе) үй – жайлар - кемінде 1 (бір) бейнекамера;

3) қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жүзеге асырылатын ғимараттар және (немесе) аумақтар – барлық процестердің бейнекамераларын шолуға міндетті түрде түсе отырып, кемінде 2 (екі) бейнекамера.

Видеоақпаратты сақтау мерзімі кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн.

Қалдықтарды стационарлық қабылдау пункті арқылы қабылдаған кезде Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес, 1 ақпараттық жүйесінде қорлардың кіріс ордері ресімделеді және толық цикл бойынша төлем алушы қол қояды.

107. 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзеушілерден қалдықтарды жинау, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның әкімшілік шекаралары шегінде болған және қалдық түзеуші мынадай нормаларды сақтаған жағдайда, қалдық түзеушілердің қалдықтарды беруге арналған өтінімі бойынша жүзеге асырылады:

қалдықтарды беруге өтінім беру үшін қалдықтардың ең аз массасы:

жеке тұлғалар үшін – қалдықтардың әрбір түрі үшін кемінде 10 (он) килограмм;
заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін – қалдықтардың әрбір түрі үшін кемінде 100 (жүз) килограмм.

108. 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзеушілерден қалдықтарды жинау 1 ақпараттық жүйеде Түсініктемелерге 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қалдықтарды беруге қалдық түзеушілердің өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Толық цикл бойынша, қалдықтарды беру мәселелері бойынша қалдық түзеуші мен төлем алушы арасындағы өзара қарым-қатынасты, тиеу, түсіру, қабаттарға көтеру және түсіру шарттарын, өлшеу тәртібі мен төлем шарттарын, сондай-ақ көлік шығындарын өтеу тәртібін қалдық түзеуші мен толық цикл бойынша төлемдерді алушы дербес реттейді.

109. Қалдық түзеуші – қалдықтарды беру кезінде жеке тұлға, қысқа мәтіндік хабарлама (бұдан әрі – SMS) арқылы берілетін 1 ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасында кодтарды енгізу арқылы құжаттарға қол қояды, қалдық түзеуші заңды тұлға немесе қалдықтарды беру кезінде жеке кәсіпкер, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

110. 1 ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдық түзеушілерден және (немесе) жинау орындарынан өндірістік объектіге дейін қалдықтарды тасымалдаушы толық цикл бойынша тасымалдаған кезде 1 ақпараттық жүйенің мобильдік қосымшасы пайдаланылады, сондай-ақ осы Қағидалардың нормаларына сәйкес спутниктік навигациялық жүйелердің деректері бойынша қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралының қозғалысын бақылау фотофиксациясы және қадағалау жүргізіледі.

Қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдер Кодекстің 367-бабына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде белгіленген орындардан немесе контейнерлерден қалдықтарды қоқыс сұрыптау кешендерінен (объектілерінен) жинаған жағдайда төленбейді.

111. Қалдықтарды жинауды төлем алушы толық цикл бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) ақпараттық жүйеде қалдықтарды беруге арналған өтінім бойынша шығу кезінде 1 қалдық түзеушіге 1 ақпараттық жүйесінде Түсініктемелерге 1-қосымшаға сәйкес көлік парағы жазылады;

2) жиналған қалдықтар сенім білдірілген таразы жабдығында өлшенеді;

3) өлшеу нәтижелері бойынша 1 ақпараттық жүйесінде Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес қорлардың кіріс ордері толтырылады;

4) қорлардың кіріс ордеріне 1 ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылады.

112. Толық цикл бойынша төлем алушы есептен шығарылған қалдықтар туралы деректерді қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға және дайын өнімнің, ілеспе қалдықтардың 1 ақпараттық жүйесінде шығуы туралы мәліметтерді мынадай тәртіппен толтырады:

1) Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындауға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға арналған қалдықтарды есептен шығару жөніндегі операция жасалған кезден бастап бір күн ішінде ақпараттық жүйеде қорлар мен қосымша компоненттерді есептен шығарудың 1 актісі ресімделе отырып (егер технологиялық процесс қосымша компоненттерді пайдалануды көздеген жағдайда) ақпараттық жүйеде 1 қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға даярлауға есептен шығарылған қалдықтар туралы тиісті бөлімді толтырады;

2) қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық нәтижесінде алынған дайын өнімді, пайдалы компоненттерді және ілеспе қалдықтарды шығару жөніндегі операция жасалған кезден бастап бір күн ішінде 1 ақпараттық жүйеде Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорлардың кіріс ордерлерін ресімдей отырып, тиісті бөлімді толтырылады.

113. Оператордан төлемдерді алу үшін толық цикл бойынша төлем алушы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін әрбір есепті тоқсан өткеннен кейін 1 (бір) рет ақпараттық жүйеде 1 осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті келесі құжаттарды жалғай отырып қалыптастырады:

1) электрондық шот-фактуралар бойынша:

электрондық және электр жабдықтарының, шамдардың барлық түрлерін қоспағанда, қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған сатылған дайын өнім;

өнімді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдалануға жарамды өткізілген пайдалы компоненттер, шикізат және (немесе) материалдар, олардың мақсатына, алынған өнімге қарамастан материалдар немесе заттар;

қайта пайдалануға одан әрі даярлау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату төлем алушының технологиялық регламентінде көзделмеген пайдалануға немесе өткізуге жарамсыз қалдықтарды жою.

2) дайын өнімнің төлем қағидаларының 88-тармағының 8) тармағына сәйкес ұсынылған стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкестігін растайтын құжаттар, (сынақ хаттамасы және (немесе) сапа паспорты немесе "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарында белгіленген ұқсас құжат);

3) электрондық және электр жабдықтарының, шамдардың барлық түрлерін қайта өңдеу нәтижесінде алынған ілеспе қалдықтарды және (немесе) пайдалы компоненттерді кәдеге жарату туралы акт.

Тиісті мамандандырылған ұйымдарды тарту кезінде мынадай құжаттарды қоса бере отырып:

қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт;

қызметтің тиісті түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған лицензиялар.

4) қалдықтар, оның ішінде ілеспе, дайын өнім және пайдалы компоненттер бөлігінде сканерленген материалдық ведомость.

Бұл ретте қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп өткізілген дайын өнімнің массасына беріледі.

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін есепті кезеңде қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті оператор қарауға жатпайды.

114. Қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператордың төлеуге сомасын есептеуі мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Қалдықтарды (электрондық және электр жабдықтарын, шамдарды қоспағанда) қайта өңдеу кезінде дайын өнімнің шығу үлесін мынадай формула бойынша айқындау:

$$X = \left(\frac{m_a}{m_b} \right) \times 100$$

мұнда,

X – дайын өнімнің шығу үлесі (оның ішінде пайдалы компоненттер);

m_a

– дайын өнімнің массасы (оның ішінде пайдалы компоненттер), тоннада;

m_b

– өңдеуге есептен шығарылған қалдықтардың массасы, тоннада.

2) дайын өнім шығымының нақты үлесін (оның ішінде пайдалы компоненттерді) дайын өнімнің шығуының нормативтік деңгейімен мынадай формула бойынша салыстыру:

$$N \leq X;$$

мұнда,

N – дайын өнімнің шығымдылығының нормативтік деңгейі (оның ішінде пайдалы компоненттер).

3) егер дайын өнім шығысының нақты үлесі дайын өнімнің нормативтік шығуынан жоғары немесе оған тең болған жағдайда, мынадай формула бойынша төлемдерді есептеу жүргізіледі:

$$B = m_c * C$$

мұнда,

B – төлемдер мөлшері;

m_c

– дайын өнімнің массасы (оның ішінде пайдалы компоненттер), тоннада;

C – қаптама қалдықтарын өңдеу үшін төлем ставкалары.

115. Бұл ретте дайын өнімнің (оның ішінде пайдалы компоненттердің) шығымдылығының нормативтік деңгейі мыналар болып табылады:

1) пиролиз әдісімен өңделген майлар үшін - кемінде 90 (тоқсан) % сұйық отын;

2) аккумуляторлық батареялар үшін - 70 (жетпіс) % қорғасын сынығынан, 6 (алты) % полипропиленнен аспайды;

3) пайдаланылған шиналар үшін:

механикалық әдіспен қайта өңделген:

ірі габаритті шиналардан жасалған кем дегенде 65 (алпыс бес) % резеңке үгіндісі;

жүк және (немесе) жеңіл шиналардан жасалған кем дегенде 55 (елу бес) % резеңке үгіндісі;

пиролиз әдісімен қайта өңделген ірі габаритті, жүк және (немесе) жеңіл шиналардан кемінде 55 (елу бес) % сұйық отын;

4) алюминий қорытпасының кемінде 80 (сексен) % металл қаптамасы үшін.

Егер қалдықтарды қайта өңдеу нәтижелері бойынша төлем алушы дайын өнім мен компоненттердің шығуының көрсетілген нормативтік деңгейіне жетпеген жағдайда, оператор төлемдер жүргізбейді.

116. Электрондық және электр жабдығының, лампалардың қалдықтарын жинау, сұрыптау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператордың төлем сомасын есептеуі электрондық және электр жабдықтарын қайта өңдеу нәтижесінде алынған кәдеге жаратылған қалдықтардың нақты үлесі үшін, төлем алушының өз бетінше немесе тиісті мамандандырылған ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

117. Егер төлем алушы осы Қағидалардың 112-116 тармақтарында көзделген шарттарды сақтамаған жағдайда, оператор қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі есепті растаудан бас тартады.

118. Егер төлем алушы осы Қағидалардың 112-116 тармақтарында көзделген шарттарды сақтаған жағдайда, оператор осы есептің орындалуын бақылау мақсатында есепті берген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төлем алушының өндірістік объектісіне толық цикл бойынша шығуды жүзеге асырады.

119. Оператордан шығуды жүзеге асыру туралы хабарлама келіп түскен кезде толық цикл бойынша төлем алушы оператордан хабарлама алған күннен кейінгі күн ішінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау және қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі өндірістік объектілерге жіберуді растайды. Ақпараттық жүйеде 1 оператордан хабарлама алған күннен кейінгі күн ішінде операторды өндірістік объектілерге жіберуде толық цикл бойынша төлем алушыдан растау болмаған жағдайда, оператор қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті 1 ақпараттық жүйеде қабылдамайды.

120. Кәсіпкерлік субъектісі рұқсат беруден бас тартқан жағдайда, оператордың уәкілетті өкілі өндірістік объектіге толық цикл бойынша (оператордың өкілі өндірістік объектіге келген кезде) немесе ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер есепке, шығу нәтижелері бойынша оператордың уәкілетті өкілі белгілеген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті оператор 1 ақпараттық жүйеде қабылдамайды.

Қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарау кезінде оператор осы Қағидалардың 125-тармағына сәйкес нормаларға сәйкес келмеген кезеңде қалдықтарды жинау, кіріске алу, есептен шығару және қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату туралы мәліметтер есепте көрсетілген жағдайда оны 1 ақпараттық жүйесінде пысықтауға жібереді.

121. Оператор толық цикл бойынша төлем алушының соңғы өндірістік объектісіне барған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарайды.

122. Оператор келесі жағдайларда қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе)

кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті растаудан бас тартады (қабылдамайды):

1) қалдықтарды қайта өңдеуге, кіріске алуға және дайын өнімді және қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған ілеспе қалдықтарды өткізуге арналған қалдықтарды есептен шығару туралы растайтын құжаттарды ұсынбау;

2) осы Қағидалардың 112-116 тармақтарында көзделген нормалардың орындалмауы және (немесе) тиісінше орындалмауы;

3) осы Қағидалар нормаларының және жасалған шарт талаптарының орындалмауы және (немесе) тиісінше орындалмауы;

4) 1 ақпараттық жүйесінде толық цикл бойынша төлем алушыны, оператордың уәкілетті өкілдерін өндірістік объектіге жіберуде растау болмаған және (немесе) оператордың уәкілетті өкілінің шығу нәтижелері бойынша Түсініктемелерге 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша төлем алушының есепке қол қоюдан бас тартуы;

5) қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепте көрсетілген мәліметтер оператордың уәкілетті өкілі шығу нәтижелері бойынша белгіленген нақты мәліметтермен расталмауы.

123. Оператор 1 ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті растаған кезде оператор осы есеп расталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлемдер жүргізеді.

124. Толық цикл бойынша төлем алушыға осы Қағидалардың 88 тармағында көзделген нормаларға оператор мен төлем алушының арасында жасалған үлгілік шарттың қолданылу мерзімі бойы сәйкес келуі қажет.

125. Оператор осы Қағидалардың 88-тармағында көзделген нормаларға сәйкессіздікті анықтаған жағдайда, оператор сәйкессіздік анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде төлем алушының толық цикл бойынша сәйкессіздігін жою қажеттігі туралы 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде хабарлайды. Егер 3 (үш) ай өткеннен кейін төлем алушы нормаларға сәйкестігін растамаса, оператор үлгілік шартты біржақты тәртіппен бұзады. 1 ақпараттық жүйеде қайта тіркеу және үлгілік шарт жасасу жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, 1 ақпараттық жүйеде толық цикл бойынша төлемдерді алушы осы Қағидалардың 88-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңдегі қайта өңделген және (немесе) кәдеге жаратылған қалдықтардың массасы ақпараттық жүйеде толық цикл бойынша қызметті жүзеге асыру туралы есепте көрсетілген қалдықтардың массасына енгізілмейді.

Осы Қағидалардың 87-тармағында көзделген нормаларға сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін, толық цикл бойынша төлемдерді алушы 1 ақпараттық жүйесінде

осы Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкестігі туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мәліметтерді өзгертуге өтінім береді.

Мәліметтерді өзгертуге арналған өтінімді оператор 1 ақпараттық жүйесінде 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде растайды немесе қабылдамайды.

126. Төлемді алушы толық цикл бойынша төлқұжатта немесе сауалнамада көрсетілген мәліметтерде өзгерістер туындаған кезде, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мәліметтер пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей мәліметтерді өзгертуге 1 ақпараттық жүйесінде өтінім береді. Бұл ретте алдыңғы мәліметтер мұрағат ретінде сақталады және олар өзекті болған кезеңге қолданылады.

Егер туындаған өзгерістер төлем алушының осы Қағидалардың 88-тармағында көзделген бір немесе бірнеше нормаларға сәйкес келмеуіне әкеп соқтырса, оператор осы Қағидалардың 125-тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асырады.

Егер оператор толық цикл бойынша төлемдерді алушыға төлемдер алушы осы Қағидалардың 88 тармағында белгіленген нормаларға сәйкес келмеген кезеңде жүзеге асырылғанын анықтаған жағдайда, оператор осындай төлем сомаларын талап етеді.

127. Оператордың бұрын төленген сомаларды талап етуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) оператор осы Қағидалардың 88-тармағында белгіленген нормаларға толық цикл бойынша төлем алушының сәйкессіздігі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақша қаражатын талап ету туралы хабарламаны 1 ақпараттық жүйеде орналастырады, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта, сондай-ақ мессенджерлер (интернет арқылы тіркелген пайдаланушылар арасында мәтіндік хабарларды, файлдарды және медианы жедел алмасуға арналған бағдарлама) арқылы қайтарылуға жататын негіздер мен соманы көрсете отырып жібереді.

2) төлемдерді алушы толық цикл бойынша, 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде операторға талап етілетін соманы төлейді.

5-параграф. Төлем алушылардың мониторингі

128. Оператор төлем алушылардың қызметін растау мақсатында қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі өндірістік объектілерге бара отырып, қызмет пен өндірістік процестерге:

1) төлем алушыларды өз қалауы бойынша кез келген уақытта алдын ала ескертусіз, бірақ жылына 2 (екі) реттен артық емес;

2) мынадай негіздер кезінде алдын ала хабардар етіле отырып мониторинг жүргізеді :

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тапсырмасы кезінде;

төлем алушыларға қатысты негізделген шағымдар, жеке және заңды тұлғалардан өтініштер, фото – бейне – тіркеме, сондай-ақ мемлекеттік органдардан хаттар келіп түскен кезде;

осы Қағидаларда және үлгілік шарттарда көзделген талаптарды орындамау немесе тиісінше орындамау.

Кәсіпкерлік субъектісі оператордың уәкілетті өкілін қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі өндірістік объектіге жіберуден бас тартқан жағдайда, оператор 1 ақпараттық жүйесінде мәлімделгендер бойынша тиісті қызмет расталмаған кезең үшін есепті растаудан бас тартады (қабылдамайды).

129. Егер өндірістік объектіге барған кезде объект жұмыс істемесе, бұл ретте операторға жоспарлы немесе жоспардан тыс жөндеу, профилактикалық жұмыстарды жүргізу туралы осы Қағидалардың 131-тармағына сәйкес хабарланбаған, ал қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату туралы деректерді осы күндері төлем алушы 1 ақпараттық жүйеде толтырған болса, онда үлгі шарттар осындай төлем алушылармен 12 (он екі) айға, оның ішінде аффилиирленген жеке және заңды тұлғалармен жоғарыда аталған мерзім өткенге дейін жасасу құқығынсыз бұзылуға жатады.

130. Оператордың уәкілетті өкілі осы Қағидалардың 128-тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі өндірістік объектіге барған кезде өндірушілердің (импорттаушылардың) және дайын өнімнің кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын шикізат (өнім (тауар) қалдықтары) қорларының болуын қоса алғанда, кәсіпкерлік субъектілерінің паспорттарында көрсетілген технологиялық процестер мен жабдықтарды көзбен шолып тексеруді жүргізеді.

131. Өндірістік процесті тоқтатуды көздейтін төлемдерді алушы ұйымдастырған өндірістік объектіде жоспарлы немесе жоспардан тыс жөндеу, профилактикалық жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда төлем алушы операторды 1 ақпараттық жүйе арқылы төменде көрсетілген жұмыстардың басталу және аяқталу күндері туралы хабардар етеді:

1) жоспарлы жұмыстар, жұмыс кестесі бекітілген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен немесе жұмыс басталған күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей және жойылған күннен кейін 2 күнтізбелік күннен кешіктірмей;

2) авариялық жұмыстар басталу фактісі бойынша 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей және жойылған күннен кейін 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей.

132. Егер өндірістік объектіде жасалған шартқа сәйкес өндірістік қызмет жүзеге асырылмаған жағдайда, оператор төлемдерді алушы тоқтатудың негізделген және

расталған себептерін ұсынғанға дейін ағымдағы есепті кезең үшін төлемдерді тоқтата тұрады.

Негізделген себептер болып:

1) жергілікті атқарушы органдар және (немесе) коммуналдық қызметтер ұйымдастырған жөндеу-қалпына келтіру, монтаждау жұмыстары;

2) Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" заңнамасына сәйкес авариялық-құтқару, газдан құтқару және басқа да авариялық жұмыстарды жүргізетін ұйымдар болып табылады.

Алушының өзі ұйымдастырған кез-келген жұмыс негізсіз болып табылады.

3-тарау. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындықты, сұрыптауды, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру

1-параграф. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға өтінімді беру және қарау тәртібі

133. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсыратын ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ кейіннен кәдеге жарату мақсатында тіркеу есебінен шығарған ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі немесе 2-ші ақпараттық жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбаға қол қою жолымен немесе заңды күшіне енген сот актісімен мәміленің жазбаша нысанына сәйкес электрондық нысанда ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік құқығын алған тұлға (оның уәкілетті өкілі) болып табылатын өтініш берушімен (бұдан әрі – Өтініш беруші) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім беру 2 ақпараттық жүйеде жүзеге асырылады. Өтінімге осы Қағидаларға 14 қосымшада көзделген құжаттар тізбесі қоса беріледі.

134. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін толтыру кезінде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес қоса берілетін мәліметтердің дұрыстығын және өзектілігін өтініш беруші қамтамсыз етеді.

135. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім берген кезде өтініш беруші нақты уақыт режимінде 2 ақпараттық жүйесінің мобильді нұсқасында осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жиынтықтылығын растау мақсатында ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ фотофиксациясын жүзеге асырады.

136. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім өтініш беруші электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойған электрондық құжат нысанында беріледі.

137. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінімді қарау екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) қараудың бірінші кезеңі – ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім беру кезеңінде онлайн режимінде;

2) қараудың екінші кезеңі – ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау кезеңінде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктінде.

Өтініш берушінің терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуын/болмауын тексеруді оператор қараудың екі кезеңінде жүргізеді.

Өтініш беруші терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде анықталған жағдайда, оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін автоматты режимде қабылдамауға тиіс.

138. Оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін қараудың бірінші кезеңін өтінім берушімен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

139. Оператор мынадай негіздердің бірі болған кезде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға қабылдаудан және жеңілдік сертификатын беруден немесе ақшалай өтемақы беруден бас тартады:

1) өтініш берушінің құжаттар топтамасын толық ұсынбауы;

2) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ кейіннен кәдеге жарату мақсатында тіркеу есебінен шығаруды растаудың болмауы;

3) үшінші тұлға ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінім берген жағдайда, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсыруға және уәкілетті өкілден жеңілдік сертификатын немесе ақшалай өтемақы алуға өкілеттіктерінің болмауы;

4) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ осы Қағидаларға 13-қосымшамен қарастырылған жиынтыққа қойылатын талаптарға сәйкессіздік;

5) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға арналған өтінім деректерінің қоса берілген құжаттарға және (немесе) БАЖ және (немесе) жергілікті атқарушы орган мәліметтеріне мынадай сипаттамалардың біреуі немесе бірнешеуі бойынша сәйкес келмеуі: маркасы, моделі, көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірі (бұдан әрі – КҚТК), мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі (бұдан әрі – МТНБ), ПШКҚ санаты, ПШКҚ сәйкестендіру нөмірі, ПШӨЖАШТ зауыттық тіркеу нөмірі.

140. Кейіннен кәдеге жарату мақсатында ПШКҚ есептен шығару туралы ақпаратты оператор БАЖ-бен интеграциялау арқылы тексереді.

141. Оператор ПШӨЖАШТ кейіннен кәдеге жарату мақсатында есептен шығару туралы ақпаратты 3 (үш) жұмыс күні ішінде 2 ақпараттық жүйеде жергілікті атқарушы органның жауапты қызметкері электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы растау түрінде жергілікті атқарушы органнан алады.

142. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік құқығын растайтын құжаттар ретінде заңды күшіне енген сот актілері ұсынылған жағдайда оператор оларды сот кабинеті арқылы тексереді.

143. 2-ші ақпараттық жүйесі арқылы кейіннен кәдеге жарату мақсатында ПШӨЖАШТ тіркеу есебінен алу фактісін растау мүмкіндігі болмаған жағдайда оператор электронды құжат айналымы арқылы жергілікті атқарушы органға сұрату жібереді.

144. ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінімді қараудың бірінші кезеңінің мерзімі жергілікті атқарушы органнан тиісті жауап алған күнге дейін оператормен тоқтатылады.

145. Өтінімді тапсыруға арналған өтінімді қараудың бірінші кезеңінің нәтижесі өтінімді мақұлдау туралы хабарлама не ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

2-параграф. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктіне дейін тасымалдау тәртібі

146. Өтініш беруші ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін оператормен мақұлдағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ 15 (он бес) жұмыс күні ішінде немесе ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушысымен 2 ақпараттық жүйеде тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат түрінде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шартын жасасу жолымен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктіне өз бетінше тасымалдауға жатады.

147. Өтініш беруші мен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушы арасындағы ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шарты осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

148. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шартын жасасу үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінімді мақұлдау туралы хабарламаны алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде 2 ақпараттық жүйеде өтініш беруші кейіннен қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдау мақсатында сатып алу-сату шартын жасасу үшін баға ұсыныстарын сұратуға өтініш береді.

149. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушыны таңдау өтінім беруші ақпараттық жүйеде 2 ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ әлеуетті тасымалдаушылары ұсынған баға ұсыныстары негізінде баға ұсыныстарын сұратқаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні өткен соң, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

150. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушысы өтініш берушінің жеке басын, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинақтылығын және ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларында қамтылған мәліметтердің ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға арналған өтінімде көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеру жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

151. Осы Қағидалардың 150 тармағында көзделген тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда, 2 ақпараттық жүйеде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шартын жасасу ПШКҚ және (немесе)

ПШӨЖАШТ қабылдау-беру актісіне қол қоюмен бір мезгілде өтініш беруші мен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы жүзеге асырылады. Тексеру нәтижесі теріс болған кезде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушы ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартады.

152. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушы сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі болады.

153. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктіне дейін тасымалдауды ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушы өтініш берушімен сатып алу-сату шартын жасағаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдауды жүзеге асырады.

154. Осы Қағидалардың 149-тармағына сәйкес ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ әлеуетті тасымалдаушылардың баға ұсыныстары болмаған жағдайда, қабылдау пунктіне дейін тасымалдауды өтініш беруші 15 (он бес) жұмыс күні ішінде дербес жүзеге асырады.

155. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі 2 ақпараттық жүйеде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсырғаны үшін жеңілдік сертификатын немесе ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсырғаны үшін жеңілдік сертификатының номиналына тең мөлшерде ақшалай өтемақы беру арқылы төлем тәсілін таңдауды жүзеге асырады.

156. Ақшалай өтемақыны таңдаған жағдайда ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым берген, Оператор төлемді осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесінің есеп айырысу шотының деректемелерін ұлттық валютада растайтын құжатты ұсынады.

Бұл ретте салық міндеттемелерін есептеуді және төлеуді, сондай-ақ төлемдерді алу нәтижесінде салық есептілігін табыс етуді ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі өз бетінше жүргізеді.

157. Осы Қағидалардың 146, 153 және 154 тармақтарында көзделген тасымалдау мерзімдерін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушысы немесе өтініш беруші бұзған жағдайда, оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға арналған өтінімді мақұлдау туралы хабарламаны 2 ақпараттық жүйеде жояды.

158. Өтініш беруші 2 ақпараттық жүйеде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға арналған өтінімнің күшін:

ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін;

дербес тасымалдау туралы шешім қабылдаған кезде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктіне дейін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдауға дейін жоя алады.

3-параграф. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсыру тәртібі мен шарттары

159. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесі немесе уәкілетті тұлға ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктіне (ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пункттерінің өзекті тізімі және олардың орналасқан жерлері оператордың корпоративтік интернет ресурсында жарияланады) 2 ақпараттық жүйеде алдын ала жазылу бойынша тапсыруды жүзеге асырады.

160. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пункті өнеркәсіп саласындағы заңнаманың және осы Қағидалардың белгіленген нормалары мен талаптарына сәйкес келуге тиіс.

161. Қабылдау пунктінің қызметкері ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктіне жеткізілген (келген) сәттен бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде:

1) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесінің (немесе уәкілетті тұлғаның) жеке басын растауды;

2) өтінімге қоса берілген құжаттардың көшірмелерін олардың түпнұсқаларымен салыстыруды;

3) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ мәлімделген жиынтығымен нақты жиынтығының сәйкестігін салыстырып тексеруді;

4) 2 ақпараттық жүйесінің мобильді нұсқасында фотофиксациялауды:

ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ – ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жиынтығының толықтығын растау мақсатында;

ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ фонында ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесінің (уәкілетті тұлғасының) – ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ өтініш берушінің немесе ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тасымалдаушының тапсырғанын растау мақсатында;

5) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ салмағын өлшеуді;

6) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін операторға екінші кезеңге қарауға жіберуді жүзеге асырады.

162. Оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктінің қызметкері ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін қараудың екінші кезеңіне жіберген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде қарайды.

163. Барлық ұсынылған құжаттар сәйкес келген және осы Қағидаларда белгіленген барлық қажетті талаптар орындалған жағдайда оператор 2 ақпараттық жүйеде қараудың екінші кезеңінде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін мақұлдайды.

164. 2 ақпараттық жүйеде қараудың екінші кезеңінде оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыру өтінімін мақұлдағаннан кейін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiнiң қызметкерi 1 (бiр) жұмыс сағат iшiнде:

1) ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншiк иесiмен бiрлесiп осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға қабылдау-беру актiсiн 2 ақпараттық жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбаға қол қоюды;

164 тармақтың 1) тармақшасының бiрiншi бөлiгiндегi талаптар тасымалдаушының және (немесе) қабылдау пунктiнiң және (немесе) қайта өңдеушiнiң бiр тұлғада сәйкес келген жағдайларына қолданылмайды. Бұл ретте өтiнiм берушi мен тасымалдаушы арасында ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сатып алу-сату шартын жасасу кезiнде қол қойылған ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау-беру актiсi ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсырғанын растайтын құжат болып табылады;

2) нақты уақыт режимiнде 2 ақпараттық жүйенiң мобильдi нұсқасында процестi видеотiркей отырып, қалпына келтiрудi (соққылап июдi, кесудi, құрылымдық элементтердiң жергiлiктi бұзылуын және технологиялық процеске сәйкес өзге де кезендер) болдырмайтын бөлшектеудi (деформация) жүзеге асырады.

165. 2 ақпараттық жүйеде қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау-беру актiсiне қол қоя отырып, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншiк иесi ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға және Ынталандыру қағидаларында, осы Қағидаларда көзделген тәртiппен және шарттарда оның жеңiлдiк сертификатын немесе ақшалай өтемақы алуға қатысты, сондай-ақ ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ кәдеге жаратуға тапсырылғанын растайтын құжатты беру мәселелерi жөнiндегi оператордың iшкi нормативтiк құжатының бөлiгiнде жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөнiндегi шартына қосылады.

166. Оператор мынадай негiздердiң бiрi болған кезде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдаудан бас тартады:

ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншiк иесiнiң құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуы;

уәкiлеттi тұлғада ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ үшiншi тұлғаларға тапсыруға өтiнiм берiлген жағдайда ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға тапсыруға және жеңiлдiк сертификатын немесе ақшалай өтемақы алуға өкiлеттiктердiң болмауы;

осы Қағидаларға 13-қосымшамен қарастырылған ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жиынтық талаптарының сәйкес болмауы;

мынадай сипаттамалардың бiрi бойынша ПШКҚ маркасы, моделi, санаты, ПШКҚ сәйкестендiру нөмiрi, ПШӨЖАШТ зауыттық тiркеу нөмiрi бойынша ПШКҚ және (

немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға арналған өтінім деректерінің келушіге/жеткізілгенге сәйкес келмеуі.

167. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінімді қараудың екінші кезеңінің нәтижелері бойынша 2-ші ақпараттық жүйеде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ Меншік иесінің таңдауына байланысты Ынталандыру қағидаларының 16-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша жеңілдік сертификат қалыптастырылып беріледі немесе ақшалай өтемақы төленеді немесе ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдаудан және Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеңілдік сертификатын беруден немесе өтемақы төлеуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

168. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiнiң қызметкерi осы Қағидалардың 164-тармағында көзделген талаптарды тиісінше орындаған жағдайда оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ меншік иесіне ақшалай өтемақы төлейді немесе 2-ші ақпараттық жүйеде жеңілдік сертификатын іске қосады.

169. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiнiң қызметкерi осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша оператор мен қайта өңдеуші арасында жасалған шартта көзделген, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiне келген / жеткізілген ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ деректерінде және ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларында және ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға арналған өтінімде қамтылған мәліметтердің өтініш берушінің жеке басын, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ толықтығын, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ сақталуын және сәйкестігін тексеру жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

170. Қараудың екінші кезеңінде оператор ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ тапсыруға өтінімді мақұлдағаннан кейін 2 ақпараттық жүйеде, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қабылдау пунктiнiң қызметкерi ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге дайындықты жүзеге асырады және ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуге дайындық нәтижесінде алынған фракциялардың бөлек салмақтық және бөлшектік есебін жүргізеді.

4-параграф. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату тәртібі мен шарттары

171. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеу және кәдеге жарату тәртібі ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуші мен оператордың арасында осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату шартымен анықталады.

172. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату

жөніндегі шартты жасасу үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушісі 2 ақпараттық жүйеде өтініш береді.

173. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушісі өнеркәсіп саласындағы заңнамада және осы Қағидаларда көзделген нормалар мен талаптарға сәйкес келуге тиіс.

174. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін растау мақсатында ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеуші операторға осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес растайтын құжаттарды ұсынады.

175. Оператормен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шарт жасасу өтініші ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушісімен 2 ақпараттық жүйеде ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шарт жасасуға өтінім берген сәттен бастап 30 (отыз) күн ішінде қарастырылады.

15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде оператор өнеркәсіп саласындағы заңнамаға және осы Қағидаларға талаптарға сәйкестікті немесе сәйкессіздікті белгілеу мақсатында 2 ақпараттық жүйеде тексеру актісін ресімдей отырып, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушінің өндірістік базасына шығуды жүзеге асырады.

Ұсынылған мәліметтерді нақтылау үшін Оператор қайта өңдеушінің қызметіне қатысты бухгалтерлік, рұқсат беру және басқа да қосымша құжаттарды сұратады. Қосымша құжаттар сұратылған жағдайда, ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шарт жасасуға арналған өтінішті қарау мерзімі қосымша құжаттар ұсынылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

176. Оператор, егер ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушісі өнеркәсіп саласындағы заңнамада және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөнінде шарт жасасудан бас тартады.

177. ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушісі барлық белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде оператор мен ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ қайта өңдеушісі арасында 2 ақпараттық жүйеде электрондық цифрлық қолдары арқылы ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шарт жасалады.

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің

(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
1 қосымша
Нысан

Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау және (немесе) қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері үшін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесінде үлгілік шарт жасасуға өтінім _____ (бұдан әрі – Өтініш беруші) (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), БСН/ЖСН)

Қызмет түрі: _____

Қалдықтардың түрі: _____

Шарт жасасу үшін құжаттарды қарауды сұраймын (керегін таңдау):

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдердің үлгілік шарты;

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдердің үлгілік шарты;

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдердің үлгілік шарты.

Өндірушілерден және импорттаушылардан оның банктік шотына түскен өндірушілердің (импорттаушылардың) өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері

жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруға кеңейтілген міндеттемелерін оператордың ақша жіберуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) ережелеріне құжаттардың сәйкестігін және мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Заңмен қорғалатын құпияны және (немесе) өзге де құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар шеңберінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

Өтініш берушіге қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталмағанын, өтініш берушінің қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмағанын растаймын.

құжаттарды ұсынамын (қажетін таңдау):

Қағидалардың __ тармағына сәйкес – қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері үшін;

Қағидалардың __ тармағына сәйкес қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері үшін;

Қағидалардың __ тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті толық цикл бойынша жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері үшін.

Уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қол қойылды

Күні (күні, айы, жылы)

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
2 қосымша
Нысан

Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісінің

ТӨЛҚҰЖАТЫ

Заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні (құрылған күні) / жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу күні	
Заңды тұлғаның / жеке кәсіпкердің орналасқан жері	
Байланыс	
Электрондық пошта мекенжайы	
Ұялы телефон нөмірі	+7 () ____ - __ - __
Мессенджер қосылған ұялы телефон нөмірі	+7 () ____ - __ - __
Стационарлық телефон нөмірі (бар болса)	+7 () ____ - __
Бірінші басшының лауазымы және есімі, әкесінің есімі, тегі	

Өндірістік объектінің атауы және орналасқан жері							
Қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және тасымалдауға тартылған жабдықтардың, техниканың, механизмдердің атауы, маркасы, шығарылған жылы, өндірілген ел	Ммаркасы	Шығарылған жылы	Өндіріс елі	Орналасқан жері	Максималды өнімділік, кг / сағ	Максималды өнімділік, тн / ай	Максималды өнімділік, тн/жыл
1. сұрыптау желісі							
2. Пресс							
...							
N.							
Көлік құралдары	Жүк көтергіштігі, тонна						
1. ...							
Еңбек ресурстары туралы деректер, жылдар бойынша	3 жыл бұрын		2 жыл бұрын		1 жыл бұрын		
ӘБП							
өндірістік қызметкерлер							
жылдағы жұмыс күндерінің саны							
тәулігіне ауысым саны							
ауысым ұзақтығы							

Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау, жылдар бойынша тоннада	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
ПЭТ (Полиэтилен терефталат)			
ЖҚП (жоғары қысымды полиэтилен)			
ТҚП (төмен қысымды полиэтилен)			
Картон			
...			
шиналар			
Өткізілген қалдықтар күнтізбелік жылдың орташа бағасын теңгемен көрсете отырып, жылдар бойынша тоннамен	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
ПЭТ (Полиэтилен терефталат)			
ЖҚП (жоғары қысымды полиэтилен)			
ТҚП (төмен қысымды полиэтилен)			
Картон			
...			
шиналар			
Төленген салықтар туралы мәліметтер,	3 жыл бұрын		1 жыл бұрын

жылдар бойынша тоннамен		2 жыл бұрын	
ҚҚС (қосылған құн салығы)			
КТС (корпоративтік табыс салығы)			
Әлеуметтік салықтар			

Нысан

Қалдықтарды қайтадан пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісінің

ТӨЛҚҰЖАТЫ

Заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні (құрылған күні) / жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу күні	
Заңды тұлғаның / жеке кәсіпкердің орналасқан жері	
Байланыс	
Электрондық пошта мекенжайы	
Ұялы телефон нөмірі	+7 () ____ - ____ - ____

Мессенджер қосылған ұялы телефон нөмірі	+7 () - - -						
Стационарлық телефон нөмірі (бар болса)	+7 () - - -						
Бірінші басшының лауазымы және есімі, әкесінің есімі, тегі							
Өндірістік объектінің атауы және орналасқан жері							
Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындауға қайта өңдеуге тартылған жабдық, техника, маркасы, шығарылған жылы, өндірген ел	Ммаркасы	Шығарылған жылы	Өндіріс елі	Орналасқан жері	Максималды өнімділік, кг / сағ	Максималды өнімділік, тн / ай	Максималды өнімділік, тн/жыл
1. Қайта өңдеу жабдықтары							
2. Пресс							
...							
N.							
Көлік құралдары	Жүк көтергіштігі, тонна						

1. ...			
Еңбек ресурстары туралы деректер, жылдар бойынша	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
Әкімшілік-басқару персоналы			
өндірістік қызметкерлер			
жылдағы жұмыс күндерінің саны			
тәулігіне ауысым саны			
ауысым ұзақтығы			
Қалдықтарды қайта өңдеу, жылдар бойынша тоннамен	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
Атауы			
...			
N			
Дайын өнімнің шығымы жылдар бойынша тоннамен (дайын өнімнің атауын қалдықтың қайта өңделген түрінен пайызбен, сондай - ақ қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтардың пайызын	3 жыл бұрын		1 жыл бұрын

, қайта өңдеу кезіндегі шығынды-өндірістік шығынды көрсету)		2 жыл бұрын	
1			
...			
N			
Дайын өнімді жүзеге асыру, жылдар бойынша тоннамен (дайын өнімнің атауын көрсету)	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
1			
...			
N			
Жабдықтың нақты жүктемесі, жылдар бойынша пайызбен	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
N			
Электр есептегіштерінің саны*	-Дана		
Электр энергиясын тұтыну	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
Электр энергиясын тұтыну шығыны, жылына кВт / сағ			
Қайта өңделетін қалдықтардың 1 тоннасына жылына электр			

энергиясын ың шығыны , кВт/сағ			
Дайын өнімнің 1 тоннасына жылына электр энергиясын ың шығыны , кВт/сағ			
Төленген салықтар туралы мәліметтер, жылдар бойынша теңгемен	3 жыл бұрын	2 жыл бұрын	1 жыл бұрын
ҚҚС			
КТС			
Әлеуметтік салықтар			

* - өндірісте энергия тасымалдаушылардың басқа түрлерін пайдаланған кезде олардың өндіріске жұмсалатын шығыстары (газ, көмір, мұнай өнімдері және т. б.) бойынша деректерді келтіру қажет.

Нысан

Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау және (немесе) қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінің сауалнамасы

№	Заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
1.	БСН/ЖСН	
2.	Уәкілетті өкілдің ТАӘ, ЖСН, лауазымы (өкілдің өкілеттігін, оның ішінде қаржылық құжаттарға қол қою құқығын растайтын pdf, JPG немесе PNG форматында сканерленген құжатты жүктеу)	
3.	Кәсіпкерлік субъектісінің орналасқан жері / тіркеу мекенжайы (толық пошталық мекенжайы)	
4.	Банк деректемелері (банктің атауы, ЖСК, БСК)	

	Қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі үшін жиналатын қалдықтардың түрі	
5.	Қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі үшін қалдықтарды қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі жабдықтың өндірістік қуатын (тонна/жыл) көрсете отырып, қайта өңделетін қалдықтардың түрі	
6.	Негізгі базаның орналасқан жері	
7.	Қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі үшін бекітілген аумақ (картада көрсетілсін)	
8.	Таразы жабдығы туралы деректер (таразы жабдығын тексеру туралы сертификаттың түрі, маркасы, нөмірі және тексеру күні, өлшеудің ең жоғары шегі, тексеру туралы сертификаттың қолданылу кезеңі, орналасқан жері, таразы жабдығын тексеру туралы сканерленген қолданыстағы сертификаттың жүктелуімен	
9.	Кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс кестесі (аптаның жұмыс күндері мен уақыты)	

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
3 қосымша
Нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдердің

ҮЛГІЛІК ШАРТЫ

Астана қаласы " _____ " 20 ____ ж.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып табылатын, бұдан әрі – "Оператор" деп аталатын "Жасыл даму" акционерлік қоғамы _____, негізінде әрекет ететін _____, бір жағынан, және _____

Екінші жағынан, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және тасымалдауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Алушы),

бұдан әрі ұжымдық түрде Тараптар деп аталады және жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе Тарап мыналарды Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 389-бабы және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 388-бабы 1 тармағының 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1250 қаулысымен (бұдан әрі – Қаулы) бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өзінің банктік шотына өндірушілерден және импорттаушылардан түскен ақшаның есебінен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне ақшалай төлемдерінің мөлшерлерімен;

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларымен (бұдан әрі – Қағида);

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітілген, осындай өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін жеке

және заңды тұлғалармен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесімен (бұдан әрі – Тізбе);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесімен (бұдан әрі – Әдістеме);

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесіндегі пайдаланушылардың жұмысына арналған Түсіндірмелермен.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін осы үлгілік төлем шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Пайдаланылатын терминдер:

1) мониторинг – Қағидалар мен Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде оператордың уәкілетті өкілдері және (немесе) бөгде адамдарды немесе ұйымдарды (уәкілетті мемлекеттік органдарды, БАҚ-тарды, салалық қауымдастықтарды, тәуелсіз аудиторларды) тарта отырып, алушыға шығу жолымен, қалдықтарды жинау үшін пайдаланылатын өндірістік объектілерге бару арқылы жүзеге асыратын іс-шаралар кешені;

2) есеп – Қағидалардың 9-қосымшада көзделген белгіленген нысан бойынша алушы жасаған, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы есеп.

3) төлем алушы – оператордың ақпараттық жүйесінде оператормен Шарт жасасқан, қалдықтарды қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлем алушы;

4) паспорт – Қағидалардың 2-қосымшасының нысанына сәйкес бойынша, оператордың ақпараттық жүйесінде алушы толтыратын пішін;

5) қалдықтарды өңдеу – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату;

6) өндірістік объектілер – қалдықтарды уақытша сақтау орындары (алаң, қойма, сақтау қоймасы, база), қалдықтарды жинау орындары (стационарлық қабылдау пункті, контейнерлер және өзге де сақтау объектілері) орналасқан өндірістік ғимараттар;

7) төлемдер мөлшері – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген төлемдердің тиісті мөлшері;

8) қалдықтарды жинау – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау.

Басқа терминдер мен ұғымдар Қағидаларда қолданылатын мағыналарда қолданылады.

2. Тиісті қаржы жылына арналған төлемдер сомасының лимиттері оператордың инвестициялық саясатында көзделеді және жыл сайын оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

Оператордың тиісті қаржы жылына арналған төлемдері сомаларының лимиттері жұмсалған жағдайда, көрсетілген жылы қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын алушыларға төлемдер жүргізілмейді, ал оператордың оларды төлеу жөніндегі міндеттемелері туындамайды.

2 - тарау. Шарттың мәні

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және Шартта көзделген талаптар мен тәртіп бойынша оператор, алушыға тиесілі төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенеді, ал алушы тізбеге сәйкес, төмендегілерді қоспағанда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) қалдықтарын жинауды және қайта өңдеуге беруді Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға міндеттенеді:

1) пайдаланудан шыққан көлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын;

2) Кәдеге жарату төлемін есептеу үшін коэффициент әдістемесімен белгіленбеген немесе "0" (нөлге) тең өнім (тауар) қалдықтары;

3) Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын өндірушілердің (импорттаушылардың);

4) Кодекстің 367-бабының және "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 4) қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар жинауды жүзеге асыратын қалдықтарды.

4. Төлемдерді алу мақсатында қалдықтарды жинауды ұйымдастыру процесі оператордың ақпараттық жүйесі арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген нормаларға сәйкес келуге тиіс.

5. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылмайтын өнімнің (тауарлардың) қалдықтары бойынша қызметті жүзеге

асыруға қарамастан, оператор мұндай қалдықтарды басқару үшін, төлем жүргізбейді, ал алушыда оларды алуға құқықтар болмайды.

6. Алушыға, тексеру мерзімі өткен салмақ жабдығында өлшенетін (өлшенген) қалдықтардың массасын есепке енгізуге тыйым салынады. Алушы, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге және (немесе) Шартта көзделген қалдықтарды жинау жөніндегі нормаларды сақтамаған және (немесе) көрсетілген нормаларды бұза отырып, қалдықтарды жинауды жүзеге асырған жағдайда, мұндай есепті оператормен растауға жатпайды.

7. Шарттың қолданылу мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 36 (отыз алты) ай.

3 - тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Оператор:

1) Алушыдан Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын, жоғарыда баяндалған осы Қағидаларды, жадынаманы және осы Шартта баяндалған талаптарды тиісінше орындауды талап етуге;

2) төлемдерді алу үшін тиісті шарт жасалған күннен бастап алушыдан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық салу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуді жүзеге асыруды талап етуге, сондай-ақ растайтын құжаттарды сұратуға;

3) алушыдан Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген бастапқы есепке алу құжаттарының белгіленген нысандарына сәйкес қалдықтарды жинауды, қабылдауды, беруді, салмақтауды, тасымалдауды, өткізуді растайтын құжаттарды ресімдеуді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын және жоғарыда баяндалған осы Қағидаларды талап етуге;

4) Алушыға төлемдерді тоқтата тұрып (немесе) тоқтатып, Алушыдан Қағидаларда және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша төлемдердің бұрын төленген сомаларын талап етуге;

5) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, Алушының кез келген құжаттарын қарауға, шығу, мониторинг нәтижелері бойынша оператормен анықталған және негізделген ескертулерін жоюды талап етуге;

6) Алушыдан, Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкес анық, өзекті және нақты мәліметтерді және (немесе) тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуды талап етуге;

7) Қағидалардың 11-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңде жиналған қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептен қалдықтардың массасын алып тастауға және оны пысықтауға жіберуге;

- 8) Алушының, Қағидалардың 11 тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңінде төленген соманы қайтаруды талап етуге;
- 9) оператордың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде немесе Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұсынылған, Алушының мәліметтеріне және (немесе) құжаттарына өзгерістер енгізу туралы өтінімді қабылдамауға;
- 10) меншік құқығы және (немесе) уақытша сақтау орындарына өзге де заңды құқығы туралы растайтын құжаттарды, автомобиль көлігін, салмақтық, техникалық жабдықты тексеру кезінде құқық белгілейтін, сәйкестендіру, техникалық құжаттарды, тіркелген құқықтар, техникалық сипаттамалар туралы т. б. анықтамаларды және құжаттарды талап етуге;
- 11) Алушыға, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген міндеттемелерді орындауға байланысты, оның ішінде қалдықтардың түрлері бойынша кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты ұсынған адамдардан қалдықтарды жинау жөнінде орындау үшін міндетті нұсқаулар беруге;
- 12) мониторинг барысында, сондай-ақ құжаттарды қарау нәтижелері бойынша операторда туындаған негізделген шағымдарды ұсыну, сондай-ақ оператор көрсеткен мерзімдерде кемшіліктерді жоюды талап етуге;
- 13) Төлем алушының рұқсатымен өндірістік объектілеріне, жинау орындарына (стационарлық қабылдау пункттеріне және (немесе) контейнерлеріне), Қағидаларда және Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде мониторингті жүзеге асыруға;
- 14) жазбаша сұрау салулар негізінде Төлем алушыдан Шарттың талаптары, Түсіндірмелер мен Қағидалардың нормаларын орындауға қатысты жазбаша түсініктемелерді, түсіндірмелерді талап етуге;
- 15) Төлем алушының, оператордың ақпараттық жүйесін Ережелерде, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген тәртіппен тиісінше пайдалануын талап етуге ;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және (немесе) Шартта көзделген тәртіптерге сәйкес, осы Шартты бұзуға;
- 17) жиналған, тасымалданған және қайта өңдеуге берілген қалдықтардың массасын есепте көрсетілген қалдықтардың жалпы массасынан алып тастауға және оны қалдықтарды жинауды және (немесе) тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі бөлігінде Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге көрсетілген талаптарды орындамаған және тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ жинау, сұрыптау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті дайындау кезінде жасалған есепті пысықтауға жіберуге;
- 18) қалдықтарды жинау процесін тексеру және (немесе) мониторингілеу үшін, үшінші тұлғаларды немесе ұйымдарды тартуға, сондай-ақ олар үшін Қағидалардың, Түсіндірмелердің және Шарттың талаптарын орындау шеңберінде қалдықтарды

жинауға тікелей және (немесе) жанама растайтын және (немесе) қатысы бар құжаттар мен процестерге қатысты талаптарды, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындауға ;

19) Шарттың орындалу барысы туралы ақпаратты және (немесе) құжаттаманы, құқық қорғау органдарына, бақылау және қадағалау органдарына, Жалғыз акционерге, сыртқы және ішкі аудиторларға беруге;

20) Төлем алушы тарапынан, алаяқтық, қосып жазылған мәлімет, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілері анықталған жағдайда, төлемдерді алу мақсатында қажетті шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына тиісті мәліметтер мен материалдарды беруге ;

21) Төлем алушы, дұрыс емес мәліметтер беру, алаяқтық, қосып жазылған мәлімет, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілерін жасау және өзге де заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынған төлемдердің сомаларын операторға қайтаруды талап етуге;

22) Шарт мерзімінің қолданысы ішінде, Төлем алушының және (немесе) оның басшыларының, қатысушылардың, акционерлердің жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуын, терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен айналысатынын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеруге;

23) оператордың Инвестициялық саясатында көзделген төлемдерге лимитті толық пайдаланған жағдайда, төлемдерді тоқтата тұруға;

24) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін (міндеттемедегі тұлғаларды ауыстыру) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес басқа да құқықтарды пайдалануға құқылы.

9. Оператор:

1) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру кезінде, Алушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) оператордың ақпараттық жүйесінің жұмыс уақытында тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, жүргізіліп жатқан техникалық жұмыстар туралы алдын ала хабарлауға;

3) Алушының, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынған өтінімдері мен құжаттарын оператордың ақпараттық жүйесінде қарауды жүзеге асыруға;

4) Алушылардың дербес деректерін, Қазақстан Республикасының заңнамасында және оператордың қолданыстағы ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен өңдеуге;

5) оператордың ақпараттық жүйесінде, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген құжаттардың, келісімдердің тиісті белгіленген нысандарын, сондай-ақ хабарламаларды уақтылы орналастыруға;

6) Алушы Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындаған және тиісінше ресімделген есепті уақтылы ұсынған жағдайда, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген тәртіппен ұсынылған жағдайда, оператордың ақпараттық жүйесінде Алушының есебін растауға;

7) оператор есепті қарағаннан және растағаннан кейін, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген мерзімдерде және Қаулымен бекітілген мөлшерде, Алушыға қалдықтарды жинау үшін төлемдер мөлшерін есептеп және ақшалай төлемдер жасауға;

8) оператордың ақпараттық жүйесіне рұқсатсыз кіру әрекеттерін болдырмауға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

10. Алушы құқылы:

1) оператордың, Қағидаларда және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындауын талап етуге;

2) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру үшін тең шарттарды қамтамасыз етуді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дербес деректерді тиісінше өңдеуді талап етуге;

4) Егер оператор Есепті растаса, оператордан, оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген банктік шотына төлемдерді уақтылы және толық аударуды талап етуге;

5) оператордың ақпараттық жүйесінің тиісті жұмыс істеуін талап етуге;

6) оператордан, оператордың ақпараттық жүйесінде ұсынылған құжаттарды Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауды талап етуге;

7) жиналған қалдықтарды сату туралы хабарландыруды операторының ақпараттық жүйесінде орналастыруға, оған түзетулер енгізуге, хабарландыруды кері қайтарып алуды жүзеге асыруға, сондай-ақ өткізілетін қалдықтардың бағасын дербес белгілеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі өндірістік объектілерге тасымалдауды дербес жүзеге асыруға;

9) қажет болған жағдайда, тасымалдаушыны оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелгендердің арасынан таңдап, тасымалдаушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қағидалардың, Түсіндірмелердің, Шарттың нормаларын орындамау және (немесе) тиісінше орындамау тәуекелін өз бетінше көтеруі, сондай-ақ тиісті құқықтық салдарларды қабылдауға;

10) оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелген қалдықтарды қайта өңдеу үшін төлем алушыны өз бетінше таңдауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес басқа да құқықтарға ие болуға құқылы.

11. Алушы міндеттенеді:

1) жүзеге асырылатын қызметті регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттармен, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шарт нормаларына сәйкес қалдықтарды тиісті түрде жинауды жүзеге асыруға;

2) оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелу, қажетті сенімді мәліметтерді уақтылы және толық көлемде енгізу, өтінімдер мен басқа да құжаттарды қарау және өңдеу мәртебесін қадағалауға;

3) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде, Қағидалардың 11-тармағында көзделген нормаларға сәйкес болу;

4) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық салу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу, сондай-ақ оператордың сұрау салуы бойынша растайтын құжаттарды Шарттың қолданылу мерзімі ішінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде (егер Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге басқа көзделмесе) ұсынуға;

5) қалдықтарды жинауды, қабылдауды, беруді, өлшеуді, тасымалдауды, өткізуді растайтын құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында, Бастапқы есепке алу құжаттарының белгіленген нысандарын бекіту туралы Бұйрықтың талаптарына және Қағидаларға сәйкес ресімдеуге;

6) оператордың ақпараттық жүйесін және электрондық құжат айналымы жүйесін орнату (тіркеу) және пайдалану бойынша барлық шығындарды өз бетінше көтере отырып, оператордың ақпараттық жүйесі және оператордың электрондық құжат айналымы жүйесіне ұқсас немесе интеграцияланған электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы оператормен алдын ала тіркелу және өзара іс-қимыл жасауға;

7) сауалнамада және (немесе) паспортта көрсетілген деректер өзгерістер туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей өзгерген жағдайда оператордың ақпараттық жүйесінде оператордың қарауы үшін сауалнамаға және (немесе) паспортқа тиісті өзгерістер енгізуге өтінім беруге;

8) Өлшеу нәтижелеріне оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілетін тексерілген таразы жабдығын пайдалана отырып, қалдықтардың әрбір партиясын дұрыс өлшеуді қамтамасыз етуге;

9) Қағидалар мен Түсіндірмелерге сәйкес тиісті құжаттарды ресімдей отырып, қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау бойынша операция жасалған кезден бастап бір күн ішінде оператордың ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау туралы ақпаратты көрсетуге;

10) оператордың ақпараттық жүйесін пайдалану кезінде, Түсіндірмелерге сәйкес оператор ұсынатын ақпараттық жүйені пайдалануға, көрсетілген тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсына отырып, қаржы құжаттарына қол қою құқығымен алушының бірінші басшысының (уәкілетті тұлғасының) немесе уәкілетті органының электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалануға;

11) әрбір қалдық партиясын тасымалдау үшін тек оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелген автомобиль көлігін пайдалануға;

12) оператордың ақпараттық жүйесі арқылы қалдықтарды тасымалдайтын тұлғаларға қалдықтардың әрбір партиясын тасымалдауға өтінімдер беруге;

13) қалдықтарды тасымалдау кезінде, оператордың ақпараттық жүйесі (фотофиксация, Интернетке және спутниктік навигация жүйесіне қосылу) арқылы тасымалдауды жүзеге асыруды растауды қамтамасыз ету: Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген нормаларға сәйкес оператордың ақпараттық жүйесі арқылы тиеу және түсіру, өлшеу, бақылау нүктелерінен өту, сондай-ақ көрсетілген нормаларды орындау қажеттілігі туралы, тасымалдаушыға тиісті нұсқама жүргізуге;

14) оператордың ақпараттық жүйесінде қалдықтарды өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлем алушымен Түсіндірмелердің 3-қосымшасында көзделген белгіленген нысан бойынша қалдықтардың әрбір партиясын қабылдау-тапсыру актісін тиісті түрде ресімдеуге;

15) оператордың ақпараттық жүйесінде Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген тәртіппен Есепті ресімдеуге;

16) оператордың тапсырмасы бойынша, Алушы, өтінімді алған күннен бастап, күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде, оператордың ақпараттық жүйесінде қайта өңдеуге берілетін осындай қалдықтардың көлемін қоса отырып, кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты ұсынған адамдарда пайда болатын қалдықтарды жинауды жүзеге асыруға;

17) Қалдықтарды түзушілерден, оның ішінде алушының сатып алу бағасы бойынша ақылы негізде қалдықтарды одан әрі қайта өңдеуге беру үшін жинауды және (немесе) қабылдауды жүзеге асыруға;

18) оператор көрсеткен сұрау салу бойынша және мерзімдерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген өз міндеттемелерінің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

19) ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы, толықтығы, өзектілігі мен дұрыстығы үшін оператор, үшінші тұлғалар және мемлекеттік органдар алдында дербес жауапты болуға;

20) Алушының, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге және (немесе) Шартта көзделген міндеттемелерді орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына байланысты туындаған жағдайда операторға келтірілген залалды өтеуге;

21) Қалдықтарды түзушілерден, Қағидаларда көзделген нормаларға сәйкес келген кезде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды олардан қабылдаудан бас тартпауға;

22) мониторингтің басқа да негіздері бойынша мониторинг және (немесе) тексеру үшін оператордың уәкілетті өкілдің қалдықтарды жинау жөніндегі өзінің өндірістік объектілеріне, жинау орындарына, қалдықтарды қабылдау пункттеріне (стационарлық қабылдау пункттеріне және (немесе) контейнерлерге) жіберуге, сондай-ақ барлық сұратылған құжаттаманы уақтылы және толық көлемде беруге;

23) оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген, өзіне бекітілген аумақ бойынша мобильді қосымша арқылы Қалдықтарды түзушілердің өтінімдерін қабылдауға;

24) мобильдік қосымшада өтінім келіп түскен күннен бастап, күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей бекітілген аумақ шегінде, Қалдықтарды түзушілерде пайда болған қалдықтарды жинауды жүзеге асыруға;

25) оператордың тапсырмасы бойынша басым тәртіппен (өтінім 3 (үш) күнтізбелік күннен артық тұрып қалған жағдайда) ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның бір әкімшілік шекарасы шегінде Қалдықтарды түзушілерде пайда болған қалдықтарды жинауды жүзеге асыруға;

26) Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге және (немесе) Шартта көзделген талаптар мен талаптарды бұза отырып, жиналған қалдықтардың массасы үшін оператордан төлем талап етпеуге;

27) оператор Есепті пысықтауға жіберген кезде, Қағидалар мен Түсіндірмелерге көзделген жағдайларда және ескертулерде, оператор алып тастаған қалдықтар массасын ескере отырып, оны қалыптастыруға;

28) Қағидаларда көзделген нормаларды сақтауға;

29) Шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

4 - тарау. Өзара есеп айырысу (төлем) тәртібі

12. Шарт бойынша барлық төлемдерді оператор тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізеді.

13. Алушы, оператордан төлемдерді алу үшін есепті ай өткеннен кейін 1 (бір) рет, келесі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін оператордың ақпараттық жүйесінде өткізілген қалдықтарға электрондық шот-фактураларды ұсына отырып, есеп қалыптастырады.

14. Оператор, ұсынылған құжаттармен Есепті, Алушы оған электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оператордың ақпараттық жүйесінде қарайды.

15. Есепті оператордың растауы және ол бойынша төлемдер, есепті кезеңде қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы Есепті оператор қарағаннан және растағаннан кейін жүзеге асырылады.

16. Шарттың 13 тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін, Алушы Есепті қалыптастырған және оған қол қойған жағдайда, есепті кезеңдегі Есептерді оператор қарауға жатпайды.

17. Электрондық шот-фактураны, Алушы қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюдың болуына қарамастан, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жазып береді.

18. Есепті жасау кезінде Алушы, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге белгіленген нормаларды сақтай отырып, нақты жиналған және қайта өңдеуге берілген қалдықтарды нақты көрсетуі тиіс. Төлемдерді оператор өзінің инвестициялық саясатында оператор белгілеген лимиттер сомасы шегінде жүзеге асырады.

19. оператор есепті кезеңде қалдықтар өткізілген қалдықтарды қайта өңдеуге төлемдер алушының қалдықтарын қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қарағаннан және растағаннан кейін, есеп айырысу Оператор шарттың ережелері мен талаптарына сәйкес төлемдерді оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген алушының банктік шотына толық көлемде аударғаннан кейін жүргізілді деп есептеледі.

20. Оператор алушыға есепті растамауға, төлемдерді тоқтата тұруға, Шартты бұзуға байланысты қандай да бір ақшалай қаражатты және алушы шеккен кез келген шығыстарды өтемейді.

21. Алушы, төлемдерді алу үшін, үшінші тұлғалардың банктік шоттарын банктік шот ретінде пайдаланбайды.

22. Ақша аударымдарына байланысты барлық банктік шығындарды ақша жіберуші төлейді.

5 - тарау. Тараптардың жауапкершілігі

23. Алушы операторға және уәкілетті органдарға ұсынылатын мәліметтердің, құжаттардың, есептердің дәлдігіне, толықтығына, өзектілігі мен дұрыстығына жауапты.

24. Шарт бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

6 - тарау. Шартты бұзу тәртібі

25. Оператор шартты бұзу жоспарланып отырған күнге дейін, кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын бұзудың негізін көрсете отырып, Алушыны Оператордың ақпараттық жүйесінде хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

26. Оператор Шартты біржақты тәртіппен келесі жағдайда бұзады:

1) егер түпнұсқа құжаттар немесе мәліметтер шарт жасасудан және төлемдерді алудан бас тарту үшін негіз болып табылса, алушы операторға шартты жасасу кезінде оператордың ақпараттық жүйесінде көрінеу жалған құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынуы;

2) алушының операторға Шарттың қолданылу мерзімі ішінде құжаттарды тексеру, мониторинг, шығу, уәкілетті мемлекеттік органдардан келіп түскен, қалдықтарды жинау туралы мәліметтер шеңберінде белгіленген көрінеу анық емес мәліметтерді ұсынуы;

3) егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарынан қалдықтарды жинау фактісі анықталса;

4) егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қағидалардың 11-тармағында көзделген өлшемдерге сәйкессіздік белгіленетін болса;

5) Алушының Қағидалардың 131-тармағын орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы;

6) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төленетін төлемдердің үлгілік шартын немесе өдірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе)кәдеге жаратқаны үшін төлемдердің үлгілік шартын жасасуға алушының өтінімін беруі;

7) алушының осы Қағидалардың 175-177 тармақтарының шарттарын орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы.

27. Оператор Шарттың 25 тармағында көзделген негіздер бойынша, Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Оператор қағидалардың және (немесе) Түсіндірмелертің және (немесе) Шарттың нормалары бұзылған және (немесе) орындалмаған (сақталмаған) есепті кезеңдерде төленген ақшалай қаражатты талап етуге құқылы. Оператор болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын оператордың ақпараттық жүйесінде шартты бұзу және (немесе) ақша қаражатын талап ету туралы хабарлама орналастырады. Сондай-ақ шартты бұзу және (немесе) ақшалай

қаражатты талап ету туралы хабарлама оператордың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта және (немесе) мессенджер арқылы алушыға қосымша ақшалай қаражат жіберіледі.

Алушы, 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде Операторға талап етілетін соманы төлейді, бұл ретте Оператормен келісім бойынша Алушының берешекті өтеуін Оператор бекіткен кестеге сәйкес, хабарлама орналастырылған және (немесе) жіберілген айдан бастап 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде жүзеге асыруға болады.

Алушы талап етілетін ақшалай қаражатты қайтарудан бас тартқан жағдайда, барлық келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7 - тарау. Даулар мен келіспеушіліктер

28. Тараптар, Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын тікелей келіссөздер мен хат алмасу процесінде барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін салуы тиіс.

29. Келіссөздер мен хат алмасу процесінде Тараптар шешпеген даулар мен келіспеушіліктер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Оператордың орналасқан жері бойынша соттың қарауына, екінші Тарап осы ниет туралы кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын тиісінше жазбаша хабардар етілгеннен кейін беріледі.

8 - тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

30. Егер Тараптар бір немесе екі тараптың қызметіне тікелей әсер ететін еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының нәтижесі болып табылса, Шарт талаптарының орындалмағаны үшін Тараптар жауапты болмайды.

31. Шарттың мақсаттары үшін "еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары" басталуы Тараптардың бақылауынан тыс болатын, күтпеген сипаттағы оқиғаларды білдіреді және бұл шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігіне тікелей әсер ететін мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың актілерін шектейтін немесе тыйым салатын еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) салдары болып табылады. Мұндай жағдайларға нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің болмауы жатпайды.

32. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде осындай жағдайлардың әсеріне ұшыраған тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер екінші Тараптан өзге жазбаша Түсіндірмелер түспесе, Тарап шарт бойынша өз міндеттемелерін қаншалықты

орынды болса, орындауды жалғастырады және еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіреді. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау осындай жағдайларға ұшыраған Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру мүмкіндігі үшін негіз ретінде еңсерілмейтін күштің кез келген мән-жайына сілтеме жасау құқығынан айырады.

33. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі, осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа пропорционалды түрде шегеріледі.

34. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы, Тараптарды осындай жағдай басталғанға дейін туындаған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

9 - тарау. Құпиялылық

35. Ақпарат, Алушының персоналына құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ұсынылуы тиіс.

36. Тараптар бір-біріне ұсынатын барлық қаржылық, коммерциялық және осы Шартқа байланысты өзге де ақпарат құпиялылық белгісінің болуына қарамастан құпия болып есептеледі.

37. Тараптар, ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу үшін барлық қажетті және ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Ақпаратты жария ету және (немесе) Тараптардың кез келгенінің, қалдықтарды жинауды растайтын ақпарат пен құжаттарды Оператор тексеру үшін тартқан ұйымға ұсынуы, құпиялылықты жария ету болып табылмайды.

38. Төмендегі жағдайлардан басқа, Тараптардың ешқайсысы, екінші Тараптың жазбаша келісімін алмай, шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе құпия болып саналатын және шарттың ережелерін іске асыруға байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес:

- 1) ақпарат сот процесінде пайдаланылған кезде;
- 2) шарт бойынша Тараптардың бірінің қызметтерін көрсететін үшінші тұлғаларға ақпарат берілген кезде, мұндай үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар айқындаған мерзімге ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда;
- 3) Тараптардың бірі қаржы қаражатын алатын банкке немесе өзге қаржы ұйымына ақпарат берілген кезде, мұндай банк немесе қаржы ұйымы осындай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда;
- 4) ақпарат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, алушының кез келген банктік шоттарына жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс шетел банктерінде ашылған кез келген ақпаратқа, оның ішінде банктік құпия болып

табылатын кез келген ақпаратқа қол жеткізе алатын Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына берілген кезде;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда, оның ішінде оператор өз міндеттемелерін орындаған кезде;

39. Ақпаратты жария етуге қатысты шектеулер Тараптардың кінәсінен кейіннен жария болған жалпыға қолжетімді ақпаратқа немесе ақпаратқа, сондай-ақ басқа Тараптан алғанға дейін немесе одан кейін өзге көздерден белгілі болған ақпаратқа жатпайды.

40. Осы баптың ережелерін бұзушылықтарды дәлелдеу міндеті осындай бұзушылық туралы мәлімдеген Тарапқа жүктеледі.

10 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

41. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және жәрдемдесу үшін төлемдер жасауға тыйым салуды көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, олардың мақсаты осы Шарттың орындалуына байланысты формальдылықтарды оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешуді қамтамасыз ету болып табылады. Тараптар өз қызметінде, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және оның негізінде әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді басшылыққа алады.

42. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Тараптардың, олардың қызметкерлерінің немесе өкілдерінің төлем жасамауын қамтамасыз ету үшін оларға байланысты барлық шаралар қабылдайды, қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін басқа Тараптың кез келген қызметкерлеріне, лауазымды адамдарына тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша немесе басқа да құндылықтарды төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

43. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері немесе өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/ алу, коммерциялық пара беру ретінде сараланған әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

44. Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдауға міндеттенеді.

11 - тарау. Қорытынды ережелер

45. Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойып және осы Шартты жасасқаннан кейін, Алушы операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге өзінің келісімін растайды.

46. Шарт, Алушы қосылу туралы өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарт талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың 7 тармағында көрсетілген мерзім ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

47. Даулы жағдайлар туындаған жағдайда, Талаптарды тұжырымдаудың барлық дәлсіздіктері және (немесе) кемшіліктері, Шартта көзделгеннен гөрі ақпаратты неғұрлым толық ашу пайдасына біржақты түсіндірілуге тиіс.

48. Шартта көзделмеген барлық жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Шарт нормалары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар үшін басым болып Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары танылады.

12 - Тараптардың деректемелері

Оператор: Алушы:

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өндеуді, қайта
өндеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
4 қосымша
Нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау,

сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдердің үлгілік шартына _____ ж. № ___ қосылу туралы өтініші

Жеке кәсіпкер (толық аты-жөні немесе атауы) _____ / заңды тұлға (ұйымдық-құқықтық нысаны және толық немесе қысқартылған атауы) _____ ЖСН/ БСН _____ (бұдан әрі – Өтініш беруші) – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдердің үлгілік шартына толық цикл бойынша қосылу туралы осы өтінішке қол қою арқылы жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы жарғы/сенімхат/ талон негізінде әрекет ететін (әрі қарай – Өтініш пен Шарт тиісінше) оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылған шартқа қосылады және оны келесімен растайды:

1) шартта қамтылған, Шарттың және өзге де құжаттардың талаптарымен таныстым және келісемін;

2) оператормен жасалған шарттың орындалуына қатысты өз әрекеттерінің мағынасын, құқықтық және өзге де салдарын толық түсінеді;

3) Өтініш беруші оператордың ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған өтініш, Шарттың құптамасы болып табылады;

4) өтініш, оператор мен Өтініш беруші арасында шарт жасасу фактісін растайтын құжат болып табылады, өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;

5) егер оператордың ақпараттық жүйесінде осы өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылса, шарт алушының оқылмағанының / қабылданбағанының дәлелі ретінде оператордың лауазымды адамдарының қолы мен шартта мөрдiң жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;

6) төлемдерді алуға байланысты өзінің барлық іс-әрекеттерін (процестерін) көрсетуге және оператордың ақпараттық жүйесінде қағидалар, Түсіндірмелер мен шарттар нормаларының орындалуын растайтын барлық құжаттарды орналастыруға келісемін;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және оператордың ішкі актілеріне сәйкес операторға дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге келісемін;

8) оператор төмендегі көрсетілгендер бойынша түпкілікті ақпарат берді:

тараптардың өзара іс-қимыл шарттары;

шарт бойынша төлемдердің мөлшері мен тәртібі;

үшінші тұлғалармен қарым-қатынас;

шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;

шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда салдарлар мен жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы;

Оператордың ақпараттық жүйесінде өтініш берушінің өтінішке қол қойған күнінен кейінгі ең жақын жұмыс күні шарт жасасу күні болып есептеледі.

Электрондық цифрлық
қолтаңбамен қол қойылған
Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өндеуді, қайта
өндеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
5 қосымша
Нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өндеуге, қайта өндеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төленетін төлемдердің

ҮЛГІЛІК ШАРТЫ

Астана қаласы " _____ " 20 ____ ж.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып табылатын, бұдан әрі – "Оператор" деп аталатын "Жасыл даму" акционерлік қоғамы _____, негізінде әрекет ететін _____, бір жағынан, және _____ екінші жағынан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өндеуге, қайта өндеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуды дайындауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Алушы) екінші жағынан,

бұдан әрі бірлесіп аталған тараптар, ал жоғарыда көрсетілгендей жеке немесе тараптар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 389-

бабын және Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 388-бабы 1 тармағының 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1250 қаулысымен (бұдан әрі – қаулы) бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өзінің банктік шотына өндірушілерден және импорттаушылардан түскен ақшаның есебінен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне ақшалай төлемдерінің мөлшерлерімен;

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларымен (бұдан әрі - Қағида);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, өнімнің тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында өндіретін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесімен (тауарлар) (бұдан әрі – Тізбе);

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесімен (бұдан әрі – Әдістеме);

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесіндегі пайдаланушылардың жұмысына арналған Түсіндірмелер (бұдан әрі - Түсіндірмелер);

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төленетін төлемдердің үлгілік шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Пайдаланылатын терминдер:

1) Мониторинг – Қағидалар мен Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде оператордың уәкілетті өкілдері және (немесе) бөгде адамдарды немесе ұйымдарды (уәкілетті мемлекеттік органдарды, БАҚ-тарды, салалық қауымдастықтарды, тәуелсіз аудиторларды) тарта отырып, алушыға шығу жолымен, қалдықтарды жинау үшін пайдаланылатын өндірістік объектілерге бару арқылы жүзеге асыратын іс-шаралар кешені;

2) Есеп – Қағидаларға 10-қосымшасының нысанына сәйкес бойынша, Алушы Оператордың ақпараттық жүйесінде қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) қалдықтарды кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп;

3) Төлем алушы - Оператордың ақпараттық жүйесінде Оператормен шарт жасасқан, қалдықтарды қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындық жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлем алушы;

4) Төлқұжат – Қағидалардың 2-қосымшасының нысанына сәйкес бойынша, Оператордың ақпараттық жүйесінде алушы толтыратын форма;

5) Қалдықтарды өңдеу – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату;

6) Өндірістік объектілер – қалдықтарды уақытша сақтау орындары (алаң, қойма, қойма, база), қалдықтарды жинау орындары (стационарлық қабылдау пункті, контейнерлер, фандоматтар) орналасқан өндірістік үй-жайлар;

7) Төлемдер мөлшері – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген төлемдердің тиісті мөлшері;

8) Қалдықтарды жинау – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау.

Басқа терминдер мен ұғымдар Қағидаларда қолданылатын мағыналарда қолданылады.

2. Тиісті қаржы жылына арналған төлемдер сомасының лимиттері, Оператордың инвестициялық саясатында көзделеді және жыл сайын Оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

Оператордың тиісті қаржы жылына арналған төлемдері сомаларының лимиттері жұмсалған жағдайда, көрсетілген жылы қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асыратын алушыларға төлемдер жүргізілмейді, ал оператордың оларды төлеу жөніндегі міндеттемелері туындамайды.

2 - тарау. Шарттың мәні

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және Шартта көзделген талаптар мен тәртіп бойынша Оператор, алушыға тиесілі төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенеді, ал Алушы тізбеге сәйкес, төмендегілерді қоспағанда, өндірушілердің (

импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) қалдықтарын жинауды және қайта өңдеуге беруді Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға міндеттенеді:

1) пайдаланудан шыққан көлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын;

2) кәдеге жарату төлемін есептеу үшін Әдістемемен коэффициенті белгіленбеген немесе "0" – ге (нөл) тең өнім (тауар) қалдықтары;

3) Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын өндірушілердің (импорттаушылардың);

4) "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) талаптарына және коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар жүзеге асыратын қалдықтарды.

4. Төлемдерді алу мақсатында қалдықтарды жинауды ұйымдастыру процесі Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылмайтын өнімнің (тауарлардың) қалдықтары бойынша қызметті жүзеге асыруға қарамастан, Оператор мұндай қалдықтарды басқару үшін, төлем жүргізбейді, ал алушыда оларды алуға құқықтар болмайды.

6. Алушы, Есепке, тексеру мерзімі өткен таразы жабдығында өлшенетін (өлшенген) қалдықтардың массасын енгізу үшін пайдаланбайды. Алушы, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерге және (немесе) Шартта көзделген қалдықтарды жинау жөніндегі талаптарды сақтамаған және (немесе) көрсетілген талаптарды бұза отырып, қалдықтарды жинауды жүзеге асырған жағдайда, мұндай есепті Оператормен растауға жатпайды.

7. Шарттың қолданылу мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 36 (отыз алты) ай.

3 - тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Оператор:

1) Алушыдан, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Шарттың талаптарын, Түсіндірмелер мен Қағидалардың талаптарын тиісінше орындауды талап етуге;

2) төлемдерді алу үшін тиісті шарт жасалған күннен бастап алушыдан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық салу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуді жүзеге асыруды талап етуге, сондай-ақ растайтын құжаттарды сұратуға;

3) Алушыдан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарына сәйкес, өнімді, материалдарды одан әрі өндіруде (дайындауда) пайдалануға жарамды дайын өнімді, пайдалы компоненттерді, шикізатты және (немесе) өзге де материалдарды жинауды, қабылдауды, беруді, өлшеуді, тасымалдауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, одан әрі пайдалануға жарамсыз қалдықтарды жоюды және (немесе) өткізуді растайтын құжаттарды ресімдеуді, олардың мақсатына қарамастан талап етуге;

4) Алушыға төлемдерді тоқтата тұрып (немесе) тоқтатып, Алушыдан Қағидаларда және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша төлемдердің бұрын төленген сомаларын талап етуге;

5) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, Алушының кез келген құжаттарын қарауға, шығу, мониторинг нәтижелері бойынша Оператормен анықталған және негізделген ескертулерін жоюды талап етуге;

6) Алушыдан, Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкес анық, өзекті және нақты мәліметтерді және (немесе) тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуды талап етуге;

7) Алушының, Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңінде жиналған қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептен қалдықтардың массасын алып тастау және оны пысықтауға жіберу;

8) Алушының, Қағидалардың 55-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес келмеген кезеңінде төленген соманы қайтаруды талап етуге;

9) Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде немесе Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұсынылған, Алушының мәліметтеріне және (немесе) құжаттарына өзгерістер енгізу туралы өтінімді қабылдамауға;

10) меншік құқығы және (немесе) уақытша сақтау орындарына өзге де заңды құқығы туралы растайтын құжаттарды, автомобиль көлігін, салмақтық, техникалық жабдықты тексеру кезінде құқық белгілейтін, сәйкестендіру, техникалық құжаттарды, тіркелген құқықтар, техникалық сипаттамалар туралы т. б. анықтамаларды және құжаттарды талап етуге;

11) Алушыға, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген міндеттемелерді орындауға байланысты, орындау үшін міндетті нұсқаулар беру;

12) мониторинг барысында, сондай-ақ құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Операторда туындаған негізделген шағымдарды ұсыну, сондай-ақ Оператор көрсеткен мерзімдерде кемшіліктерді жоюды талап етуге;

13) Алушының өндірістік объектілеріне жібере отырып, қағидаларда және Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде мониторингті жүзеге асыруға;

14) жазбаша сұрау салулар негізінде Төлем алушыдан Шарттың талаптары, Түсіндірмелер мен Қағидалардың нормаларын орындауға қатысты жазбаша түсініктемелерді, түсіндірмелерді талап етуге;

15) Төлем алушының, Оператордың ақпараттық жүйесін Ережелерде, Түсіндірмелер және Шартта белгіленген тәртіппен тиісінше пайдалануын талап етуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және (немесе) Шартта көзделген тәртіптерге сәйкес, осы Шартты бұзуға;

17) жиналған, тасымалданған және қайта өңдеуге берілген қалдықтардың массасын есепте көрсетілген қалдықтардың жалпы массасынан алып тастауға және оны қалдықтарды жинауды және (немесе) тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі бөлігінде Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде көрсетілген талаптарды орындамаған және тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ жинау, сұрыптау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті дайындау кезінде жасалған Есепті пысықтауға жіберуге;

18) қалдықтарды жинау процесін тексеру және (немесе) мониторингілеу үшін, үшінші тұлғаларды немесе ұйымдарды тартуға, сондай-ақ олар үшін Қағидалардың, Түсіндірмелерді және Шарттың талаптарын орындау шеңберінде қалдықтарды жинауға тікелей және (немесе) жанама растайтын және (немесе) қатысы бар құжаттар мен процестерге қатысты талаптарды, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындауға;

19) Шарттың орындалу барысы туралы ақпаратты және (немесе) құжаттаманы, құқық қорғау органдарына, бақылау және қадағалау органдарына, Жалғыз акционерге, сыртқы және ішкі аудиторларға беруге;

20) Төлем алушы тарапынан, алаяқтық, қосып жазылған мәлімет, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілері анықталған жағдайда, төлемдерді алу мақсатында қажетті шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына тиісті мәліметтер мен материалдарды беруге ;

21) Төлем алушы, дұрыс емес мәліметтер беру, алаяқтық, қосып жазылған мәлімет, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілерін жасау және өзге де заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынған төлемдердің сомаларын Операторға қайтаруды талап етуге;

22) Шарт мерзімінің қолданысы ішінде, Төлем алушының және (немесе) оның басшысының (ларының), қатысушының (акционердің) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар

мен тұлғалардың тізбесінде болуын, терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен айналысатынын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеруге;

23) Оператордың Инвестициялық саясатында көзделген төлемдерге лимитті толық пайдаланған жағдайда, төлемдерді тоқтата тұруға;

24) Алушының есебін Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес төлемдерді жүзеге асырмай қарау және растау;

25) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін (міндеттемедегі тұлғаларды ауыстыру) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

9. Оператор:

1) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру кезінде, Алушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) Оператордың ақпараттық жүйесінің жұмыс уақытында тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, жүргізіліп жатқан техникалық жұмыстар туралы алдын ала хабарлауға;

3) Алушының, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынған өтінімдері мен құжаттарын Оператордың ақпараттық жүйесінде қарауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Оператордың қолданыстағы ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен алушылардың дербес деректерін өңдеуге;

5) Оператордың ақпараттық жүйесінде, Қағидаларда, Түсіндірмелерді және Шартта көзделген құжаттардың, келісімдердің тиісті нысандарын, сондай-ақ хабарламаларды уақтылы орналастыруға;

6) Алушы Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындаған және тиісінше ресімделген есепті уақтылы ұсынған жағдайда, Қағидаларда, Түсіндірмелерге және Шартта белгіленген тәртіппен ұсынылған жағдайда, Оператордың ақпараттық жүйесінде Алушының есебін растауға;

7) Оператор есепті қарағаннан және растағаннан кейін, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген мерзімдерде және Қаулымен бекітілген мөлшерде, Алушыға қалдықтарды жинау үшін төлемдер мөлшерін есептеп және ақшалай төлемдер жасауға;

8) Оператордың ақпараттық жүйесіне рұқсатсыз кіру әрекеттерін болдырмауға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

10. Алушы:

1) Оператордың, Қағидаларда және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындауын талап етуге;

2) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру үшін тең шарттарды қамтамасыз етуді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дербес деректерді тиісінше өңдеуді талап етуге;

4) Егер Оператор Есепті растаса, Оператордан, Оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген банктік шотына төлемдерді уақтылы және толық аударуды талап етуге;

5) Оператордың ақпараттық жүйесінің тиісті жұмыс істеуін талап етуге;

6) Оператордан, Оператордың ақпараттық жүйесінде ұсынылған құжаттарды Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауды талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

11. Алушы:

1) жүзеге асырылатын қызметті регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шарт талаптарына сәйкес қалдықтарды тиісінше қайта өңдеуді жүзеге асыруға;

2) Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелу, қажетті сенімді мәліметтерді уақтылы және толық көлемде енгізу, өтінімдер мен өзге де құжаттарды қарау және өңдеу мәртебесін қадағалауға;

3) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде, Қағидалардың 55-тармағында көзделген нормаларға сәйкес болу;

4) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық салу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу, сондай-ақ Оператордың сұрау салуы бойынша растайтын құжаттарды Шарттың қолданылу мерзімі ішінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде (егер Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде өзгеше көзделмесе) ұсынуға;

5) бұдан әрі пайдалануға жарамсыз қалдықтарды, пайдалы компоненттерді, шикізатты және (немесе) өнімді, материалдарды немесе заттарды өндіруде (дайындауда), олардың мақсатына қарамастан одан әрі пайдалануға жарамды өзге де материалдарды қабылдау, беру, өлшеу, тасымалдау, қайта өңдеу, кәдеге жарату, жою, алынған өнімді растайтын құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында, Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы Бұйрықтың нормаларына және Қағидаларға сәйкес ресімдеуге;

6) Оператордың ақпараттық жүйесін және электрондық құжат айналымы жүйесін орнату (тіркеу) және пайдалану бойынша барлық шығындарды өз бетінше көтере отырып, Оператордың ақпараттық жүйесі және Оператордың электрондық құжат айналымы жүйесіне ұқсас немесе интеграцияланған электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Оператормен алдын ала тіркелу және өзара іс-қимыл жасауға;

7) сауалнамада және (немесе) паспортта көрсетілген мәліметтерде өзгерістер туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей өзгерген жағдайда Оператордың ақпараттық жүйесінде оператордың қарауы үшін сауалнамаға және (немесе) паспортқа тиісті өзгерістер енгізуге өтінім беруге;

8) Оператормен қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданыстағы төлем шарттары бар тұлғалармен ғана Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы қалдықтарды жеткізу Шарттарын жасасу және қалдықтарды қабылдауға;

9) Өлшеу нәтижелеріне Оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілетін тексерілген таразы жабдығын пайдалана отырып, қалдықтардың әрбір партиясын дұрыс өлшеуді қамтамасыз етуге;

10) нұсқауларға сәйкес Оператор ұсынған ақпараттық жүйені пайдалануға; Оператордың ақпараттық жүйесін пайдалану кезінде қаржылық құжаттарға қол қою құқығымен Алушының бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын растайтын құжаттарды қоса бере отырып пайдалануға;

11) Оператордың ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлем алушымен қалдықтардың әрбір партиясын қабылдау-беру актісін тиісінше ресімдеуге;

12) Оператордың ақпараттық жүйесінде Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген тәртіппен Есепті ресімдеуге;

13) Оператордың тапсырмасы бойынша қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушыдан, мұндай қалдықтардың көлемін оператордың ақпараттық жүйесінде міндетті түрде қоса отырып, қалдықтарды қабылдауды басым тәртіппен жүзеге асыруға;

14) Оператор көрсеткен сұрау салу бойынша және мерзімдерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген өз міндеттемелерінің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

15) ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы, толықтығы, өзектілігі мен дұрыстығы үшін Оператор, үшінші тұлғалар және мемлекеттік органдар алдында дербес жауапты болуға;

16) Алушының, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген міндеттемелерді орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына байланысты туындаған жағдайда операторға келтірілген залалды өтеуге;

17) Қағидаларда, Түсіндірмелерде және шартта көзделген талаптарды, нормалар мен мерзімдерді бұза отырып, қайта өңделген қалдықтар мен сатылған дайын өнімнің массасы үшін төлемді талап етпеуге;

18) мониторингтің өзге негіздері бойынша мониторинг және (немесе) тексеру үшін Оператордың уәкілетті адамдарын қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі өзінің өндірістік объектілеріне жіберуге, сондай-ақ барлық сұратылған құжаттаманы беруге;

19) Оператор Есепті пысықтауға жіберген кезде, Қағидалар мен Түсіндірмелер көзделген жағдайларда және өзге де ескертулерде, оператор алып тастаған қалдықтар массасын ескере отырып, оны қалыптастыруға;

20) Шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

4 - тарау. Өзара есеп айырысу (төлем) тәртібі

12. Шарт бойынша барлық төлемдерді Оператор тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізеді.

13. Алушы, Оператордан төлемдерді алу үшін, есепті ай өткеннен кейін 1 (бір) рет, есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бес) күніне дейін, Оператордың ақпараттық жүйесінде келесі құжаттарды ұсына отырып Есепті қалыптастырады:

1) қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлем алушы мен оның арасындағы электрондық шот-фактуралар;

2) келесі электрондық шот-фактуралар:

сатылған дайын өнімге;

өнімді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдалануға жарамды пайдалы компоненттер, шикізат және (немесе) өзге де материалдар, олардың мақсатына, алынған өнімге қарамастан материалдар немесе заттарға;

қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға одан әрі даярлау төлем алушының технологиялық регламентінде көзделмеген, одан әрі пайдалану немесе өткізу үшін жарамсыз қалдықтарды жоюға;

3) дайын өнімнің стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкестігін растайтын құжаттар (сынақ хаттамасы, сапа паспорты немесе Қазақстан Республикасы стандарттау жөніндегі заңнамасының талаптарында белгіленген ұқсас құжат);

4) қалдықтар, оның ішінде ілеспе, дайын өнім және пайдалы компоненттер бөлігіндегі материалдық ведомость.

14. Оператор, қоса берілген құжаттармен Есепті, Алушы оған электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Оператордың ақпараттық жүйесінде қарайды.

15. Шарттың 13 тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін, Алушы Есепті қалыптастырған және оған қол қойған жағдайда, есепті кезеңдегі Есептерді оператор қарауға жатпайды.

16. Электрондық шот-фактураны, Алушы қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюдың болуына қарамастан, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жазып береді.

17. Есепті жасау кезінде Алушы, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде белгіленген нормаларды сақтай отырып, нақты жиналған және қайта өңдеуге берілген

қалдықтарды нақты көрсетуі тиіс. Төлемдерді Оператор өзінің инвестициялық саясатында Оператор белгілеген лимиттер сомасы шегінде жүзеге асырады.

18. Есеп айырысу, Оператор Шарттың ережелері мен талаптарына сәйкес төлемдерді Оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген Алушының банктік шотына толық көлемде аударғаннан кейін жүргізілді деп есептеледі.

19. Оператор алушыға есепті растамауға, төлемдерді тоқтата тұруға, Шартты бұзуға байланысты қандай да бір ақшалай қаражатты және Алушы шеккен кез келген шығыстарды өтемейді.

20. Алушының, төлемдерін алу үшін банктік шот ретінде үшінші тұлғалардың банктік шоттарының пайдалануына тыйым салынады.

21. Ақша аударымдарына байланысты барлық банктік шығындарды ақша жіберуші төлейді.

5 - тарау. Тараптардың жауапкершілігі

22. Алушы операторға және уәкілетті органдарға ұсынылатын мәліметтердің, құжаттардың, есептердің дәлдігіне, толықтығына, өзектілігі мен дұрыстығына жауапты.

23. Шарт бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

6 - тарау. Шартты бұзу тәртібі

24. Оператор шартты бұзу жоспарланып отырған күнге дейін, кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын бұзудың негізін көрсете отырып, Алушыны Оператордың ақпараттық жүйесінде хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

25. Оператор Шартты біржақты тәртіппен келесі жағдайда бұзады:

1) егер түпнұсқа құжаттар немесе мәліметтер шарт жасасудан және төлемдерді алудан бас тарту үшін негіз болып табылса, алушы операторға шартты жасасу кезінде оператордың ақпараттық жүйесінде көрінеу жалған құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынуы;

2) алушының Шарттың қолданылу мерзімі ішінде құжаттарды тексеру, мониторинг, шығу, уәкілетті мемлекеттік органдардан келіп түскен, қалдықтарды қайта өңдеу туралы мәліметтер шеңберінде белгіленген көрінеу анық емес мәліметтерді операторға ұсынуы;

3) егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қағидалардың 55-тармағында көзделген өлшемдерге сәйкессіздік белгіленетін болса;

4) Алушының, Қағидалардың 131-тармағын орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы;

5) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдердің үлгілік шартын немесе жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру (немесе) өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды кәдеге жарату үшін төлемдердің үлгілік шартын жасасуға өтінім беру;

6) Алушының, осы Қағидалардың 175-177 тармақтарының шарттарын орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы.

26. Оператор Шарттың 25-тармағында көзделген негіздер бойынша, Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Оператор қағидалардың және (немесе) Түсіндірмелердің және (немесе) Шарттың талаптары бұзылған және (немесе) орындалмаған (сақталмаған) есепті кезеңдерде төленген ақшалай қаражатты талап етуге құқылы. Оператор болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын оператордың ақпараттық жүйесінде шартты бұзу және (немесе) ақша қаражатын талап ету туралы хабарлама орналастырады. Сондай-ақ шартты бұзу және (немесе) ақшалай қаражатты талап ету туралы хабарлама оператордың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта және (немесе) мессенджер арқылы алушыға қосымша жіберіледі.

Алушы, 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде Операторға талап етілетін соманы төлейді, бұл ретте Оператормен келісім бойынша Алушының берешекті өтеуін Оператор бекіткен кестеге сәйкес, хабарлама орналастырылған және (немесе) жіберілген айдан бастап 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде жүзеге асыруға болады.

Алушы талап етілетін ақшалай қаражатты қайтарудан бас тартқан жағдайда, барлық келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7 - тарау. Даулар мен келіспеушіліктер

27. Тараптар, Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын тікелей келіссөздер мен хат алмасу процесінде барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін салуы тиіс.

28. Келіссөздер мен хат алмасу процесінде Тараптар шешпеген даулар мен келіспеушіліктер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Оператордың орналасқан жері бойынша соттың қарауына, екінші Тарап осы ниет туралы кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын тиісінше жазбаша хабардар етілгеннен кейін беріледі.

8 - тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

29. Егер Тараптар бір немесе екі тараптың қызметіне тікелей әсер ететін еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының нәтижесі болып табылса, Шарт талаптарының орындалмағаны үшін Тараптар жауапты болмайды.

30. Шарттың мақсаттары үшін "еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)" басталуы тараптардың бақылауынан тыс, күтпеген сипатқа ие және еңсерілмейтін күштің салдары болып табылатын, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар), мемлекеттік органдардың актілерін шектейтін немесе тыйым салатын оқиғаларды білдіреді, немесе шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен лауазымды тұлғалар. Мұндай жағдайларға нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің болмауы жатпайды.

31. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде осындай мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер екінші Тараптан өзге жазбаша Түсіндірмелер түспесе, Тарап шарт бойынша өз міндеттемелерін қаншалықты орынды болса, орындауды жалғастырады және еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың балама тәсілдерін іздестіреді. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау осындай жағдайларға ұшыраған Тарапты, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру мүмкіндігі үшін негіз ретінде, еңсерілмейтін күштің кез келген мән-жайына сілтеме жасау құқығынан айырады.

32. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі, осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа пропорционалды түрде шегеріледі.

33. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы, Тараптарды осындай жағдай басталғанға дейін туындаған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

9 - тарау. Құпиялылық

34. Ақпарат, алушының персоналына құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ұсынылуы тиіс.

35. Тараптар бір-біріне ұсынатын барлық қаржылық, коммерциялық және осы Шартқа байланысты өзге де ақпарат құпиялылық белгісінің болуына қарамастан құпия болып есептеледі.

36. Тараптар, ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу үшін барлық қажетті және ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Ақпаратты жария ету және (немесе) Тараптардың кез келгенінің, қалдықтарды жинауды растайтын ақпарат пен құжаттарды Оператор тексеру үшін тартқан ұйымға ұсынуы, құпиялылықты жария ету болып табылмайды.

37. Төмендегі жағдайлардан басқа, Тараптардың ешқайсысы, екінші Тараптың жазбаша келісімін алмай, шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе құпия болып саналатын және шарттың ережелерін іске асыруға байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес:

- 1) ақпарат сот процесінде пайдаланылған кезде;
- 2) шарт бойынша Тараптардың бірінің қызметтерін көрсететін үшінші тұлғаларға ақпарат берілген кезде, мұндай үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар айқындаған мерзімге ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда;
- 3) Тараптардың бірі қаржы қаражатын алатын банкке немесе өзге қаржы ұйымына ақпарат берілген кезде, мұндай банк немесе қаржы ұйымы осындай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда;
- 4) ақпарат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, алушының кез келген банктік шоттарына жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс шетел банктерінде ашылған кез келген ақпаратқа, оның ішінде банктік құпия болып табылатын кез келген ақпаратқа қол жеткізе алатын Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына берілген кезде;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, оның ішінде оператор өз міндеттемелерін орындаған кезде.

38. Ақпаратты жария етуге қатысты шектеулер Тараптардың кінәсінен кейіннен жария болған жалпыға қолжетімді ақпаратқа немесе ақпаратқа, сондай-ақ басқа Тараптан алғанға дейін немесе одан кейін өзге көздерден белгілі болған ақпаратқа жатпайды.

39. Осы баптың ережелерін бұзушылықтарды дәлелдеу міндеті осындай бұзушылық туралы мәлімдеген Тарапқа жүктеледі.

10 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

40. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және жәрдемдесу үшін төлемдер жасауға тыйым салуды көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, олардың мақсаты осы Шарттың орындалуына байланысты формальдылықтарды оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешуді қамтамасыз ету болып табылады. Тараптар өз қызметінде, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және оның негізінде әзірленген

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді басшылыққа алады.

41. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлерінің немесе өкілдерінің іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету үшін басқа Тараптың кез келген қызметкерлеріне, лауазымды адамдарына тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша немесе өзге де құндылықтарды төлемейтініне, төлеуді ұсынбайтынына және төлеуге рұқсат бермейтініне кепілдік беретін, оларға тәуелді барлық шараларды қабылдайды.

42. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері немесе өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/алу, коммерциялық пара беру ретінде сараланған әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

43. Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдауға міндеттенеді.

11 - тарау. Қорытынды ережелер

44. Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойып және осы Шартты жасасқаннан кейін, Алушы Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге өзінің келісімін растайды.

45. Шарт, Алушы қосылу туралы өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарт талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде-Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

46. Шартта көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

47. Шарт талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар үшін басым болып Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары танылады.

Тараптардың деректемелері

Оператор: Алушы:

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)

кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
6 қосымша
Нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдердің үлгілік шартына _____ ж. №__ қосылу туралы өтініші

Жеке кәсіпкер (Толық аты-жөні немесе атауы)_____ /заңды тұлға (ұйымдық-құқықтық нысаны және толық немесе қысқартылған атауы) _____ ЖСН/ БСН _____ (бұдан әрі – Өтініш беруші) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылған жарғы/сенімхат/дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы талон негізінде қолданыстағы Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдердің үлгілік шартына (бұдан әрі – Өтініш пен Шарт) қол қою арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылған шартқа қосылады және оны келесімен растайды:

1) шартта қамтылған, Шарттың және өзге де құжаттардың талаптарымен таныстым және келісемін;

2) оператормен жасалған шарттың орындалуына қатысты өз әрекеттерінің мағынасын, құқықтық және өзге де салдарын толық түсінеді;

3) Өтініш беруші оператордың ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған өтініш, Шарттың құптамасы болып табылады;

4) өтініш, оператор мен Өтініш беруші арасында шарт жасасу фактісін растайтын құжат болып табылады, өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;

5) егер оператордың ақпараттық жүйесінде осы өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылса, шарт алушының оқылмағанының / қабылданбағанының дәлелі ретінде оператордың лауазымды адамдарының қолы мен шартта мөрдiң жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;

6) төлемдерді алуға байланысты өзінің барлық іс-әрекеттерін (процестерін) көрсетуге және оператордың ақпараттық жүйесінде қағидалар, Түсіндірмелер мен шарттар нормаларының орындалуын растайтын барлық құжаттарды орналастыруға келісемін;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және оператордың ішкі актілеріне сәйкес операторға дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге келісемін;

8) оператор төмендегі көрсетілгендер бойынша түпкілікті ақпарат берді:

тараптардың өзара іс-қимыл шарттары;

шарт бойынша төлемдердің мөлшері мен тәртібі;

үшінші тұлғалармен қарым-қатынас;

шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;

шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда салдарлар мен жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы;

Оператордың ақпараттық жүйесінде өтініш берушінің өтінішке қол қойған күнінен кейінгі ең жақын жұмыс күні шарт жасасу күні болып есептеледі.

Электрондық цифрлық
қолтаңбамен қол қойылған
Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өндеуді, қайта
өндеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
7 қосымша

Нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды (толық

циклды) жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдердің

ҮЛГІЛІК ШАРТЫ

Астана қаласы

" _____ " 20__ жыл

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып табылатын, бұдан әрі – "Оператор" деп аталатын "Жасыл даму" акционерлік қоғамы _____, негізінде әрекет ететін _____, бір жағынан, және _____ екінші жағынан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды (толық циклды) жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жаратуды дайындауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Алушы) екінші жағынан,

бұдан әрі бірлесіп аталған тараптар, ал жоғарыда көрсетілгендей жеке немесе тараптар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 389-бабын және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 388-бабы 1 тармағының 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1250 қаулысымен (бұдан әрі – Қаулы) бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өзінің банктік шотына өндірушілерден және импорттаушылардан түскен ақшаның есебінен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне ақшалай төлемдерінің мөлшерлерімен;

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларымен (бұдан әрі – Қағида);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды (толық циклды) жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында өндіретін

және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесімен (тауарлар) (бұдан әрі – Тізбе);

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесімен (бұдан әрі – Әдістеме);

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесіндегі пайдаланушылардың жұмысына арналған Түсіндірмелер (бұдан әрі – Түсіндірмелер);

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төленетін төлемдердің үлгілік шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Пайдаланылатын терминдер:

1) мониторинг – Қағидалар мен Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде оператордың уәкілетті өкілдері және (немесе) бөгде адамдарды немесе ұйымдарды (уәкілетті мемлекеттік органдарды, БАҚ-тарды, салалық қауымдастықтарды, тәуелсіз аудиторларды) тарта отырып, алушыға шығу жолымен, қалдықтарды жинау үшін пайдаланылатын өндірістік объектілерге бару арқылы жүзеге асыратын іс-шаралар кешені;

2) Есеп – Қағидаларға 11-қосымшасының нысанына сәйкес бойынша, Алушы Оператордың ақпараттық жүйесінде қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) қалдықтарды кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп;

3) төлқұжат – Қағидалардың 2-қосымшасының нысанына сәйкес бойынша, Оператордың ақпараттық жүйесінде алушы толтыратын сауалнама;

4) қалдықтарды жинау және қайта өңдеу – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату (толық цикл);

5) өндірістік объектілер – қалдықтарды уақытша сақтау орындары (алаң, қойма, қойма, база), қалдықтарды жинау орындары (стационарлық қабылдау пункті, контейнерлер, фандоматтар) орналасқан өндірістік үй-жайлар;

6) төлемдер мөлшері – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген төлемдердің тиісті мөлшері.

Басқа терминдер мен ұғымдар Қағидаларда қолданылатын мағыналарда қолданылады.

2. Тиісті қаржы жылына арналған төлемдер сомасының лимиттері, Оператордың инвестициялық саясатында көзделеді және жыл сайын Оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

Оператордың тиісті қаржы жылына арналған төлемдері сомаларының лимиттері жұмсалған жағдайда, көрсетілген жылы қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асыратын алушыларға төлемдер жүргізілмейді, ал оператордың оларды төлеу жөніндегі міндеттемелері туындамайды.

2 - тарау. Шарттың мәні

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және Шартта көзделген талаптар мен тәртіп бойынша Оператор, алушыға тиесілі төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенеді, ал Алушы тізбеге сәйкес, төмендегілерді қоспағанда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) қалдықтарын жинауды және қайта өңдеуге беруді Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға міндеттенеді:

1) пайдаланудан шыққан көлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын;

2) кәдеге жарату төлемін есептеу үшін Әдістемемен коэффициенті белгіленбеген немесе "0" – ге (нөл) тең өнім (тауар) қалдықтары;

3) Кодекстің 386-бабы 2 тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындайтын өндірушілердің (импорттаушылардың);

4) "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) бекітілген , Кодекстің 367-бабының талаптарына және коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар жүзеге асыратын қалдықтарды.

4. Төлемдерді алу мақсатында қалдықтарды жинауды ұйымдастыру процесі Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылмайтын өнімнің (тауарлардың) қалдықтары бойынша қызметті жүзеге асыруға қарамастан, Оператор мұндай қалдықтарды басқару үшін, төлем жүргізбейді, ал алушыда оларды алуға құқықтар болмайды.

6. Алушы, тексеру мерзімі өткен таразы жабдығында өлшенетін (өлшенген) қалдықтардың массасын есепке алмайды. Алушы, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген қалдықтарды жинау жөніндегі талаптарды сақтамаған және (немесе) көрсетілген талаптарды бұза отырып, қалдықтарды жинауды жүзеге асырған жағдайда, мұндай есепті Оператормен растауға жатпайды.

7. Шарттың қолданылу мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 36 (отыз алты) ай.

3 - тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Оператор:

1) Алушыдан, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Шарттың нормаларын, Түсіндірмелердің мен Қағидалардың талаптарын тиісінше орындауды талап етуге;

2) төлемдерді алу үшін тиісті шарт жасалған күннен бастап алушыдан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық салу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуді жүзеге асыруды талап етуге, сондай-ақ растайтын құжаттарды сұратуға;

3) Алушыдан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарына сәйкес, өнімді, материалдарды одан әрі өндіруде (дайындауда) пайдалануға жарамды дайын өнімді, пайдалы компоненттерді, шикізатты және (немесе) өзге де материалдарды жинауды, қабылдауды, беруді, өлшеуді, тасымалдауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, одан әрі пайдалануға жарамсыз қалдықтарды жоюды және (немесе) өткізуді растайтын құжаттарды ресімдеуді, олардың мақсатына қарамастан талап етуге;

4) Алушыға төлемдерді тоқтата тұрып (немесе) тоқтатып, Алушыдан Қағидаларда және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша төлемдердің бұрын төленген сомаларын талап етуге;

5) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, Алушының кез келген құжаттарын қарауға, шығу, мониторинг нәтижелері бойынша Оператормен анықталған және негізделген ескертулерін жоюды талап етуге;

6) Алушыдан, Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкес анық, өзекті және нақты мәліметтерді және (немесе) тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуды талап етуге;

7) Алушының, Қағидалардың 88-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңінде жиналған қалдықтарды толық цикл бойынша жинау, сұрыптау, өңдеу және тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есептен, қалдықтардың массасын алып тастау және оны пысықтауға жіберуге;

8) Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде немесе Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұсынылған алушының мәліметтеріне және (немесе) құжаттарына өзгерістер енгізу туралы өтінімді қабылдамауға;

9) Алушыға, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген міндеттемелерді орындауға байланысты, оның ішінде кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты ұсынған адамдардан қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жөніндегі міндетті нұсқаулар беруге;

10) мониторинг барысында, сондай-ақ құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Операторда туындаған негізделген шағымдарды ұсыну, сондай-ақ Оператор көрсеткен мерзімдерде кемшіліктерді жоюды талап етуге;

11) Алушының өндірістік объектілеріне жібере отырып, қағидаларда және Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде мониторингті жүзеге асыруға;

12) жазбаша сұрау салулар негізінде Төлем алушыдан Шарттың талаптары, Түсіндірмелер мен Қағидалардың талаптарын орындауға қатысты жазбаша түсініктемелерді, түсіндірмелерді талап етуге;

13) Төлем алушының, Оператордың ақпараттық жүйесін Ережелерде, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен тиісінше пайдалануын талап етуге ;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген тәртіптерге сәйкес, Төлем алушының Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелу күшін жойа отырып, осы Шартты бұзуға;

15) қалдықтарды жинау және қайта өңдеу процесін тексеру және (немесе) мониторингілеу үшін, үшінші тұлғаларды немесе ұйымдарды тартуға, сондай-ақ олар үшін Қағидалардың, Түсіндірмелердің және Шарттың талаптарын орындау шеңберінде қалдықтарды жинауға тікелей және (немесе) жанама растайтын және (немесе) қатысы бар құжаттар мен процестерге қатысты талаптарды, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындауға;

16) Есептің орындалуын бақылау мақсатында, толық цикл бойынша төлем алушының өндірістік объектісіне шығуды жүзеге асыру;

17) Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде көзделген жағдайларда есепті растамау;

18) Шарттың орындалу барысы туралы ақпаратты және (немесе) құжаттаманы, құқық қорғау органдарына, бақылау және қадағалау органдарына, Жалғыз акционерге, сыртқы және ішкі аудиторларға беруге;

19) Төлем алушы тарапынан, алаяқтық, қосып жазылған мәлімет, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілері анықталған жағдайда, төлемдерді алу мақсатында қажетті шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына тиісті мәліметтер мен материалдарды беруге ;

20) Төлем алушы, дұрыс емес мәліметтер беру, алаяқтық, қосып жазылған мәлімет, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілерін жасау және өзге де заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынған төлемдердің сомаларын Операторға қайтаруды талап етуге;

21) Шарт мерзімінің қолданысы ішінде, Төлем алушының және (немесе) оның басшысының (ларының), қатысушының (акционердің) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуын, терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен айналысатынын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеруге;

22) Оператордың Инвестициялық саясатында көзделген төлемдерге лимитті толық пайдаланған жағдайда, төлемдерді тоқтата тұруға;

23) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін (міндеттемедегі тұлғаларды ауыстыру) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

9. Оператор:

1) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру кезінде, Алушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) Оператордың ақпараттық жүйесінің жұмыс уақытында тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, жүргізіліп жатқан техникалық жұмыстар туралы алдын ала хабарлауға;

3) Алушының, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынған өтінімдері мен құжаттарын Оператордың ақпараттық жүйесінде қарауды жүзеге асыруға;

4) Алушылардың дербес деректерін, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Оператордың қолданылатын ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен өңдеуге;

5) Оператордың ақпараттық жүйесінде, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген құжаттардың, келісімдердің тиісті нысандарын, сондай-ақ хабарламаларды уақтылы орналастыруға;

6) Алушы Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындаған және тиісінше ресімделген есепті уақтылы ұсынған жағдайда, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен ұсынылған жағдайда, Оператордың ақпараттық жүйесінде Алушының есебін растауға;

7) Оператор есепті қарағаннан және растағаннан кейін, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген мерзімдерде және Қаулымен бекітілген мөлшерде, Алушыға қалдықтарды жинау үшін төлемдер мөлшерін есептеп және ақшалай төлемдер жасауға;

8) Оператордың ақпараттық жүйесіне рұқсатсыз кіру әрекеттерін болдырмауға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

10. Алушы:

1) Оператордың, Қағидаларда және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындауын талап етуге;

2) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру үшін тең шарттарды қамтамасыз етуді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дербес деректерді тиісінше өңдеуді талап етуге;

4) Егер Оператор Есепті растаса, Оператордан, Оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген банктік шотына төлемдерді уақтылы және толық аударуды талап етуге;

5) Оператордың ақпараттық жүйесінің тиісті жұмыс істеуін талап етуге;

6) Оператордан, Оператордың ақпараттық жүйесінде ұсынылған құжаттарды Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауды талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

11. Алушы:

1) жүзеге асырылатын қызметті регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттармен бірге, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қағидаларға, Түсіндірмелерде және Шарт талаптарына сәйкес қалдықтарды тиісінше жинауды және қайта өңдеуді жүзеге асыруға;

2) Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелу, қажетті сенімді мәліметтерді уақтылы және толық көлемде енгізу, өтінімдер мен өзге де құжаттарды қарау және өңдеу мәртебесін қадағалауға;

3) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде, Қағидалардың 87-тармағында көзделген нормаларға сәйкес болуы;

4) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық салу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу, сондай-ақ Оператордың сұрау салуы бойынша растайтын құжаттарды Шарттың қолданылу мерзімі ішінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде (егер Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде өзгеше көзделмесе) ұсынуға;

5) бұдан әрі пайдалануға жарамсыз қалдықтарды, пайдалы компоненттерді, шикізатты және (немесе) өнімді, материалдарды немесе заттарды өндіруде (дайындауда), олардың мақсатына қарамастан одан әрі пайдалануға жарамды өзге де материалдарды қабылдау, беру, өлшеу, тасымалдау, қайта өңдеу, кәдеге жарату, жою, алынған өнімді растайтын құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында, Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы Бұйрықтың нормаларына және Қағидаларға сәйкес ресімдеуге;

6) Оператордың ақпараттық жүйесін және электрондық құжат айналымы жүйесін орнату (тіркеу) және пайдалану бойынша барлық шығындарды өз бетінше көтере отырып, Оператордың ақпараттық жүйесі және Оператордың электрондық құжат айналымы жүйесіне ұқсас немесе интеграцияланған электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Оператормен алдын ала тіркелу және өзара іс-қимыл жасауға;

7) сауалнамада және (немесе) паспортта көрсетілген деректер өзгерістер туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей өзгерген жағдайда Оператордың ақпараттық жүйесінде оператордың қарауы үшін сауалнамаға және (немесе) паспортқа тиісті өзгерістер енгізуге өтінім беруге;

8) Оператордың ақпараттық жүйесінде, өлшеу нәтижелерін көрсете отырып, тексерілген салмақ жабдығында қалдықтардың әрбір партиясын тиісінше өлшеуді қамтамасыз етуге;

9) нұсқауларға сәйкес Оператор ұсынған ақпараттық жүйені пайдалануға; Оператордың ақпараттық жүйесін пайдалану кезінде қаржылық құжаттарға қол қою құқығымен Алушының бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын растайтын құжаттарды қоса бере отырып пайдалануға;

10) қалдықтардың әрбір партиясын тасымалдау үшін тек қана Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелген автомобиль көлігін пайдалануға;

11) қалдықтарды тасымалдау кезінде тасымалдауды жүзеге асыруды растауды қамтамасыз ету (фотофиксация, интернетке және спутниктік навигация жүйесіне қосылу): Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген талаптарға сәйкес Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы тиеу және түсіру, өлшеу, бақылау нүктелерінен өтуге;

12) Оператордың ақпараттық жүйесінде Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген тәртіппен Есепті ресімдеуге;

13) Оператордың тапсырмасы бойынша Алушы, өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты ұсынған және Оператордың ақпараттық жүйесінде осындай қалдықтардың бар екендігі туралы хабарландыруды орналастырған тұлғаларда пайда болатын қалдықтарды одан әрі қайта өңдеу мақсатында осы қалдықтардың көлемін Есепке енгізе отырып жинауды жүзеге асыруға;

14) Оператор көрсеткен сұрау салу бойынша және мерзімдерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген өз міндеттемелерінің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

15) ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы, толықтығы, өзектілігі мен дұрыстығы үшін Оператор, үшінші тұлғалар және мемлекеттік органдар алдында дербес жауапты болуға;

16) Алушының, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген міндеттемелерді орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына байланысты туындаған жағдайда операторға келтірілген залалды өтеуге;

17) Қалдықтарды түзушілердің қалдықтары Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес келген кезде, Қалдықтарды түзушілерден өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды олардан қабылдаудан бас тартпауға;

18) мониторингтің өзге негіздері бойынша мониторинг және (немесе) тексеру үшін Оператордың уәкілетті адамдарын қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жөніндегі өзінің өндірістік объектілеріне жіберуге, сондай-ақ барлық сұратылған құжаттаманы беруге;

19) Оператордың ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы арқылы Қалдықтарды түзушілердің өтінімдерін қабылдауға;

20) мобильді қосымшада өтінім келіп түскен күннен бастап, күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның бір әкімшілік шекарасында орналасқан мобильді қосымшаны пайдаланушы-Қалдықтарды түзушіде пайда болған қалдықтарды одан әрі өңдеу мақсатында жинауды жүзеге асыруға;

21) Оператордың тапсырмасы бойынша, басым тәртіппен (өтінім 3 (үш) күнтізбелік күннен артық тұрып қалған жағдайда) ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның әкімшілік шекараларында орналасқан білім берушіде пайда болған қалдықтарды одан әрі өңдеу мақсатында жинауды жүзеге асыру;

22) Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген талаптар мен талаптарды бұза отырып, жиналған және қайта өңделген қалдықтардың массасы үшін Оператордан төлем талап етпеуге;

23) Шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

4 - тарау. Өзара есеп айырысу (төлем)тәртібі

12. Шарт бойынша барлық төлемдерді Оператор тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізеді.

13. Алушы Оператордан төлемдерді алу үшін есепті тоқсан өткеннен кейін 1 (бір) рет есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін Оператордың ақпараттық жүйесінде келесі қосымшамен Есеп қалыптастырады:

1) электрондық шот-фактуралар:

электрондық және электр жабдықтарының, шамдардың барлық түрлерін қоспағанда , қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған сатылған дайын өнімге;

өткізілген пайдалы компоненттер, шикізат және (немесе) өнімді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдалануға жарамды өзге де материалдар, олардың мақсатына, алынған өнімге қарамастан материалдар немесе заттарға;

қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға одан әрі даярлау төлем алушының технологиялық регламентінде көзделмеген, одан әрі пайдалану немесе өткізу үшін жарамсыз қалдықтарды жоюға;

2) Дайын өнімнің стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкестігін растайтын құжаттар (сынақ хаттамасы, сапа паспорты немесе Қазақстан Республикасы стандарттау жөніндегі заңнамасының талаптарында белгіленген ұқсас құжат);

3) электрондық және электр жабдықтарының, шамдардың барлық түрлерін қайта өңдеу нәтижесінде алынған ілеспе қалдықтарды және (немесе) пайдалы компоненттерді кәдеге жарату туралы акт.

Тиісті мамандандырылған ұйымдарды тарту кезінде мынадай құжаттарды қоса бере отырып:

Қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт;

Қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған лицензиялар;

4) қалдықтар, оның ішінде ілеспе, дайын өнім және пайдалы компоненттер бөлігіндегі материалдық ведомость.

14. Операторға қоса берілген құжаттармен Есепті, Алушы оған Оператордың ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

15. Шарттың 13 тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін Алушы Есепті қалыптастырған және оған қол қойған жағдайда, есепті кезеңдегі Есептерді Оператормен қарауға жатпайды.

16. Электрондық шот-фактураны, Алушы қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюдың болуына қарамастан, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жазып береді.

17. Есепті жасау кезінде Алушы, Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде белгіленген талаптарды сақтай отырып, нақты жиналған және қайта өңдеуге берілген қалдықтарды нақты көрсетуі тиіс. Төлемдерді Оператор өзінің инвестициялық саясатында Оператор белгілеген лимиттер сомасы шегінде жүзеге асырады.

18. Есеп айырысу, Оператор Шарттың ережелері мен талаптарына сәйкес төлемдерді Оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілген Алушының банктік шотына толық көлемде аударғаннан кейін жүргізілді деп есептеледі.

19. Оператор Алушыға Есепті растамауға, төлемдерді тоқтата тұруға, Шартты бұзуға байланысты қандай да бір ақшалай қаражатты және алушы шеккен кез келген шығыстарды өтемейді.

20. Алушының үшінші тұлғалардың банктік шоттарының төлемдерін алу үшін банктік шот ретінде пайдалануына тыйым салынады.

21. Ақша аударымдарына байланысты барлық банктік шығындарды ақша жіберуші төлейді.

5 - тарау. Тараптардың Жауапкершілігі

22. Алушы операторға және уәкілетті органдарға ұсынылатын мәліметтердің, құжаттардың, есептердің дәлдігіне, толықтығына, өзектілігі мен дұрыстығына жауапты.

23. Шарт бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерде және Шартқа сәйкес Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

6 - тарау. Шартты бұзу тәртібі

24. Оператор шартты бұзу жоспарланып отырған күнге дейін, кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын бұзудың негізін көрсете отырып, Алушыны Оператордың ақпараттық жүйесінде хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

25. Оператор Шартты біржақты тәртіппен келесі жағдайда бұзады:

1) егер түпнұсқа құжаттар немесе мәліметтер Шарт жасасудан және төлемдерді алудан бас тарту үшін негіз болып табылса, алушы операторға шартты жасасу кезінде оператордың ақпараттық жүйесінде көрінеу жалған құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынуы;

2) алушының Шарттың қолданылу мерзімі ішінде құжаттарды тексеру, мониторинг, шығу, уәкілетті мемлекеттік органдардан келіп түскен, қалдықтарды қайта өңдеу туралы мәліметтер шеңберінде белгіленген көрінеу анық емес мәліметтерді операторға ұсынуы;

3) егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарынан қалдықтарды жинау және қайта өңдеу фактісі анықталса;

4) егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қағидалардың 88 тармағында көзделген өлшемдерге сәйкессіздік белгіленетін болса;

5) Алушының, Қағидалардың 131-тармағын орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы;

6) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдердің үлгілік шартын немесе өндірушілердің (импорттаушылардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан

кейін пайда болатын қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға даярлау үшін төлемдердің үлгілік шартын жасасуға өтінім берілсе;

7) алушының осы Қағидалардың 175-177 тармақтарының шарттарын орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы;

26. Оператор Шарттың 25-тармағында көзделген негіздер бойынша, Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Оператор қағидалардың және (немесе) Түсіндірмелердің және (немесе) Шарттың нормалары бұзылған және (немесе) орындалмаған (сақталмаған) есепті кезеңдерде төленген ақшалай қаражатты талап етуге құқылы. Оператор болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын оператордың ақпараттық жүйесінде шартты бұзу және (немесе) ақша қаражатын талап ету туралы хабарлама орналастырады. Сондай-ақ шартты бұзу және (немесе) ақшалай қаражатты талап ету туралы хабарлама оператордың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта және (немесе) мессенджер арқылы алушыға қосымша жолданады.

Алушы, 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде Операторға талап етілетін соманы төлейді, бұл ретте Оператормен келісім бойынша Алушының берешекті өтеуін Оператор бекіткен кестеге сәйкес, хабарлама орналастырылған және (немесе) жіберілген айдан бастап 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде жүзеге асыруға болады.

Алушы талап етілетін ақшалай қаражатты қайтарудан бас тартқан жағдайда, барлық келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7 - тарау. Даулар мен келіспеушіліктер

27. Тараптар, Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын тікелей келіссөздер мен хат алмасу процесінде барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін салуы тиіс.

28. Келіссөздер мен хат алмасу процесінде Тараптар шешпеген даулар мен келіспеушіліктер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Оператордың орналасқан жері бойынша соттың қарауына, екінші Тарап осы ниет туралы кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын тиісінше жазбаша хабардар етілгеннен кейін беріледі.

8 - тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

29. Егер Тараптар бір немесе екі тараптың қызметіне тікелей әсер ететін еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының нәтижесі болып табылса, Шарт талаптарының орындалмағаны үшін Тараптар жауапты болмайды.

30. Шарттың мақсаттары үшін "еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)" басталуы тараптардың бақылауынан тыс, күтпеген сипатқа ие және еңсерілмейтін күштің салдары болып табылатын, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар), мемлекеттік органдардың актілерін шектейтін немесе тыйым салатын оқиғаларды білдіреді, немесе шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен лауазымды тұлғалар. Мұндай жағдайларға нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің болмауы жатпайды.

31. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде осындай мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер екінші Тараптан өзге жазбаша Түсіндірмелер түспесе, Тарап шарт бойынша өз міндеттемелерін қаншалықты орынды болса, орындауды жалғастырады және еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың балама тәсілдерін іздестіреді. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау осындай жағдайларға ұшыраған Тарапты, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру мүмкіндігі үшін негіз ретінде, еңсерілмейтін күштің кез келген мән-жайына сілтеме жасау құқығынан айырады.

32. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі, осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа пропорционалды түрде шегеріледі.

33. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы, Тараптарды осындай жағдай басталғанға дейін туындаған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

9 - тарау. Құпиялылық

34. Ақпарат, Алушының персоналына құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ұсынылуы тиіс.

35. Тараптар бір-біріне ұсынатын барлық қаржылық, коммерциялық және осы Шартқа байланысты өзге де ақпарат құпиялылық белгісінің болуына қарамастан құпия болып есептеледі.

36. Тараптар, ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу үшін барлық қажетті және ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Ақпаратты жария ету және (немесе) Тараптардың кез келгенінің, қалдықтарды жинауды растайтын ақпарат пен құжаттарды Оператор тексеру үшін тартқан ұйымға ұсынуы, құпиялылықты жария ету болып табылмайды.

37. Төмендегі жағдайлардан басқа, Тараптардың ешқайсысы, екінші Тараптың жазбаша келісімін алмай, шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе құпия болып саналатын және шарттың ережелерін іске асыруға байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес:

1) ақпарат сот процесінде пайдаланылған кезде;

2) шарт бойынша Тараптардың бірінің қызметтерін көрсететін үшінші тұлғаларға ақпарат берілген кезде, мұндай үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар айқындаған мерзімге ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда;

3) Тараптардың бірі қаржы қаражатын алатын банкке немесе өзге қаржы ұйымына ақпарат берілген кезде, мұндай банк немесе қаржы ұйымы осындай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда;

4) ақпарат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, алушының кез келген банктік шоттарына жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс шетел банкілерінде ашылған кез келген ақпаратқа, оның ішінде банктік құпия болып табылатын кез келген ақпаратқа қол жеткізе алатын Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына берілген кезде;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, оның ішінде оператор өз міндеттемелерін орындаған кезде.

38. Ақпаратты жария етуге қатысты шектеулер Тараптардың кінәсінен кейіннен жария болған жалпыға қолжетімді ақпаратқа немесе ақпаратқа, сондай-ақ басқа Тараптан алғанға дейін немесе одан кейін өзге көздерден белгілі болған ақпаратқа жатпайды.

39. Осы баптың ережелерін бұзушылықтарды дәлелдеу міндеті осындай бұзушылық туралы мәлімдеген Тарапқа жүктеледі.

10 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

40. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және жәрдемдесу үшін төлемдер жасауға тыйым салуды көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, олардың мақсаты осы Шарттың орындалуына байланысты формальдылықтарды оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешуді қамтамасыз ету болып табылады. Тараптар өз қызметінде, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және оның негізінде әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді басшылыққа алады.

41. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлерінің немесе өкілдерінің іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету үшін басқа Тараптың кез келген қызметкерлеріне, лауазымды адамдарына тікелей немесе

жанама түрде қандай да бір ақша немесе өзге де құндылықтарды төлемейтініне, төлеуді ұсынбайтынына және төлеуге рұқсат бермейтініне кепілдік беретін, оларға тәуелді барлық шараларды қабылдайды.

42. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері немесе өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/алу, коммерциялық пара беру ретінде сараланған әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

43. Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдауға міндеттенеді.

11 - тарау. Қорытынды ережелер

44. Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойып және осы Шартты жасасқаннан кейін, Алушы Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге өзінің келісімін растайды.

45. Шарт, Алушы қосылу туралы өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарт талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың 7 тармағында көрсетілген мерзім ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

46. Даулы жағдайлар туындаған жағдайда, Талаптарды тұжырымдаудың барлық дәлсіздіктері және (немесе) кемшіліктері, Шартта көзделгеннен гөрі ақпаратты неғұрлым толық ашу пайдасына біржақты түсіндірілуге тиіс.

47. Шартта көзделмеген барлық жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

48. Шарт талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар үшін басым болып Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары танылады.

Тараптардың деректемелері

Оператор: Алушы:

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық

қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
8 қосымша
нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды (толық циклды) жинау, сұрыптау, өңдеу, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдердің үлгілік шартына _____ ж. № _____ қосылу туралы өтініші

Жеке кәсіпкер (Толық аты-жөні немесе атауы) _____ /заңды тұлға (ұйымдық-құқықтық нысаны және толық немесе қысқартылған атауы) _____ ЖСН/ БСН _____ (бұдан әрі – Өтініш беруші) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес Жарғы/сенімхат/жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы талон негізінде әрекет ететін, өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды толық цикл бойынша қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау үшін төлемдердің Үлгілік шартына (бұдан әрі – өтініш пен Шарт) қол қою арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) Оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылған шартқа қосылады және оны келесімен растайды:

1) Шартта қамтылған, Шарттың және өзге де құжаттардың талаптарымен таныстым және келісемін;

2) Оператормен жасалған шарттың орындалуына қатысты өз әрекеттерінің мағынасын, құқықтық және өзге де салдарын толық түсінеді;

3) Өтініш беруші Оператордың ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған өтініш, Шарттың құптамасы болып табылады;

4) Өтініш, Оператор мен Өтініш беруші арасында шарт жасасу фактісін растайтын құжат болып табылады, өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;

5) егер оператордың ақпараттық жүйесінде осы өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылса, шарт алушының оқылмағанының / қабылданбағанының дәлелі ретінде оператордың лауазымды адамдарының қолы мен шартта мөрдін жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;

6) төлемдерді алуға байланысты өзінің барлық іс-әрекеттерін (процестерін) көрсетуге және Оператордың ақпараттық жүйесінде Қағидалардың, Түсіндірмелердің және Шарттың талаптарының орындалуын растайтын барлық құжаттарды орналастыруға келісемін;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Оператордың ішкі актілеріне сәйкес Операторға дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге келісемін;

8) Оператор төмендегі көрсетілгендер бойынша түпкілікті ақпарат берді:

тараптардың өзара іс-қимыл шарттары;

шарт бойынша төлемдердің мөлшері мен тәртібі;

үшінші тұлғалармен қарым-қатынас;

шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;

шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда салдарлар мен жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы.

Оператордың ақпараттық жүйесінде өтініш берушінің өтінішке қол қойған күнінен кейінгі ең жақын жұмыс күні шарт жасасу күні болып есептеледі.

Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
9 қосымша

Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп

Төлем алушының атауы _____

БСН (ЖСН) _____

Банктік реквизиттер _____

				Жиналған қалдықтар	Өткізілген қалдықтар		Төлемдер	
--	--	--	--	-----------------------	-------------------------	--	----------	--

Нөмірі	Қалдықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең	дың массасы, тонна	дың массасы, тонна	Қайта өңдеушінің атауы	мөлшері, теңге/тонна	Төлем сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Қалдықтардың түрі	тонна						
	Бір айдағы жиыны							

Келесіні:

1) Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу Қағидаларының 11-тармағындағы белгіленген нормаларға сәйкес болғанымды және сәйкес екендігімді;

2) Кодекстің талаптарына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) бекітілген Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асырмайтынымды растаймын.

Басшысы/уәкілетті тұлға _____

(қолы) (аты-жөнінің толық жазылуы, лауазымы)

Есепті қабылдады _____ " ____ " _____ 20__ ж.

(қолы) (аты-жөнінің толық жазылуы, лауазымы)

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы

ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларына
10 қосымша

Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп

Төлем алушының атауы _____

БСН (ЖСН) _____

Банктік реквизиттер _____

№	Қызмет атауы	Қалдықтардың / дайын өнімнің түрі	Есепті кезең	Қалдықтардың массасы, тонна	Төлемдер өлшемі, теңге/тонна	Төлем сомасы, теңге
	2	3	4	5	6	7
1	Қалдықтардың келуі					
2	Қалдықтарды есептен шығару					
3	Дайын өнім					
4	Сатылған дайын өнім					
	Бір айдағы жиыны					

№	Пайдалы компоненттер мен ілеспе қалдықтардың түрлері	Өлшем бірлігі	массасы тонна	Берілген және (немесе) өткізілген массасы, тонна	Компанияның атауы (Іске асырылды/ берілді)	Сомасы, теңге
	2	3	4	5	6	7
1	Пайдалы компоненттер					
2	Ілеспе қалдықтар					
	Бір айдағы жиыны					

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен

ақшаны оның банктік шотына жіберу Қағидаларының 55 тармағындағы белгіленген өлшемдерге сәйкес екенімді растаймын.

Ұйым басшысы _____

(қолы) (аты-жөнінің толық жазылуы, лауазымы)

Есепті қабылдады _____ " " _____ 20__

ж.

(қолы) (аты-жөнінің толық жазылуы, лауазымы)

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өндеуді, қайта
өндеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
11 қосымша

Нысан

Толық цикл бойынша қалдықтарды жинау, сұрыптау, өндеу және тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, қайта өндеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп

Төлем алушы атауы _____

БСН (ЖСН) _____

Банктік реквизиттер _____

№	Қызмет атауы	Қалдықтардың /дайын өнімнің түрі	Есепті кезең	Массасы, тонна	Төлемдер өлшемі, теңге/ тонна	Төлем сомасы, теңге
	2	3	4	5	6	7
1.	Қалдықтардың келуі				x	x
2.	Қалдықтардың есептен шығару				X	x

3.	Дайын өнім				x	x
4.	Сатылған дайын өнім					
	Бір айдағы жиыны					

№	Пайдалы компоненттер мен ілеспе қалдықтардың түрлері	Өлшем бірлігі	массасы, тонна	Берілген және (немесе) өткізілген массасы, тонна	Компанияның атауы Іске асырылды/ берілді	Сомасы, тенге
	2	3	4	5	6	7
1	пайдалы компоненттер	тонна				
2	ілеспе қалдықтар					
	Бір айдағы жиыны					

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу Қағидаларының 88 тармағындағы белгіленген өлшемдерге сәйкес екенімді растаймын;

сондай-ақ,

Кодекстің талаптарына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығымен бекітілген Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде полигондарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асырмайтынымды растаймын.

Ұйым басшысы _____

(қолы) (аты-жөнінің толық жазылуы, лауазымы)

Есепті қабылдады _____ " " _____ 20__

ж.

(қолы) (аты-жөнінің толық жазылуы, лауазымы)

Өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері
операторының өндірушілердің
(импорттаушылардың)

кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайтадан
пайдалануға дайындауды,
сұрыптауды, өңдеуді, қайта
өңдеуді, залалсыздандыруды
және (немесе) кәдеге жаратуды
төлемдер жасау арқылы
ұйымдастыруға өндірушілерден
және импорттаушылардан келіп
түскен ақшаны оның банктік
шотына жіберу қағидаларына
12 қосымша

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторының 1 ақпараттық жүйеде жұмыс істеуге арналған түсіндірмелер

1. 1 ақпараттық жүйені пайдалану дербес компьютердегі браузер арқылы (төлем алушылар мен түзушілер үшін – заңды тұлғалар/жеке кәсіпкер/пәтер иелері кооперативі/мүлік иелері бірлестігі үшін) (бұдан әрі – Заңды тұлғалар/ЖК/ПИК/МИБ) немесе мобильдік қосымша (тасымалдаушылар мен түзушілер - жеке тұлғалар үшін) жүзеге асырылады.

2. Қалдықтардың, дайын өнімнің, компоненттердің және ілеспе қалдықтардың массасын есепке алуға арналған өлшем бірлігі тонна болып табылады. Масса көрсеткіштерін дөңгелектеу үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін, ал теңгедегі сома көрсеткіштері үтірден кейін 2 (екі) белгіге дейін жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік субъектісінің/төлем алушының операциялар жасаған күні-бұл күнтізбелік күн.

Кәсіпкерлік субъектісінің/қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушының 1 ақпараттық жүйені пайдалану тәртібі

3. Кәсіпкерлік субъектісі 1 ақпараттық жүйеде тіркелу үшін іс-әрекеттерді мынадай тәртіппен жүзеге асыруы қажет:

1) дербес компьютердегі браузерде 1 ақпараттық жүйені ашып, "тіркелу жасау" батырмасын басу;

2) ұялы телефон нөмірін көрсетіңіз, пароль ойлап табыңыз және енгізіңіз. Құпия сөзде кемінде 8 (сегіз) таңба, сандар (0-9), латын әліпбиінің кіші және бас әріптері (А-Z) болуы керек. Бір ұялы телефон нөміріне тек бір есептік жазба жасауға болады;

3) көрсетілген ұялы телефон нөміріне келіп түскен SMS-кодты енгізу;

4) пайдаланушының тиісті рөлін таңдау.

4. 1 ақпараттық жүйеде оператормен Үлгілік шарт жасасуға өтінім беру үшін кәсіпкерлік субъектісі іс-қимылды мынадай тәртіппен жүзеге асыруы қажет:

1) заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді көрсету;

- 2) кәсіпкерлік субъектісінің толық немесе қысқартылған атауын, БСН/ЖСН көрсету ;
 - 3) уәкілетті өкілдің деректерін (аты-жөні, ЖСН, лауазымы) енгізуге және өкілдің өкілеттігін, оның ішінде қаржылық құжаттарға қол қою құқығын растайтын PDF, JPEG немесе PNG форматында сканерленген құжатты жүктеу;
 - 4) кәсіпкерлік субъектісінің орналасқан жерін немесе тіркелген мекенжайын толық пошталық мекенжай форматында көрсету;
 - 5) төлемдерді алу жоспарланып отырған бір банктік шоттың банктік деректемелерін көрсетуге міндетті;
 - 6) жиналатын қалдықтардың бір немесе бірнеше түрін таңдау;
 - 7) Қағидалардың 13-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес өтінімге қоса берілетін тізімнен өндірістік объектінің орналасқан жерін көрсету;
 - 8) Үлгілік шартта көзделген іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін картада бекітілген аумақты көрсету. Бекітілген аумақты кәсіпкерлік субъектісі оның негізгі базасының орналасқан жерін, жинау және уақытша сақтау орындарын негізге ала отырып, дербес айқындайды;
 - 9) таразы жабдығы туралы деректерді (таразы жабдығын тексеру туралы сертификаттың типін, маркасын, нөмірін және тексеру күнін, өлшеудің ең аз және ең үлкен шегін, тексеру туралы сертификаттың қолданылу кезеңін) көрсету және PDF, JPG, PNG (рұқсат етілген файл өлшемі 20 (жиырма) Мбайт) форматында, таразы жабдығының орналасқан жерін, оның ішінде картада (мекен-жайы мен координаттары) көрсете отырып, таразы жабдығын тексеру туралы сканерленген қолданыстағы сертификатты жүктеу;
 - 10) кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс кестесін (аптаның жұмыс күндері мен уақытын) көрсету;
 - 11) қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісінің паспортын толтыру. Соңғы 3, 2, 1 жылдағы деректерді толтыру қажет кәсіпкерлік субъектісінің паспортында көрсеткіштер жинақталмайды және әрбір өткен жылдың бөлінісінде жеке толтырылады;
 - 12) Қағидалардың 13-тармағына сәйкес сканерленген және (немесе) электрондық растайтын құжаттарды PDF, JPG, PNG форматында жүктеу. (рұқсат етілген файл өлшемі 20 (жиырма) МБ);
 - 13) енгізілген деректерді тексеруге және ЭЦҚ арқылы өтінімге қол қою керек.
5. Оператордың 1 ақпараттық жүйесінде өтінімді мақұлдаған кезде, Қағидалардың 24 - тармағында көзделген мерзімдерде қосылу туралы өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қою қажет.
6. Қалдықтарды жинау мен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қағидалардың 26-44 тармақтарына сәйкес 1 ақпараттық жүйеде жиналған және тасымалданған қалдықтар мен олардың массасы туралы деректерді көрсету керек.

7. Қағидалардың 45-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есепті қалыптастыру үшін:

1) есеп айын көрсетіп, "есепті қалыптастыру" батырмасын басу;

2) Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы мен қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы арасындағы электрондық шот-фактуралардан деректерді толтыруы (массасы, айналым жасалған күні және есепке алу жүйесінің нөмірі);

3) Қағидалардың 44 тармағында көзделген қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдерді алушы мен қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдерді алушы арасында электрондық шот-фактураларды жүктеу;

4) ЭЦҚ арқылы операторға жіберу үшін қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп беру құжатына қол қою қажет.

Кәсіпкерлік субъектісінің/алушының 1 ақпараттық жүйенің қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратқаны үшін төлемдерді пайдалану тәртібі

8. Кәсіпкерлік субъектісі 1 ақпараттық жүйеде тіркелу үшін іс-әрекеттерді мынадай тәртіппен жүзеге асыруы қажет:

1) дербес компьютердегі браузерде 1 ақпараттық жүйені ашып, "тіркелу жасау" батырмасын басу;

2) ұялы телефон нөмірін көрсету, пароль ойлап табу және енгізу. Құпия сөзде кемінде 8 (сегіз) таңба, сандар (0-9), латын әліпбиінің кіші және бас әріптері (A-Z) болуы керек. Бір ұялы телефон нөміріне тек бір есептік жазба жасауға болады;

3) көрсетілген ұялы телефон нөміріне келіп түскен SMS-кодты енгізу;

4) пайдаланушының тиісті рөлін таңдау.

9. 1-ақпараттық жүйеде оператормен Үлгілік шарт жасасуға өтінім беру үшін кәсіпкерлік субъектісі іс-қимылды мынадай тәртіппен жүзеге асыруы қажет:

1) заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді көрсету;

2) кәсіпкерлік субъектісінің толық немесе қысқартылған атауын, БСН/ЖСН көрсету

;

